

1 2017

6250<sub>к</sub>

Дәмелі ҚұСАЙЫНҚЫЗЫ

# ТҰЛҒАЛАР



**Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ**

**ТҰЛҒАЛАР**

**Ақсай қаласы, 2013 жыл**





**Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ**



## **Қымбатты оқырмандар!**

Мен шебер, ақындығыммен қоса журналистіктен де құралақан емеспін. Осыған байланысты журналистердің бір мүшесі ретінде осы кітапқа кіргізіп отырған, маған жылы лебіздерін жазып отырған адамдардың барлығы да ірі тұлғалар қатарындағы адамдар. Әмірімнің біраз жылдарында мені көздерінен таса қылмай менімен бірге өнерге жанашып ретінде аяқтарынан тік тұрып, бәріне куә болып жүрген тұлғалар. Осы тұлғалардың менің үрпақтарымның назарына ілігіп, келесі ғасырға менімен бірге барғанын, олардың да парасатын жазған лебіздерінен тануға болатындығын, ертеңгі күні олардың үрпақтарының да біле жүргенін қалап, осы кітабыма кіргізіп отырмын. Кітаптың бетін көбейту ойынан аулакпын. Әмір бойы, бертін келе менің көз алдында аяқтарынан тік тұрып, Отанға адал қызмет еткен қоғам қайраткерлерін халық та, үрпақтар да 75 жасар әженің кітабынан болса да біле жүргендегі дұрыс деп кітабыма кіргізгенде жөн деп ойлаймын. Әрқайсысы бір-бір (тіпті бірнеше) кітаптарға лайық адамдар деп білгендеріңіз жөн.

Қымбатты менің кітабыма жылы лебіздерін жазған ірі тұлғалар! Сіздерге шын жүрегімнен аналық алғысымды жолдаймын.

Бұл кітап 1998 жылы менің түсіме енген кітап. 1998 жылы осы кітабым қолымда, Елбасына қарай келе жатырмын. Әрине, түсімде. Содан бері осы кітабыма не, жазам, қалай толтырам деген ойлар мені қатты мазалайтын.

Менің жасыммен өзімнің адами шеңберіме қарай кітап осылай шықты. Кітабымды «Тұлғалар» деуім дұрыс шығар.

**Дәмелі Құсайынқызы.  
Зейнеткер. Ақсай қаласынан 03.02.2013 ж.**

## **Менің өмірбаяным**

Мен Дәмелі Құсайынқызы 1938 жылдың 8 сәуірінде дүниеге келгенмін.

Батыс Қазақстан облысы, бұрынғы Жымпіты, қазіргі Сырым Даңғыл ауданының адамымын. Отағасы Чапай Қажығалиұлы екеуміз үш ана - соғыстан оралмаған атамыздың анасы, жары, қарындасын бағып, қабақ шыттырмай әр қайсысы әр жылда о дүниелік болғанша бақтық. Осы аралықта өмірге он үл-қыз әкелдік. Ендігі кезек сол балаларды өсіріп-өндіріп, оқытып, түрлі салада жоғары білім әперіп, барлығында аяқтандырып, ата-аналық борышмызды мұлтіксіз орындардық. Көзір барлығы да әр салада Отанға қызмет етіп, өздері де өмірге үл-қыз әкеліп, өсіріп, оқытып, үйлендіріп, бала сүйіп, аяқтарынан тік тұрып кетті. Отағасы бұдан алты жыл бұрын о дүниелік болып кетті. Мен 17 немере, жиен, бір шебере сүйіп отырған бақытты әжемін. 32 жыл тәрбиеші-ұстаздық салада еңбек ете жүріп, қоғамдық жұмыстарға белсене арапастым. Аудандық газетке өлең жазып, ертеде «Қазақстан әйелдері», «Мәдениет және тұрмыс» журналдарын үзбей оқып және ара-тұра мақалалар жіберіп жүрдім. Ол кезде отбасының ауыр тауқыметі мойнымызды болғандығы салдарынан кітап жазу ойыма келген емес. 1988 жылы зейнеткерлікке шыққасын 2013 жылға дейін бес (5) киіз үй оюлап тігіп, үрпаққа мұра қалдыруға бар күшімді жұмсадым.

2009 жылы «Қазақстан әйелдері» журналына Москвада тұрған киіз үйімді іліктірдім. Ел Президентіне арнап тіккен үйімнің бейнетаспаға түсірген жұмыстарымды Президенттік мұражайға таспасын жіберіп, алынғаны туралы документ алдым. Қазір Ақсай қаласында тұрамын. 4 (төрт) киіз үйімді осы облысқа түгел насихаттадық. Ел болып оған көптеген әкімдер, журналистер, телевидение қызметкерлері ат салысты. 6 (алты) кітапты осы қалаға көшіп келгенсін жаздым.

Олар «Әке», «Мұра», «Өнер өрге өрлетеді» (Орынбор қаласынан). Соңғы үш кітабымды: “Өлең өлкесінде”, «Із», «Жан жарығы» - деген кітаптарымды қазіргі өзім отырған Ақсай қаласынан шығардым. Барлығының да демеушісі өзім. «Әке» деген кітабыма әкімшілік көмектесті. Киіз үйлерді мекемелер сатып алып, халыққа көрсетіп отырды. Аудандық марапаттардан, медальдардан құр қалғаным жоқ. Бірақ, менің тынымсыз еңбегімнің толық бағасын облыс, республика берді деп айта алмаймын.

Барлық киіз үйлерімді бейне таспаға түсіріп Астана, Алматы, Ақтау, Атырау, Орал, Ақсай, Сырым елінің, мұражайларына тапсырып отырдым. Ара-тұра мектептерге кездесулерге шақырылып отырмын. Жас келді.

Соңғы тіккен киіз үйінді марқұм Қадыр Мырза Әлігеге көзінің тірісінде тегін тарту еттім. Ол киіз үй ақшаға шаққанда кем дегенде 4 (төрт) мың доллар болады. Әйткені, киіз үйдің іші, сырты төсеніш кілемдері (2) екеу, 6 (алты) қонақ көрпелері түгел оюланған. Менің мақсатым Қадыр арқылы қол өнерін ұрпаққа жеткізу.

**Менің қысқаша мәліметім осындай.**

## ӘСЕМ ЖЫРЛАРЫ ТҮСІНІКТІ ДЕ ҰҒЫНЫҚТЫ ТІЛМЕН ЖАЗЫЛҒАН



Қазақ халқының қолөнер бұйымдарының тарихы тым тереңнен бастау алады. Ата-бабамыз күнкөріс тіршілігіне қажетті үй-жай салуды, киім-кешек тігуді, азық-тұлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі еткен. Осындағанда көп ғасырлық шежіресі бар қолөнер атадан балаға мұра болып, жалғасын тауып келеді. Қазақы салт-дәстүрдің қаймағы бұзыл-маған Орал өнірінде қолөнер шеберлері көп.

Сондай ісмерлердің бірі - Дәмелі Құсайынқызы саналы ғұмырын үрпақ тәрбиесіне арнаған зейнеткер ұстаз. Өрі «Батыр ана». Жолдасы Шапай Қажығалиев те үзақ жылдар бойы білім ордасында шәкірт тәрбиелеген. Көп балалы Дәмелі мен Шапай бұгінде үлдарын ұяға қондырып, қыздарын қияға ұшырып, немере-шөбере сүйіп отыр

Білім ордасында ұстаздық ете жүріп, өміріне қолөнерді серік еткен Дәмелі Құсайынқызының ісмерлігін ауыл-аймағы жақсы біледі. Оның қолынан шыққан дүниелері көздің жауын алады. Он саусағынан өнері төгілген Дәмелі әжесінен көрген-білгенін бұгінде заманауи үлгіде жасап, көптің алғысына бөленіп жүр. Өз қолынан шыққан киіз үйімен Мәскеудегі Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысып, ресейліктерді қазақтың қолөнерімен қайран қалдырған. Сонымен қатар Алматыда еткен Сырым Дауұлы бабамыздың туғанына 250 жылдық мерейтойында да киіз үйін тігіп, онда қонақтарды ұлттық өнердің құдіретімен тамсандырған. Қолы қалт еткенде өлең жазатын Дәмелінің өлеңдеріне ән жазатын сазгерлік өнері де бар. «Талантты адам, жан-жақты талантты болады» деген сөз бекер айтылmasa керек.

Әнді де нақышына келтіріп шебер орындастын Дәмелі біраз байқауларға да қатысып, жүлделі орындар иеленген. Ол «Ақ жаулықты әжелер» байқауының бірнеше дүркін жеңімпазы. Осыған дейін 6 кітап шығарған Дәмелінің аталмыш «Тұлғалар» жинағына әр жылдары қолөнер туралы жазған мақалалары мен өлеңдері еніп отыр. Оның алғашқы шығармалары «Әке» деген өлеңдер жинағында жарық көрген. Ақын өлеңдерінің негізгі арқауы - достық, адамгершілік асыл қасиеттер, инабаттылық, туған жер, табиғат көріністері т.б. Ақынның әсем жырлары кез келген оқырманына түсінікті де ұғынықты тілмен жазылған. Жүректен шыққан жыр жүрекке тез жетеді. Үлкен толғаныстан туған жырлары оқырманының жүрегін тебірентпей қоймайды. Асыл әженің мейірімге толы жан дүниесінен ақтарылған жыр шумақтары оқыған жанның бойына жылдылық пен мейірімділік дәнін себетіндей.

Бір бойына өнердің сан түрін сидырған ақын, сазгер, он саусағынан бал тамған шебер, он баланың анасы Дәмелі Құсайынқызы бұл жинағында қазақ халқының айшықты ою-өрнектері мен қолөнері хақында жан-жақты зерттеліп жазылған мақалаларын енгізген. Өлеңдері де соңғы жылдары жазылғандар. Кітап авторы қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі ою-өрнектің ерекшеліктері туралы, қазақтың төл өнерінің артықшылықтары жайында әсерлі сыр.

**Алтыншаш ЖАҒАНОВА,  
жазушы-драматург, қоғам қайраткері,  
«Қазақстан әйелдері» журналының президенті,  
бас редакторы.**

## ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРІМІЗДІҢ ЖОҚТАУШЫСЫ



Бүгінгі жаңандану заманында ұлттық салт-дәстүріміз бен халықтың төлтума қолөнерін сақтап қалудың орны айрықша. Бізді ұлт ретінде ерекшелеп халықаралық қауымдастықтың алдындағы абырой-беделімізді және салмағымызды арттыратын да әлбетте осындай халықтық рухани құндылықтар. Алтынға айырбасталмас мұндай ұлттық өнеріміздің жоқтаушылары мен оны XXI-ші ғасырға табыстаушылар қатары өкінішке орай күннен күнге сиреп барады. Солардың бірі бүгінде 75 жасқа жетіп отырған ардақты ана, он саусығынан өнері төгілген ісмер жан, сөз киесі мен құдіретін тереңнен түсіне білетін жазба поэзияның қабырғалы өкілі Дәмелі Құсайынқызы.

Елдік салт-дәстүрді, оның төлтума қолөнерін бүгінгі уақыттынысымен ұштастыру үшін шын мәнісінде қанатымен су сепкен қарлығаштай өз білгенін өзгелерге, соның ішінде бүгінгі буынға табыстап кетуге барын салып жүрген Дәмелі апамыздың еңбегі – шын мәнісінде жоғары бағаға лайықты. Ұлттық өнерімізді ұлықтай білмесек, әлемдік жұртшылық алдындағы бәсіміз де бәсеңсейтініне шек келтіруге болмайды.

Мәселенің дәл осы мәнісіне келгенде де Дәмелі Құсайынқызы секілді апа-анамыздың өнегесі көпке үлгі болып қала бермек.

Ол кісі осыншама жасқа келдім деп жер таянып, жар таянып қалып отырған жоқ.

Еліне берері әлі де мол өнерлі анамыз қалыптастырыған ісмерлік мектептің тағылымы терең болатынына шек келтіргіміз келмейді.

Сөз соңында Дәмелі Құсайынқызындай халықтық өнеріміздің жоқтаушысы бар кезде, оның өрісі де соғұрлым арнасын кеңге тарта түседі, жаңанданудың арандай аузына жем болып кете бармайды деген ойдамыз. Сіз елге керек адамсыз, апа! Ғұмыр жасыңыз ұзақ болсын!

Темір ҚҰСАЙЫН,  
Журналист, «Құрмет» орденінің иегері.

## ШЕБЕРДІҢ ҚОЛЫ ОРТАҚ



«Шебердің қолы ортақ» дейді халқымыз. Дәмелі Құсайынқызын Ақжайық өнірінің халқы жақсы біледі, құрметтейді

*Көп көргеннен жан шығады зерделі,*

*Ей адамдар, араласайық, кел бері.*

*Тіршіліктен менің түйіп, білгенім,*

*Адамды адам ететүғын еңбегі,*

- деген өлеңді де жазған Дәмелі апамыз. Өлең өлкесінде өзіндік қолтаңбасын қалдырып, жан сарайына тек

өнердің асылдарын жинай білген апамыз қазақтың қазыналы қариясы. Осыған дейін жарық көрген «Әке», «Мұра», «Із», «Өнер өрге өрлетеді», «Өлең өлкесінде», «Жан жарығы» кітаптарындағы ел мен жерге, Отанға, туған-туыстарға, досжарандарға арнаған өлеңдерінен сағыныш пен сыйластықтың лебі сезіледі.

Бабаларымыздан қалған асыл мол мұранының бірі - қолөнеріміз. Халықтық сәндік қолданбалы өнер әлемдік көркем мәдениеттің негізі. Даналық пен әсемдіктің таусылмас қайнар көзі. Көне дәстүрлерді көздің қараашығындай сақтап және байыта отырып, халықтық көркем қолөнер кәсібі қазіргі мәдениеттің айқын құбылысы болып, үй тұрмысының маңызды және бөлінбес құрамына айналды.

Ісмерлердің қолынан жасалған дүниелерді бүгінгі буын тек музейлерден, сахналардан көріп қана қоймай, Наурыз мейрамдарында, тіптен отбасылық той-томалақтарда өз қаделеріне жаратып жүр. Осындай құнды дүниелерді қолымен жасап, оны болашаққа қалдыру үшін тер төгіп жүрген Дәмелі апамыздың жанкешті тірлігіне қайран қаласың.

Ол тіккен киіз үйдің мәнді үйлесімі, түстердің жоғары талғамы, өрнектердің әсемдігі, композициялық шешімі, көздің мұлтіксіздігін, қолдың дәлдігін және қиял ұшқырлығын ұштастырып, шебердің өзіне тән тәсілдермен орындастының өнертанушылар асқан ризашылықпен айтады. Ұлт пен үрпақтың мұддесі үшін еңбек етіп, ерен ерліктің үлгісін көрсетіп жүрген аяулы ана, ақ жаулықты апа, келісті келін, ақылгөй әже атанған Дәмелі Құсайынқызы. Ғұмыр жасы ұзақ болып, туған халқына берері көп болғай. Тәнірі тарту еткен жарып шығар алғырлығы қазақтың қаракөз бар баласына жұғысты болғай!

Асыланбек ҒУБАШЕВ,  
«Қазақстан» РТРК АҚ Батыс Қазақстан  
облыстық филиалының директоры.

## БАР БОЛЫҢЫЗ БАТЫР АНА!



Дәмелі апай баяғының соңынан шәкірттерін ерте жүріп, ел аралап өнер жарыстыратын, өнерімен өрге жүзген, ақылымен елді ұйытқан өнерпаздары сынды.

Шындығында шаршамай шалдықпай, өмірден түйгендері мен тірнектеп жиғандарын өзі шығарған өлеңдеріне арқау етіп кітаптар шығаруы, тынбай ел аралап жайсандармен жолығып, таланттарды тауып, көкірегі ояу үрпаққа таратып жүруі жан жағына ізгілік нұрын шашып жүрген кейуана тәрізді.

Өмірде жар сүйіп, ұрпақ өсіріп «Батыр Ана» атанған осынау ақын жанды нәзік тұлғаның қажымас қайраты мен тынымсыз еңбегіне қайран қаласың!

### **Қадірлі Дәмелі апай!**

Өзіңіз сияқты әйел адамның бір басында жаратушы сыйлаған сонша қабілет-қарымға, татаусыз талант пен талапқа таңдай қаққан, тәнті болған жайымыз бар. Өте қарапайым адами қалпыңызбен үлкенмен де, кішімен де тез танысып, әңгіменіздің жараса қалуы, ешкімді жатсынбай риясыз көнілмен өз шығармашылығыңызбен, өз мақсаттарыңызбен таныстыра алуыңыз Сізді өзгелерден ерекшелеп тұр.

Сіздің елгезектігіңіз бер көпшіл көніліңіз бізді де еріксіз баурап алды. “Қалауын тапса - қар жанады” дегендей кешегі көшпелі өмір салтынан жұқана да қалмаған, ата-дәстүрден алшақтаған мына заманда қолына қаламы мен оймағын қатар алып іске кіріскең аяулы андан айналып кетпейсің бе!

“Өнерге әркімнің-ақ бар таласы” десек те, ұлттық болмысымыздың бастауындағы қара шаңырағымыз киіз үйді ұмыттырмай, жаңаша жасақтап, ою-өрнекпен безендіріп, бүгінгі ұрпақ игілігіне ұсына білген берден-бір шебер де өзіңізсіз Дәмелі апай!

Қымбатты Дәмелі апай! Сіздің үлкен жүргегіңізге сыйып тұрған ақындық пен ақылдылық, бауырмалдық пен батылдық, ісмерлік пен ізденгіштік, шеберлік пен шабыт, ерендік пен еңбекқорлық қасиеттеріңіз Сіздің қандай құрметке де лайық адам екендігіңізді көрсетеді.

Бар болыңыз Батыр Ана! Мың тағзым сізге, Ақын Ана!

Шебер Апа! Ия, Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қызметкерлері сізді Шебер апа атап кетті.

Сіздің мұражай қорына тапсырған кітаптарыңыз бер кассеталарыңыз толықтай сипатталып, қорға қабылданды. Олардың қабылданғандығы туралы құжаттар өзіңізге жолданды. Сізге шексіз алғысымызды айтамыз!

**Тамара Қалмырзақызы ЖҰМАЛИЕВА,  
Маңғыстау облыстық тарихи- өлкетану  
мұражайының директоры.**

## АРУ АНА

Дәмелі аpanы мен сонау 70-ші жылдардың басынан білемін. Сырым ауданының Аралтөбе ауылында тұрған кезден. Менің анам екеуі жұмыстас болды, сол кезде анам тамсанып тұрып айтатын. «Неткен сегіз қырлы жан, оқсатымды, жан-жақты. Апымай, бір ерекше адам дейтін». Сол кезде Дәмелі апа үкіметтің жұмысы, үй тауқыметі, балалары кішкентай болса да бүгінгі өнерін сол жылдардан алғып келеді.



Бері келе апамызбен өнер мен мәдениеттің қара шаңырағында істеп жүрген жылдары жақынырақ араластық. Бұл кезде апам белді өнер қайраткеріне айналыпты, 3-4 кітапті шығарып үлгерген. Бұрын Аралтөбеде қазақтың киіз үйін матадан жасаса, қазір заманың талабына сай әдемі жібектен адамның көзін алатын сұлулықпен істелген киіз үй бұйымдары бүкіл Батыс өніріне танымал болды. Шапай ағамызбен жарты ғасыр отасып, он баласын өсіріп, қатарға қосқан, бақытқа бөленген ару ана өмірінің әр сәтін өлеңдерімен халыққа пашетті.

Дәмелі апаның өнеріне, өлеңдеріне қарасам жүргегіндегі елге деген, туған жеріне, ұлтына деген шексіз махаббатын көрем. Үлкен патриоттық сезімі, атадан қалған мұраны балаға, болашаққа жеткізу деп түсінем. Бүгінгі күні апам үлкен жетістікке жетіп отыр. Өнерге арналған 6 кітабы жарық көрді, еліміздің егемендігінің мерейлі мерекесіне арнап 4-5 киіз үйлерді де жасақтады, Елбасына арнаған үйі де бар. Осының бәрі қандай еңбек!

Ол екінің бірінің қолынан келмейтін іс. Осы қыын іс-әрекеттерінің бәрін апамыз материалдық жағдайын жақсартайын деп іstemейді, Аллаға шүкір ондай мұқтаждық жоқ.

Ол кісінің көздеген Алланың берген өнерін көкіректе жасырып қалмай, халыққа сыйлау, мұра етіп қалдыру.

Ісің әр қашанда онды болсын, қаламың мұқалмасын, халқым деп, өнер деп соққан жүргегіңіз өміршең болсын.  
Ару-ана, батыр-ана!

**Гүлсім КАДЕШЕВА,  
мәдениет қайраткері.**

## **НЕРАВНОДУШНЫЙ ЧЕЛОВЕК**



Дамели Кусайнкызы я знаю очень давно, с 2003 года, когда мы проводили презентацию ее вновь вышедшей книги «Эке». Все ее книги имеются в нашей библиотеке. Учителя казахского языка, особенно К.К. Нугманова, проводят уроки по творчеству Дамили Кусайнкызы, она тоже частый гость этих уроков. Камажай Камаровна организует встречи с этим прекрасным человеком, оптимистом, для учащихся казахских классов в разных параллелях, ребята с удовольствием учат стихи Дамели Кусайнкызы и рассказывают их на общешкольных мероприятиях.

Дамели Кусайнкызы неравнодушный человек, она старается своим поэтическим словом не только донести до нас мысли, но и своими красивыми, светлыми, по-хорошему простыми стихами пробудить в нас гордость за страну, за все, что происходит в районе, городе, области, республике.

Дамели Кусайнкызы - прекрасная мать, которая родила и воспитала 10 детей, бабушка, которая имеет 14 внуков, поэтесса, которая живет вместе с нами и своими поэтическими строками затрагивает все актуальные вопросы нашего времени. Она всегда в курсе всех политических событий в стране.

Ее стихи, как отражение нашей действительности, всегда связаны с реальными событиями нашей жизни. Это и Олимпиада, Послания Президента, праздники и юбилеи города.

Мы знаем ее и как прекрасную рукодельницу, которая ни минуты не может обходиться без дела. Ее творчество продолжается в создании прекрасного орнамента, в вышивании новых узоров. Много лет она дарит нам давно забытые узоры, выполненные на ткани. Свое рукоделие она щедро дарит всем. Ее прекрасные изделия имеются в музеях школ, в районном музее.

От души хочется пожелать этой удивительной женщине творчества и вдохновения, чтобы все ее задумки воплощались в жизнь новыми книгами и узорами, здоровья и благополучия.

**Н.А. ШИГАНАКОВА,  
директор ГУ «ОСШ №3 г. Аксая»,  
Отличник образования РК,  
депутат районного маслихата.**



## **СТРУНЫ ДУШИ**

Дамели Кусайнкызы - местная поэтесса, мастерица, рукодельница. Я познакомилась с ней, работая на телестудии «Караганак». Она часто приходила к нам в студию, приносила свои стихи, а также казахские национальные изделия – мастерство ее рук. Наши

корреспонденты готовили о ней, ее творчестве телепередачи. Наш район многонациональный и мне хотелось, чтобы об этой замечательной женщине знали все в районе.

Так вышла в эфир передача о Дамели Кусайнкызы на русском языке. Свой трудовой путь Дамели Кусайнкызы начала учителем технологии в Срымском районе.

Достигнув пенсионного возраста, с мужем Чапай-агаем, Заслуженным работником народного образования Республики Казахстан, и десятью детьми она переехала в г. Аксай.

До сих пор процветает ее творчество. Ее стихи о Родине, о людях, природе вдохновляют, тема их разнообразна. Ее национальное рукоделие всегда на мероприятиях в районе занимало призовые места.

Когда встречаюсь с этой удивительной женщиной, хочется ее обнять. В ней столько тепла, света, доброты. Это человек с божьим даром. Я восхищаюсь ее талантом, женственностью, человечностью, добротой.

Дамели Кусайнкызы - яркая страница в творческой летописи Бурлинского района.

В ОСШ №3 г. Аксая проводилась с ней встреча. В историко-краеведческом музее школы оформлен уголок о ее творчестве.

Л.И. НЕМИРОВСКАЯ,  
руководитель школьного музея ОСШ №3.

## ЖАНҒА ЖАТТЫҒЫ ЖОҚ



Бұл күндері Ақсай қаласында тұратын сегіз қырлы, бір сырлы әжеміз Дәмелі Құсайынқызының есімі республика көлеміне белгілі десек артық айтқандық емес. Ол жүзі мейірімге толы, өні жылы, сөзі мен ісінде айырма жоқ, адам баласын жатырқамайтын, қандай жанға да жаттығы жоқ ел таныған дарынды жан.

Әжеміз бір басына бірнеше өнерді жинаған өнерлі адам екені белгілі.

Мемлекеттің басты байлығы - адам, мемлекеттің болашағы - саналы тәрбие, сапалы білім алған үрпақ екені де белгілі. Осы өнерлі әжеміздің үрпақ тәрбиесіне қосып жүрген үлесі өлшеусіз.

Олай айтуымызға біздің мектебімізде өткен әжемен кездесу кеші себепші болып отыр. Кездесу кешінің қонақтары Дәмелі Құсайынқызы мен айтыскер ақын Мәлс Қосымбаев болды. Негізінен Дәмелі әжеге арналған бұл кеште оқушыларға ол кісінің өмірбаяны және шығармашылығы таныстырылды. Әженің өлеңдері оқылды. Оның ата-бабаларымыз сан ғасыр бойы қалыптастырған қолөнер туындыларын үштап, кешегіні бүгінге жалғап жүрген еңбектері жете түсіндірілді. Әжеміз өзінің өнегелі ойлағынан, үлгі боларлық өмір жолынан сыр шертті. Осы мектептің үшінші сыныбында оқитын әженің жолын қыуп, өлең жазумен айналысып жүрген немересі Қажығалиева Камилаға Мәлс Қосымбаев «Қаламың үшталсын» деген тілек айтып, өз қаламын сыйға тартты. Кездесу соңында Дәмелі Құсайынқызы мектеп кітапханасына бірнеше кітабын тарту етті.

Кездесу мектебіміздің оқушылары мен ұстаздарына өнегелі, әсерлі кеш болды. Мектеп кітапханасына сыйға тартылған кітаптары да таптырмас құрал болып пайдамызға жарап жатыр. «Өнер өрге өрлетеді» атты кітабынан «Зерде»ғылыми жобасына қатысуши шәкіртім Саяси Ақботаның «Тоқыма өнері» атты жұмысына қажетті көптеген мәліметтерді таптық.

Ұлттық тәрбие болмысымында аналар қызын көрегендікке, әдептілікке, өнерге баулыған. Осындай аналарымыздың жалғасы батыр ана, ұлағатты ұстаз, ақын, қол өнерінің шебері әжемізге үзак ғұмыр тілейміз. Баспаға беріліп отырған жетінші кітабыңыз құтты болсын дейміз. Кітабыңыз үніңізді ұрпақтан-ұрпаққа жетер асыл қазына болуына тілектеспіз.

**Ләzzат Хасановна НАЗАРОВА,  
Манғыстау облысы,  
Тұпқараған ауданы, Ақшұқыр ауылы  
М.Әбдіхалықов атындағы орта  
мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.**



## АҚ ЖҮРЕКТІ АҚЫН, ІСМЕР, БАТЫР АНА

Батыс Қазақстан облысының Сырым ауданы, (бұрынғы Жымпіты) Жосалы ауылынан шыққан Ақын, сазгер, ісмер, он бала тәрбиелеп өсірген батыр ана Дамелі Құсайынқызын бұл күнде біраз адам біледі деуге болады. Бірнеше өнер бір адамның бойынан табылып жатса мұны музыка зерттеуші ғалымдар өнердегі «синкреттілік» деп атайды. Міне, осындай өнер қонған сегіз қырлы, бір сырлы ұстаз, он саусағынан өнері тамған шебер, бірнеше кітаптары жарық көрген ақ жүректі ақын ана. Жүзінен мейіріммен имандылық төгілген Дәмелі апамыздың тағы бір ерекше қасиеті, қоғамда болып жатқан барлық жаңалықтарға жанын салып араласып, өлеңмен өріп, өз үлесін қосып отырады.

Бірнеше аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық байқаулар мен көрмелерге киіз үй тігіп, жүлделі орындарға ие болған. Махамбет Өтемісұлының 250 жылдық мерейтойына орай «Дала қызықтарына», сахналық қойылымға Махамбет батыр мен оның сарбаздарына арнап батырлардың киімін тіккен шеберлігіне тәнті боласың.

Елдің тыныштығын, бейбітшілік өмірді тілейтін «Бейбітшілік ұраны» деп аталатын патриоттық өлеңінің сөзін де, әнін де өзі жазған екен:

Өмір қалай өтіп жатыр байқамадым,  
Бақытты елдің бесігінде шайқаламын.  
Менің елім қазақ елі екендігін  
Бар әлемге мақтанышпен айта аламын.

Жаршысымын бейбітшілік ұранының,  
Көмейімнен жыр тасқыны түр ағылыш.  
Біздің елдің тілейтіні - бейбітшілік,  
Ұрпағына үйретері - қырағылық .

**Жаршысымын бейбітшілік хабарының,  
Паш ететін бақытты елдің жаңалығын.  
Құшағы кең, егеменді ел атанған  
Қазақстан деген елдің адамымын.**

Міне, осы әнді 2011 жылы «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ шығармашылық бірлестігінің үйымдастыруымен Түркістан қаласында өткен, дүниежүзілік балалар фестивалінде атыраулық жас өнерпаз Тұрғанов Аятолла орындалап, I-ші жүлдеге ие болған еді. Ал, осы әннің авторына «Бейбітшілік әлемі» алтын медалі мен дипломын жоғарыда аталған бірлестіктің президенті Ә.Ф.Д профессор Абен Алдабергенұлы Нұрманов табыстаған болатын. Кейін осы бірлестіктің кітапхана қорына Дәмелі Құсайынқызы өзінің «Әке», «Мұра», «Өнер өрге өрлетеді», «Өлең өлкесінде», 2010 жыл, «Із», «Жан жарығы» атты кітаптарын тапсырып, халықаралық кітап көрмелеріне қатысып, Халықаралық жазушылар одағының төс белгісімен және куәлігімен марапатталды. Өзінің тіккен киіз үйлері және қолөнер бұйымдарымен таныстыратын деректі фильмдерінің бейнетаспасын да, өз қолынан шыққан қолөнер туындыларында осы қорға табыстап, халықаралық қолөнер шебері атағымен марапатталды.

Ақсай қаласының 40 жыл толуына орай өткен мерекелік концертке және Мұхит бабамыздың шебересі Әсия Мұхитованың «Сағыныш» атты шығармашылық кешіне қатысып, Мұхит атамыздың әндерін орындаған болатынын. Дәмелі апайды осы концертте алғаш көрген едім. Сахнаға шығып қошемет көрсетіп, ақ тілегін арнаған апайға риза болдым.

2009 жылы Қазақстан Республикасының халық артисі Ғарифолла Құрманғалиевтың 100 жыл толуына арналған «Әнші дауысы» атты жеке концерттік сапарыммен Ақсай қаласына келгенде Дәмелі апайды іздеген едім. Концерттен соң, ерекше ықыласын білдіріп, Ғарекендей тіріліп келгендей әсерде болдым және өзің де ән салған кезінде әнге айналып кеткендей екенсің.

«Ән болып кеткен Ажар қыз» деген өлең шығардым деп шабыттана оқып берді. Кейін «Із» атты кітабында жарияланды. Ал, атыраулық сазгер ҚР Мәдениет қайраткері Елемес Мағазов ән шығарып, «Ән болып келген дара қыз» деп Қазақстан телеарнасында өткен «Сегіз қырлы» ән сайысы бағдарламасында дәстүрлі әнші Ақкенже Шаужанова орындалап, қазылар алқасының жоғары бағасына ие болып, үздік әндер қатарына қосылған еді. (Біз естімеген бір ән бірінші орындалды).

Фарекең бүгін тіріліп келіп ән салды-ай,  
Ризалықпен, көрермен халқым қарсы алды-ай  
Домбырасымен шырқады беу, сал Мұхит,  
Әншінің сол сәт дауысын естіп тамсандық.

Қайырмасы:

Ән болып келген дара қыз,  
Ән-жырсыз өмір ажарсыз.  
Шырқай бер жаным, шарықта,  
Ғасырға самғап баарсың.

Отырдым тыңдалап, қалқаның салған дауысын,  
Шырқады Мұхит, Ғарифолламен ауысып.  
Әншінің дауысы сезімді қозғап толқыдым,  
Сал-сері болған бабаларыммен қауышып.

Өзінің еңбек жолын да бала тәрбиесіне арнаған Дәмелі апай жұбайы Шапай Қажығалиұлымен бірге мектепте ұзак жылдар бірге еңбек етіп, жарасты өмір кешіп, бұл күнде құрметті демалыста немере-шеберлерінің қызығына бөленіп отырған ардақты әже. Шапай ағай өмірден өтсе де, шаңы-рағында жапырақ жайған ұрпақтарын өсіріп, тыным таппай өлеңдерін жинақтап, кітаптарын шығарып халықтың игілігіне асырып жүрген еңбекқор ана. Дәмелі Құсайын-қызының 2011 жылы шыққан «Жан жарығы» атты кітабына сезінде, әнінде өзі шығарған біrnеше әндері нотаға түсіріліп жарияланды.

«Тұған жер», «Тағдырым», «Бейбітшілік ұраны», «Болмасын соғыс», «Он қазық», «Сағыныш саздары», «Елбасына» т.б әндері қазақ радиосы мен жергілікті «Ақсай» радиосынан берілді. Менің репертуарымда осы аталған әндер де бар.

Дәмелі апай өзінің әндерін орындалап та береді. Шығармашылық жаңалықтарымен бөлісіп, пікір алмасып тұрғанға не жетсін!

Фарекеңнің 100 жыл толуына орай өткен концерттен соң, ақын Төлеген Айбергеновтың «Өуен мен ырғақ» толғауына ән туды. Алғашқы тыңдаушым да Дәмелі апай болды. 2012 жылы Алматы қаласында Төлеген Айбергеновтың 75 жылдық мерейтойына орай респубикалық композиторлар байқауында II-ші жүлде алып лауреат атандым.

Дәмелі апай біздің жетістігімізге де бірге қуанып, ақ батасын жаудырып отырады.

Көніліңіз ортаймай, жаныңыз қартаймай, әлі де алар асуларыңызды бағындырып, шалқар шабытпен, толағай табысқа кенеліп, денсаулығыңыз мықты болып, аман-есен немере-шөберелеріңіздің кызығын көруді Алла сізге нәсіп етсін!

**Ажар Жұсіпбекқызы СЕЙТЕНОВА,  
Қазақстан Республикасы Журналистер  
Одағының мүшесі,  
Респубикалық байқаулардың лауреаты,  
дәстүрлі әнші.**



## ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ҰСТАЗ ТУРАЛЫ ОЙ

Өмірінің тең жартысын ұстаздықпен өткізген, Дәмелі Құсайынқызы үнемі бір арман биігіне талпынып, адам тағдыры төңірегінде ойға беріліп, тебірене толғанатын, жаны нәзік, мейірімі мол адам. Кәрілік шағына келсе де, атан жүгін арқалап, қияға көтерілуді армандайды. Француз жазушысы Винтор Гюо: «Өзіне арналар ескерткіштің тұғырын, өз қолынан тұрғызып» дегендей, сол тұғыр тұсындағы өмір биігіне көтерілуді өзіне мақсат етіп, әрқашанда шарықтау: «Думанды өмірден сыйбағанды алып қалу керек, келешек ұрпаққа ізінді қалдыр, адамдардың атына кір келтірмей, жер беті деген сарайға ескерткіш кірпішінді қала»- деумен келеді. Дәкеңнің кішкене кеудесі үлкен арманға толы, қазіргі ұрпақтарға емес, келер ұрпақ алдында да, жауапты еkenін сезінеді. Ұрпаққа елеулі мұра қалдыруды, өмір сүрген аз ғұмырды, өкінбей өткізуді, замандас жолдастарына мәнді өмір сүріп, байсалды болуды, мақсат етуді уағыздайды. Ол өзгені сыйлай да, өзін де сыйлаттыра білетін жаны нәзік, ақпейіл жан. Дәмелінің бойында тума ақындығы және ата-бабамыздан қалған қол өнер шеберлігі де бар.

Ән салғанда өзінің шығарған өлеңдеріне байланысты, тыңдаушылар сезімін ұйытып әкететін, дауысында құбылмалы ырғақтар, нәзік әуендер бар. Өлеңдері нәзіктік, сезімталдық, сыршылдықтардан тұрады. Өлеңдерінде күректік тәрізді көрінетін елегикалық сарындар да бар еkenін жасыруға болмайды. Бұл сарын, сол өмірді терең сүюден болған деп ойлаймын.

Өйткені, өзінің ең қымбат көрінетін аяулы әкесін ерте жоғалтып (Отан соғысында қаза болған) алғандықтан, өзіне тән жырлау ерекшеліктерінің ақындық бір әдісі болар. Кейбір өлеңдерінде лиризмге бөлінген оптимизм үні еседі. Әділет дүниесі бақыт дүниесі - қазіргі заманын жырлағанда, отаншылдық сезімін жан тебіренісімен жырлайды.

Дәмелі жайшылықта бағалана бермейтін, өзі де еңбегін ешкілге міндет қылмайтын, бірақ тәртіптілік пен жауапкершілік қанына сіңген, адам санатына қосуға болады. Біздің қоғамда «Дұрыс адамдарды, ісіне адал, тиянақты адамдарды - қоғамдық беделдің қазығы» деп біледі. Осындай өз жұмысын жетік білетін, кеудесін қақпайтын, белікті адал адамдар - еліміздің алтын қорлары, еңбек майталмандары, тіректері, жастардың таптырmas тәлімгерлері. Жанының жарығы мен жылуын аямай, адал еңбек еткен, адамдардың бірі тәлімгер ұстаз - Дәмелі деп білемін.

Дәмелінің өскен өңірі тегіс танып, сыйлайды. Танитыны - жылдар бойы еңбегінің елге етенелігі, сыйлайтыны, өзгермейтін бір қалыптылығы, тәртіптілігі мен қарапайымдылығы. Қасиеті - талаптанып кіслік таланттын, тазалық таланттын, қанағатшылығын көрсете біletіндігінде.

Адамның көп әдеті бала кезден басталып, бара-бара мінезіне айналып, әлі келіп, өрісі жеткеніне өзін көрсете білуінде. Соғыстан қайтпаған әкесінің жылы алақанын, көмегін көрмей талпынып, талаптанып, тасты жарып шыққан жантақтай тағдырымен тайталасып өсті. Жетімнен жетіліп, намысқа тырысты. Адамдық жауапкершілігін ұмытпай өмір көріп, жер танып, жаны жақсы адамдармен араласты.

«Адамға өткен өмір, бәрі сабақ» деген нақылды тәлім етіп ұстанды. Бұлдырты ауылы Дәмелінің тал бесігі болды. Араптөбе оның өрісін кеңейтті, өрісін биіктетті, өмірді түсіну мектебі болды.

Тағдыр оны Ақсайға табан тіретті. Мұндағы абзал жандар өміріне өң берді, үмітін ояты. Көзінің майын төгіп, істеген адал еңбегі бағаланды. Сезіміне сезім қосып, жырлар легі шыға бастады. Ұлдары ер жетіп, қыздары бой жетіп, алтын асықтай немере сүйгізді. Адал, көкірегі ояу достар табылып, сыйластыққа ие болды. Жүрген жерінде жастар жол беріп, үлкендер қол беріп, Бәрлі ауданының ардақты азаматшасының бірі болды. Міне, ол да оның арманының орындалғаны.

Біз Дәмелі Құсайынқызына жақсылықтың жағында, жақсылардың жасағында, тазалығынан танбай жүре беруіңізге тілекtespіz дейміз.

**Ш.Қ. ДОСЖАНТЕГІ,  
Ұстазың, Қазақстан Халық ағарту ісінің  
озық қызметкери.**

*Ескеरту: Осы мақаланы менің отағасым, он үл-қыздарымның әкесі, немере-жиен, шөберелерімнің сүйікті атасы, мен 65 жасқа толғанда жазған болатын. Марқұм егер тірі болса мен 75 жасқа толғанда да осылай мінездеме жазуы мүмкін болар ма еді, бұдан алты жыл бұрын ақпан айында дүниеден озып кетті. Осы кітабыма тұлғалардың қатарында тұрғанын дұрыс деп ойлаймын.*

Бұл кісінің осы жазған лебізін «Мұра»-деген кітабымның бесінші бетінен оқуға болады.

Бұл кітаптар Сырым, Ақсай кітапханаларынан табылады.

*Маган берілген осы мінездемені бір әріпін, үтірін, нұктесін өзгертпей, өз қолымен жазған (отағасымның) қолтаңбасы.*

**Д. Құсайынқызы- автор 2013 ж.**

## **Қымбатты Дәмелі Құсайынқызы!**

Сіз қасиетті Сырым елінің, оның ішінде Абдолла Жұмағалиев туған киелі топырақты кіндік жұртқа балаған текті перзентсіз. Сіздің сегіз қырлы, бір сырлы болмысыңыздан осыны танып білуге болады. Сырым елі Сізді он саусағынан өнері тамған шебер, жүргінен өлеңі төгілген, айтыста ел намысын жыртқан айтыскер ақын және сезімі сазға айналған сазгер ретінде жақсы таниды. Киелі қаламыңыздан туған бірнеше жыр кітаптарыңыз, Жайық өнірінен шыққанabyз тұлғалардың заңды жалғасы екеніңіздің айғағы болмақ. «Алмас қылыштың қын түбінде жатпайтынын» ескерсек, теңіздей терең халық ішінен алмастай асыл ойлардың туатыны ақиқат. Сіздің өлеңдеріңіз салт-дәстүрді насихаттаудан бастау алып, туған жерге, тарихи тұлғаларға тарту еткен арнау жырларыңызben үласады. Ұстаздықтан бастау алған өмір жолыңызда, халқымыздың ұлттық ою-өрнектерімен нақышталған айшықты қолөнер бұйым-дарыңыз да ерекше сұранысқа ие.

Әрбір өмірге келген жаңа кітап – халқымыздың мәдени мұрасын, тағылымды тарихын, салт-дәстүрін, тілі мен ділін ұрпақтан ұрпаққа жалғастыруши жалғыз көпір тәріздес. Ой маржаны, сөз асылы, жүректерге жол табар бұл кітап барша оқырманның рухани азығына айналары сөзсіз.

Қаламыңыз толысқан шағында шыққан кітабыңыз оқырмандарыңыздың ойынан шығып, жаңа дүниелерге жалғаса берсін!

**Сізге деген құрметпен:**

**Руслан Қайыржанұлы САПАРҒАЛИЕВ,  
Сырым ауданының әкімі.**



## **«Өлең-жырды жасамайсың білекпен»**

*(Сегіз қырлы бір сырлы өнер иесі  
Дәмелі Құсайынқызының  
ақындығы хақында бірер сөз).*

Дана халқымыздың өлең-жыр туралы  
білдірген пікір-пайымдарының бірінде:



«Түйеге мінген қазақтың төрт ауыз өлең шығармайтыны жоқ»  
деп келетін қызық көзқарасы да бар. Алайда, қазақ жұрты  
өлеңді бәрінен жоғары қойған. Оның киесі бар деп үққан.  
Ақындықты еріккеннің ермегіне баламаған. «Өлең – сөздің  
патшасы, сөз сарасы» деген Абай да – қазақ.

Дәмелі апа өлеңді баяғыдан жазады. Оны мен жақсы  
білемін. Білемін дейтінім – біз бала болғанда (өткен ғасыр-  
дың 60-70 жылдары) есімізде қалған еміс-еміс суреттер көз  
алдыңа келеді. Сырым ауданының (ол кезде Жымпіты),  
«Жымпіты» кеңшарының орталығы – Аралтөбе ауылында-  
ғы мектеп-интернатта жатып оқыған малшы-шопандар мен  
механизатор-бағбандардың балалары – біздерге Дәмелі  
апай тәрбиеші болды.

Әлі есімде Дәмелі апай жатақ балаларын тәлім-тәрбиеге  
баули жүріп, арасында өз қолжазбаларынан үзінділер оқи-  
тын. Сол дәуірдің газет-журналдарының беттерінен түс-  
пейтін белгілі деген ақын-жазушылардың шығармаларынан  
қызықты деген бала жасына лайықты тұстарынан үлгілер  
алып мәнерлегенде – біздер интернат тәрбиеленушілері  
аузымызды ашып ұйып тыңдайтынбыз. Апайдың қолынан  
түспейтін «Мәдениет және тұрмыс», «Қазақстан әйелдері»,  
«Жұлдыз» т.б. басылымдармен 5-7 сынып оқушылары  
солайша кеңірек танысқанбыз.

Ұзын бойлы, ақсары өнді келген, қашанда әсем, жинақы,  
сәнмен киінетін Дәмелі апайдың қасынан бала-шаға арыл-  
майтын. Асықпай, өзіне тән мәнермен ақыл-кеңесін айта  
жөнелгенде, кей реттерде қабағын шытып сес білдіргенде -  
арамыздағы ұрда жық ұлдардың өзі жым болатын. Сабаққа

даярлану, үй тапсырмасын орындау барысында әр оқушымен жеке жұмыстануда апай еш жалықпайтын, өз білгенін үйретуден талмайтын. Апай қыздар тәрбиесіне тіптен ерекше қарады. Интернаттың талай сылқым бикештері Дәмелі апайдың «қыз бала тәрбиесі» хақындағы ұзак-сонар ақыл-дәрістерін әлі күнге ұмыта қоймаған шығар.

Бүгінде «Алтын алқа» иесі атанып, ақ кимешекті әже жасына жеткен Дәмелі апай бақытты жан. Бұл күнде өмірде жоқ болса да өз дәуірінің ұлағатты ұстазы, шын мәніндегі үлкен математик ағайымыз болған Қажығалиев Шапай екеуі отбасында 10 бала тәрбиелеп, өсірді. Көпке үлгілі шаңырақ атанды. Сегіз қырлы, бір сырлы ардақты ананың қол өнердегі жеткен табысы да өз алдына бір әңгіме. Ол туралы талай телехабарлар түсіріліп, республика, облыс көлемінде насихатталып, таныстырылды да. Қолөнершінің ұлттық қол өнердегі үлкен табысын кеңестік дәуірдегі Мәскеу, Астана мен Алматы жұрты мойындейды. Дәмелі ананың шалқар шабыты мен эстетикалық талғамынан пайда болған – киіз үйдің бірнеше қанатты үлгілері кезінде ақын Қадыр Мырза Әлігे тарту етілсе, жаңа бір нұсқасы Астана төріндегі тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың Мәдениет орталығындағы мұражайда тұр. Кітабы мен видео касеті. Киіз үйдің алынбаған айыбы матадан оюлап тіккені, жұн болмағаны.

Қолөнердің тамаша таңғажайып туындыларын дүниеге әкелген Дәмелі Құсайынқызының ақындығы туралы көп айтылмай жүр. Әрине, алдымен көп балалы ананың айтары – ұрпақ қамы, оның тәрбиесі болашағына алаң көнілден туса керек. Ақынның зейін қойып, аса шабыттана әрі қапалана жырлаған тақырыбы – әкеге арналған толғаныстарынан тұрады. "Әкем – соғыс құрбаны", "Әке туралы баллада", "Ескерткіштүбінде", "Әке", "Әке жайлы бір дерек күтіп келем" сыңды жыртолғаулардан баланың әкеге деген құрметі мен сағынышы егіз өрілген. Соғыс жылдарында дүниеге келген талай ұрпақтың көпшілігінің тағдырларының қандай болғандығын аталған дүниелерді оқу арқылы біле аларымыз анық. Мәселен, "Әкем – соғыс құрбаны" аталған туындыда әкесін зарыға күткен қыздың дүниедегі ең жақын адамына деген құрметі мен сағынышы ғажайып фонда өрнектелген:

*Зарыға күткен қызыңмын, Артыңда қалған ізіңмін.*

*Женіс күні таялды, Көңілім тағы бұзылды, - деп келетін жолдардан, атың өшкір, соғыстың аяқталғанына жарты ғасырдан асса да әлі күнге дейін зардабы жойылмағанын аңғаруға болады. "Өтсе-дағы қанша жыл сағынамын, Жан әкемнің аялы алақанын" немесе "Әкемізден бір дерек табылғанша, Жоқтауыма мен нүкте қоя алмаймын" деген тар-мақтардан ақын өзі тағдырлас майдангерлер қыздарының атынан сөз алғандай көрінеді.*

Дәмелі ақынның көп өлеңдері елі мен жұртына, Отанына деген құрмет пен асқақ рухтан да анық байқалады. Елінің өткені мен бүгінін салыстыра жырлаған автор тәуелсіз Отанының даму, өсу, толысу жолына назар аударып, көпpen бірге қуанышын бөлісеп біледі.

Эрине ақын біткеннің, тіпті ақын болмай-ак адам атаулының басты шырқар өні – анаға арналары хақ. "Арманда кеткен ана", "Ақын жүрегі", "Ананың тұғыры", "Ананың алғысы", "Кешірші, мама", "Бақыл бол, анам, жан анам", т.б. өлеңжырлардың тақырыбы сол – мәңгілік ана жыры.

*Қиналған кезде, жан анам, Өзіннен жебеу табамын.*

*Анашым, бақи болғасын, Көңілім қүйған қорғасын*

*Бақыл бол, анам, бақыл бол, Иманың болсын жолдасың!*

Бірдің ғана емес, мыңның анаға айтар соңғы сөзі, аманаты мен жоқтауы да осы сипатта болса керек.

Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесі мен елінің мәдениетіне, оның қолөнерінің дамып жетілуіне арнап келе жатқан Дәмелі апаның жыр шумақтарының біразы арнаулар мен құттықтаулардан тұрады. Бұлай болуы да бір жағынан - зандылық. Себебі ұрпақ қуанышы мен бұқара жұртының құрметіне бөлентген ел анының көңіл тебірентер уақыттары қандайлықты көп болса, сондай жүрек толқытар сәттердің өлең-жыр мазмұнына ілігер мезеттері де соншалықты мол болмақ. Ана үмітін ақтап, ата-анаға көз қуаныш болған ұлдары мен қыздарының, олардан тараған немере-жиен сияқты ұрпақтарына арналған жырлар жалғасында құда-құдағиларымен бірге мұқым қазаққа мәшіүр тұлғалардың есімдері де аталаған өтеді. Оларға деген жеке пайым-тәнімі, адами көзқарасы, жалпы рухани өнер иелеріне деген риза көңілден шықан құрметі көрінеді. Ақынның өз әріптестеріне арнап айтар ой сөзінде де («Ақын жүрегі», «Ақынның жайы осындай», «Жаз-

баған адам бақытты», «Жазба ақындарға», «Кішірмендер, ақындар, кішірмендер!» т.б.) қоғамның өзекті де зәру мәселе-лері сезім-сыр боп ақтарылады.

Үнемі ізденіс үстінде жүретін ақынның әрбір туындысында алға ілгерілеушілік, жаңаға ұмтылушилық байқалады. Өлең-ді жай еріккеннің ермегі емес, киелі өнер деп қараған Дәмелі Құсайынқызының жыр орбитасындағы өзіне ғана тән мери-дианасы боларына сенесіз.

**Жыр-жақұтыңды аялай бер, жыр-анасы – Дәмелі апа!**  
**Зейнолла Жақсылықұлы МУТИЕВ,**

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, ҚР «ЖОО үздік оқытушысы-2012» атағының иегері.



## **ИСТАЕВ Рафхат Эжігерейұлы.**

Орал “Медициналық орталығы” ЖШС-ның директоры, “Қазақстан элитасы” - деп аталатын үлкен кітапқа республикаға және шет елге танымал үздік дәрігерлердің кітаптарында есімі алтын әріппен жазылған үздік дәрігер болып табылады.

Бұл ініміз «Тұлғалар» құрамына әлдеқашан кірген жан. Ғұмыры ұзақ болғай дей отырып, осы кітаптың «Өлеңдер» тобына кіргізген «Ол дәрігер» - деген өлеңім ініміздің өзіне арналса «Жайықта Назгүл деген үр қызы бар» - деген өлеңім келіні - менің дәрігерім Назгүл Маратқызына арналған. Мақала тобына дәрігер Истаев Рафхат Эжігерейұлы туралы толығырақ етіп жазылған мақаланы оқуыңызға болады. Тұлғалардың басында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев болғандықтан мен осы кітапты түсімде осы кісіге қарай алып бара жатқанымды басқа кітапқа жазған болатынмын. «Тұлғалар» менің жетінші кітабым. Олай болса, құрметті менің лебіз беруші іні, сіңлі, ұлдарым, қыздарым! Сіздің тұлға болатындарыңа, болғандарыңа сенімдімін.

**Дәмелі Құсайынқызы.**

## ӨРЛЕГЕН ӨЛКЕНИҢ ӨНЕГЕЛІ АНАСЫ



Бөрлі ауданы қарыштап дамып, Ақсай қаласы көркейіп, өсіп келеді. Жер қойнауы қазыналы, экономикасы өркендеген Бөрлі жерінде мәдениет, өнерсаласы жақсы дамыған. Осы салада өзіндік қолтаңбасын қалдырып келе жатқан он бала тәрбиелеп өсірген ұлағатты ана, данагөй әже Дәмелі Құсайынқызының рөлі ерекше. Ардақты ана киіз үй тігіп, киіз басу, ою-өрнек ою секілді ұлттық құндылықтарды жас үрпаққа үйрету, кейінгі буынға

мирас етіп қалдыру жолында аянбай еңбек етіп келеді. Белгілі қолөнер шебері, «Алтын алқалы» ананың тіккен киіз үйлері кезінде Мәскеуде Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде, Сырым бабамыздың 250 жылдық тойында, Алматыда тігілді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа арнап оюлап тіккен киіз үйі Астана қаласындағы Президенттік мәдениет орталығының жәдігеріне айналды. Бүгін гедейін жарық көрген ананың алты кітабына енген өлеңдерінің де мәні зор. Отаншылдық, туған жер, ата-бабаны құрметтеу секілді қасиеттерді киелі қара сөздің құдіретімен ұғындырады. Дәмелі Құсайынқызы бұл кітабында сиясы әлі кеүіп үлгермеген жаңа жырлары, ақын, ана туралы жазылған мақалалары топтастырылып отыр. Анаға шығармашылық шабыт, киелі қолөнерді өрістету жолындағы қажырлы еңбегіне жеміс, отбасы амандығын, ұзақ ғұмыр тілеймін.

**Марат ТҮСІПҚАЛИЕВ,  
Бөрлі ауданы әкімі.**



## ҰЛТТЫҚ МҰРАНЫҢ ЖАНАШЫРЫ

«Біздің басты мақсатымыз – әлеуметтік қауіпсіздік және азаматтарымыздың бақуаттығы. Бұл – қоғамдағы тұрақтылықтың ең жақсы кепілі», - деген болатын ел Президенті Н.Ә. Назарбаев халыққа арнаған биылғы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында. Жолдаудан туындаған басым бағыттарды жүзеге асыру барысында ауданда иғістер атқарылып, әлеуметтік салаға кең көніл бөлінуде. Аудандағы мәдениет саласын айтқанда көп балалы абзал ана, белгілі існер, ақын, айтыскер, домбырашы-сазгер Дәмелі Құсайынқызының еңбегіне еріксіз тоқталамыз. Себебі оюнекпен көмкерілген киіз үй тігіп, халқымыздың қолөнерін кейінгі ұрпаққа жеткізу жолында еңбек етіп келе жатқан аяулы жан. Ал жарыққа шыққан әрбір кітабында жарияланған өлеңдерінің тәрбиелік мәні зор. Әр өлең Отанды сүюге, туған жер мен жасы үлкенді құрметтеуге баулиды. Шебердің 40 жылғы шығармашылық қызметі туралы 2009 жылы республикалық «Қазақстан әйелдері» журналында көлемді мақала жарияланды және «Қазақтың киіз үй жиһаздары», «Киіз үйдің құрылышы», «Өнер өрге өрлетеді» деген танымдық материалдары басылды. «Ғафу-студио» түсірген Қазақстанға арналған «Әлемнің тоғызыншы аумағы» атты көп сериялы деректі фильм түсірілді. Жарыққа шыққан жаңа кітапқа жол болсын деп, ананың асыл жырлары таусылмай, ұлттық өнерді өркендету жолындағы еңбегіне жеміс, отбасына шаттық тілеймін.

**Азамат САФИМАЛИЕВ,  
Бөрлі ауданы әкімінің орынбасары.**

## ЕЛБАСЫНА

Арналғанда өлеңім Елбасына,  
Шалқар шабыт легі кел басыма!  
Ел тағдырын мойнына алып тұрған,  
Елбасының амандық бер басына!

Парасаттың биігін, дарын берген,  
Бір басына өнердің бәрін берген.  
Қара нарға қайқайтып жүк артқандай,  
Нұрсұлтанға халқының қамын берген.  
Нұрсұлтандай сұңқардың шырқары шың,  
Жыр толқыса кеудене бұрқанасып.  
Жыр алыбы Жамбылға бала болсаң  
Қарасайдай батырдың ұрпағысың.

Әйтеке ме, Төле ме, Қазымысың?  
Халқың үшін арналды жазы-қысың.  
Күй толқыса кеудеде күмбірлеген,  
Нұрғисадай әуеннің сазымысың?!

Мәртебемді көтеріп биіктеттің,  
Отаныма көп ұлтты ел сыйып кетті.  
Кең пейілін дәлелден дархандығын,  
Қазақ елін дәл қазір иықты еттің.

Қазақ елі болғанын әлемдегі,  
Жер шарына дөңгелек дәлелдедің.  
Әлемдегі әр елдің корольдері,  
Елбасына түзеді сәлемдерін.

О тәнірім, қолдай гөр Елбасымды,  
Әл-Фараби, балаңа бер жасынды.  
Арыстанның күшін бер, айбатын бер,  
Мәндайына жазған соң ер ғасырды!

Иығына салып түр заман жүгін,  
Ақылына зер салды ғалам бүгін.  
Ойын толғап парасат биігінен,  
Танытып жүр халқына адалдығын.

Көріп мақтау шарт емес көзіңізді,  
Назар қойып, тыңдаймыз сөзіңізді.  
Сізге сеніп тағдырын тапсырған ел  
Хан сайламақ қайтадан өзіңізді.

Ел атансақ кең пейіл, егеменді  
Саясаттың арқасы көрегендік.  
Халқыменен қауышқан Елбасына  
Ел анысы – батасын берер енді.

Мәңгілікке атаңыз қалар болды,  
Дұрыс таңдап алдыңыз баар жолды.  
Бейбітшілік аңсаған әлем халқы  
Сізден үлгі, өнеге алар болды.

Ақыл ойың, сананды кір шалмасын,  
Сара жолға халқынды бір салғасын.  
Дамылдарсың, сапарың ұзақ болғай,  
Асқақтатсын атынды жыр, сан ғасыр.

Ата-бабаң рухы жебей жүрсін,  
Жоқшылықтан құтылып кедей күлсін,  
Бейнетіңің зейнетін елің көріп  
Ақ батасы халқыңың демей жүрсін!

1998 ж.



## ТҰЛҒА

Сан ғасырлап келер ұрпақ бағына,  
Қалдырды ол сарқылмайтын қазына.  
Әлем танып мойындаған тұлғаның,  
Таңғажайып сана берген жадына.

Цифрларды жатқа айтып тұрғанын,  
Талай рет таңдай қағып тыңдадым.  
Басы бас па, компьютер ме? О, ғажап  
Көріпкел де, көреген бұл-тұлғаның  
Маңдайыма қонған таудай бақ па деп,  
Тілеп жүрәм тілден, көзден сақта деп.  
Қазақ деген жүргегі кең халықтың  
Мен ойлаймын, ниеті тым ақ па деп.

Шекараны айқындарды, шектеді,  
Жолға салды Елбасы өз мектебін.  
Жалғастыру болашақтың міндеті.  
Мақсат айқын, сара жолға бетtedік.

Ұлы тұлға өнегелі іс қалдырды,  
Ғасырларға апарар жол салдырды.  
Ядролық қарудан бас тартуды,  
Ұран ғылып бар әлемді таңғылды.

Ең бірінші өзі бастап кірісті,  
Осылайша бастап кетті ұлы істі.  
Сызып берді болашақтың жоспарын,  
Ал халқымыз жалғап жатыр жұмысты.

Ірі елдің басшылары санасты,  
Жалғас тапты келісімдер жаасты.  
Талай елдің басшылары біздерден,  
Шығатұғын шикі затқа таласты.

Бізде енді кеме жасап шығардық,  
Бұл ісіміз мақтануға тұрарлық.  
Елбасының алға қойған мақсаты,  
Ұрпақ шындау ұлы істі үғарлық.  
Талай ірі өндірістер салынды.  
Жастар оқып, өсіп жатыр жалынды.  
Халқымыздың әл-ауқаты жақсарып,  
Еңбек етіп, іс жасап жүр қарымды.  
Озық елді қуып жету ұраны,  
Елбасының көкейінде тұрады.  
Елімізде басқаратын бел шешіп,  
Алғыр кадр даярлау тұр сұранып.  
Саясатты шағып ішер кез келді.  
Жастар сіздер, көтеретін безбенді.  
Әлеуметтік жағдайымыз жақсарып,  
Сұраныстар көбеюде елде енді.  
Байтақ елім-сыйға тартқан бағымыз.  
Ешқашанда сынбаса екен сағымыз.  
Отаны мен халқын сүйген Елбасы  
Әр жүректе мәңгі орнап қалыңыз!

2.02.2013 жыл.



## **ЕЛБАСЫНА ОТАНЫ КҮН СЫЙЛАДЫ!**

Арғы-бергі тарихты парақтаған,  
Жақсылардың игі ісін сабақтаған.  
Елбасына Отаны күн сыйлады!  
Шашу шашпай мен қалай қарап қалам.

Ел басқарды ойымен данышпандық,  
Бұл ел – елі хас батыр, алыптардың.  
Хан сайлаған сол күнді тойлайтын күн  
Желтоқсанның бірі деп анықталды.  
Ұңтымағы жарасқан, берекелі,  
Елімізді айбынды ел етеміз!  
Тәуелсіздік алған күн он алтысы,  
Бір жаңасы бұл айдың мерекеміз.

Бақ орнатты баянды басымызға,  
Әннен шашу, халайық, шашыңыздар!  
Мәңгілікке жасасын Елбасымыз,  
Жас қосылсын демекпіз жасыңызға!  
Күн көбейді елімді сауықты еткен,  
Елге оралды қандастар ауып кеткен.  
Елбасының арқасы соның бәрі,  
Шешім болды бұл өзі тауып кеткен.

Артық десен, оқырман, ғафу ет сен,  
Жүзден астам ұлттарды тату еткен.  
Ерен еңбек сінірген Елбасымыз,  
Өлеңімді қабыл ал, шашу еткен.

2012 жыл.



## НАУРЫЗ

Наурыз айы жыл басы,  
Саған салмақ тым басым.  
Жан-жануар масайрап  
Шаттық күйін жырласын!

Наурыз жетті тағы да,  
Табиғаттың бағына.  
Жер бусанып, қар еріп,  
Көніл-күйлер жадырап.

Наурыз келді тағы да,  
Адамзаттың бағына.  
Көк еркесі құстар да,  
Келіп жатыр ағыла.

Құннің көзі шуақты,  
Қызыуы да қуатты.  
Оян жерді қуалап,  
Сай-салаға су ақты.

Жарылқауға сайланып,  
Наурыз жетті айналып.  
Көптен күткен халықтың  
Көнілдері жайдары.

Көктен шуақ төгілді,  
Тоң да, мұз да сөгілді.  
Қой қозылап, маңырап  
Төгіп жатыр өнімді.

Жыл айналып келе бер!  
Байлық, бақыт ере кел!  
Көгімізден нұрлы аспан  
Шуағынды себе бер!!!

Наурыз 2013 жыл.

## **ЕЛБАСЫНА**

Бақ орнатты баянды басымызға,  
Көңіл бөлді көрі мен жасымызға.  
Мәңгілікке жасайтын Елбасыға,  
Жас қосылсын демекпіз жасыңызға!

Қыындықтан елді аман алып қалды,  
Сеніміне бөлөнді халықтардың.  
Хан сайлайтын сол күнді тойлайтын күн,  
Желтоқсанның бірі деп анықталды.

## **БЕЙБІТШІЛІК ҰРАНЫМЫН**

Өмір қалай өтіп жатыр байқамадым,  
Бақытты елдің бесігінде шайқаламын.  
Менің елім қазақ елі екендігін  
Бар әлемге мақтанышпен айта аламын.

Жаршысымын бейбітшілік ұранының,  
Көмейімнен жыр тасқыны тұр ағылыш.  
Біздің елдің тілейтіні бейбітшілік,  
Ұрпағына үйретеді қырағылық.

Жаршысымын бейбітшілік хабарының,  
Паш ететін бақытты елдің жаңалығын.  
Құшағы кең «Егеменді ел» атанған,  
Қазақстан деген елдің адамымын.



## **ӨНЕРПАЗДАР - КӨП ЖАСАНДАР**

Кетіпті ақын болып әнші қызыым,  
Шырқатып әуеніңің салшы бірін.  
Кеуденен саз төгілді әнмен бірге  
Ақын да, әнші болып қалсын ізің

Қолына тума дарын алар тізгін,  
Қуандым әнін естіп Ажар қыздың.  
Тербекен көңілдерді әніменен  
Күтеміз талай есте қалар күнді.

Сахнаның ажары мақтанышы,  
Келе жатыр өнерде атсалысып,  
Өнерге бас иетін халқымызға  
Демекпін әншілерді баптап ұшар.

Табатын жол азығын-ән азығын,  
Жаныңың айқындейды тазалығын.  
Өмірдің құдіреті бас игізіп,  
Жүрегін талайлардың мазалаған.

Жүректен өлең болып сорғаладың,  
Шындықты айтпай неден қорғанамын.  
Талантты бағалайтын халқымыздан  
Демекпін бағалайық қолда барды.

Әншілер айдын көлдің шағаласы,  
Роза менен Бибігүлдің баламасы,  
Эфирден сыңғырлаған ән естісөң  
Секілді мөлдір бұлақ тазаrasың

Майралар, Сәулелер мен Айгүлдердің-  
Бәрі де шағаласы айдын көлдің,  
Роза мен Бибігүлдің ізін жалғап,  
Болып жүр мақтанышы айбынды елдің.

Көрінбеген әлі көп шағала бар.  
Халқым-ау, әншілерді бағалаңдар.  
Рухани сусынға қанғың келсе,  
Ауылын әншілердің жағалаңдар.

Аққуы айдын көлдің сылаңдаған,  
Құлағы патефонның бұралмаған,  
Халқына көрінбеген әншілер көп.  
Беймәлім болғаннан соң сұралмаған.

Табиғи дауысының тазалығы,  
Халқының рухани жан азығы.  
Құлақты тұндыратын даңғырлықты  
Қоспаса әншілердің ажары бұл.

Мақпалды қалай айтпай жасырамын,  
Мақтауын алты қырдан асырамын.  
Ажары сахнаның, бишілігі  
Айтады жүргегімен ғасыр әнін.

Күйші Айгүл-ол қызды кім білмейді?  
Қолына алған домбыра күмбірлейді.  
Саусағы пернелерде жорғаласа,  
Сабаз қыз қолға қамшы ілдірмейді.

Өнерге жақсы көніл бұрғаныңыз  
Көп екен ғой мақтанар қыздарымыз.  
Күй тыңдап, ән естісек әншілерден  
Жібиді көнілдегі ызгарымыз.

Қолында домбыра-ән шырқап тұрған,  
Мен барлық қыздарымнан айналамын  
Сурып ғасырлардан тіл қаттырған,  
Кезде барып қонамын айға барып.

Өзен-көл жағасы ән, ағашы ән  
Қазақтың ұлан-тайыр даласы бар.  
Әрлеуді, өркендеуді мақсат қылған  
Көреген-ел басқарған данасы бар.

Тілекшімін мен әнші болмасам да,  
Мақтанам ба, өнерлі болмасандар.  
Көк аспанды кернеген ән-жырымен  
Өнерпаз қыз-жігіттер, көп жасандар.

7.02.2013 жыл.

Ж

## **РИЗАМЫН**

Парасатты жандар күтіп жүр едім,  
Лебізді оқып тұсті орнына жүрегім.  
Бұл қоғамды сіздей жандар құраса,  
Жақсылықтан үзілмейді қудерім.

Ақ жүректен ақтарылған лебіздер,  
Адамзатқа үлгі болар тек іздер.  
Лебіздерді оқып шықтым бәріңе,  
Апаларың шын риза дніздер.

Сейлей білсең парасатты, салмақты,  
Қосылғаның адамдарға жан-жақты.  
Олай болса, зерделі ұрпақ сіздерден,  
Болашақта үлгі-өнеге алмақшы.

Зерделі ойды суыртпақтап, білтелеп,  
Ойлар жазып қалай-қалай сілтеген.  
Кеудесінде тұнып тұрса парасат,  
Жазар ойды шабыт келсе іркеме.

Биіктерден ұстап тұрған бір жағын,  
Лебізшілер бәріңізге ризамын.  
Оқырманым болғаныңыз сіздердің,  
Көнілімді жадыратып тұрғаны.

22.02.2013 жыл

## **ЕЛБАСЫ – ЕЛ ПАСПОРТЫ**

Байтақ елміз, егеміз,  
Алға жылжып келеміз.  
Капитаны кеменің  
Елбасына сенеміз.

Елбасымыз қырағы,  
Бейбітшілік ұраны.  
Әрбір сөзі жаныңа,  
Қуат беріп тұрады.

Елбасымыз көреген,  
Биік бойы өреден.  
Жазған әрбір жарлығы,  
Қуанышқа бөлеген.

Есімін ел жаттаған,  
Елбасымыз жақсы адам.  
Елбасының паспорты,  
Аты әйгілі Астанам.

Адам, әлем таныған,  
Ақыл-ойға жарыған.  
Елбасының паспорты,  
Қазақ елі дамыған.

Тұлғалардың басында,  
Данқы жасар ғасырлап.  
Қазақ деген халқының,  
Мәртебесін асырған.

Ән сұрап түр өлеңім,  
Кәне, шырқап көрелік.  
Сазгер шықсын жарқырап,  
Халқы берсін төрелік.

**2013 жыл**

## ҚАЙЫСТЫ ҚАЛЫҢ ЕЛДІҢ ҚАБЫРҒАСЫ

Жиырма жетінші желтоқсан – қаралы күн,  
Қазақ елінің жүрегі жаралы күн.  
Шекараши сарбаздар ел қорғайтын,  
Опат болған ұшақтан азалы күн.

Естігендер ұшақтың құлағанын,  
Есітпепті ешкімнің жылағанын.  
Отқа оранған ұшаққа жолай алмай,  
Жандар көрген орнында тұра қалып.

Ел тұрды бірнеше күн күніреніп,  
Жүректің бірі осал, бірі берік.  
Сан миллион жүректер егілгенде  
Жыламайды адамдар діні берік.

Қайысты қалың елдің қабырғасы,  
Мұрделері боздақтардың табылғасын.  
Жиырма жеті жанұя зарлап қалды.  
Жанашыр жандарынан айырғасын.

Әмірден сан боздақтар кетіп жатыр,  
Жылап-жылап қанша жан бекіп жатыр.  
Ел болып қасіретті бөлісуде  
Көніл айтушы елдер де жетіп жатыр.

Қыршындарды жоқтармыз, сағынармыз,  
Іштей жылап тағдырға бағынармыз.  
Жанұя ғана емес бүкіл елі,  
Ақылға сап қайғыдан арылармыз.

Сұмдық қаза естіген, көрген жанға,  
Әлгендердің артынан өлген бар ма?  
Қолға ұстауға келмейтін мұрделерді  
Қын болғаны анық көмген жанға.

Қан жылап жүр жүргім шансаңыздар.  
Көніл айтып алайын баршаңызға.  
Елі үшін опат болған сарбаздардың  
Айналмақ өмірінің арты анызға.  
Сақтық үшін шекара жабық болсын,  
Шейіттердің мейіті анық болсын  
Марқұмдардың иманы жолдас болып,  
Қара жердің қойыны мамық болсын.

30.12.2012.

## ҚАНДАЙ БАҚЫТ

Қандай бақыт бұл өмірге келгенім,  
Ұрыздықты еңбегіммен тергенім.  
Отаным бар алшаң басып жүретін,  
Сүйенішім, жанаширым - ел менің.

Қандай бақыт бұл өмірге келгенім,  
Ойлап көрсем екінші анам жер менің.  
Мақтанышпен елімді әнмен тербетсем,  
Ғұмырымды ұзартады ол менің.

Қандай бақыт аспандағы күн сендей,  
Асыраушың жер анаң да, бұл сендей.  
Қол-аяғы сау адамға тірлікте  
Төтті өмірден ештеңе жоқ үркерлік.

24.12.2012.

## **КӘМІЛ СЕНЕМ**

Дерек жинай тұрындар әзір меннен  
Мұрам көп үрпақтарға әзірлеген  
Әділ атақ тірлікте алғаным жоқ  
Аларыма өлген соң кәміл сенем.

Ұрпақ шығар шындықты екшелейтін  
Дарын берді бойыма шектемейтін  
Сол дарынмен мен жүрмін арпалысып  
Болғанменен тақырып беттемейтін.

Мәскеу бардым, бардым өз Астанама  
Қындықтан отты адам жасқана ма.  
Солай бола тұрса да әлі күнге,  
Қолым жетпей отырмын баспанага.

Шындық солай мен бірақ жыламаймын,  
Өлеңдерім мергені құралайдың.  
Баспананы маған алып бергенінше,  
Жалбарынып баспана сұрамаймын.

29.01. 2013.

## **АНА ТІЛІН БЕС САУСАҚТАЙ БІЛІП АЛ**

Тіл арқылы тарихымды таныдым,  
Тіл білген жан тұнып тұрған тағылым.  
Тіл - ол сенің байлығың мен иманың  
Тіл - айнасы тура адам жанының.

Тіл білген жан қазынаның қоймасы,  
Тіл - ол құрал - ашылатын ой басы.  
Тіл - адамның көркі және ажары  
Әрбір адам тілдің қамын ойласын.

Тірі тілдер мемлекет құраған,  
Тіл қазынаң, кілтін тапсаң - жыр, алаң.  
Тіл қаруын сан ғасырға жалғаған  
Тіл атасы адам және ұлы адам.

Тіл дегенің байлық көзі білгенге,  
Тіл білмесең дұшпаның да іргенде.  
Тіпті сенің дәл қасында дұшпаның,  
Жан-жағыңа қарап көрші жүргенде.

Кімсің өзің таныласың сөзіңнен,  
Тілді менгер, үйреніп бақ төзіммен.  
Тіл таппасаң сөйлескенде біреумен  
Тіл байлығың жетпегені өзіңнен.

Тіл білмесең сен емессің ешкім де  
Есінде ұста тіл қадірін кеш білме.  
Анаң тілін бас саусақтай біліп ал,  
Сөйлемесең сөйлеме сен бес тілде.

03.01. 2013 жыл.

## **ӘР ЖАҢА ЖЫЛ КІРЕ БЕРСІН ОСЫЛАЙ!**

Ашып қойып көкіректің сарайын,  
Табиғатпен амандастып алайын.  
Жаңа жылға шашып алып ән-шашу,  
Халқымыздың көңілін де табайын.

Екі мың он үшінші жыл басталды,  
Жерімізге тұтас жапты ақ қарды.  
Өте жайлы болып кірді Жаңа жыл,  
Қызықтадық аспанға от шашқанды.

Әр Жаңа жыл келе берсін осылай,  
Жылан жылын қарсы алдық шошымай.  
Бақыт, байлық, шаттығынды ала кір.  
Ақ сақалды, Аяз ата, досым-ай!

01.01.2013.

## ЕЛ КУӘ

Үй беріп менің жаңымды қарыстырмай ма,  
Халқым-ау, айтшы не дейсің енді мұндаға.  
Оған дейінгі аржағын айтып қайтейін,  
Қырық жыл еткен еңбегім бұған тұрмай ма?

Жетпіс бес жылғы еңбегім текке кетпеді,  
Айыптай көрме, оқырмандарым, тек мені.  
Еңбегім көзге көрініп жатыр ел куә,  
Қолдайтын мені құлаққа үнім жетпеді.

Сұмдық қой менің баспанам жоқ деп шағыну,  
Жүріп алғанмын қолымнан келмей жағыну.  
Шынымды айтсам кей кезде көzsіз батырмын,  
Келмейді бірақ, қолымнан менің жалыну.

Үш-төрт жыл болмай ауысып әкім тұрады,  
Құқығым бар деп кезексіз үйді сұрадым.  
Ақысыз-пұлсыз телефон, жылу, газың бар.  
Он бес жыл бойы қыздардың үйі тұрағым.

Кезексіз үйді алып жатыр ғой әр кімдер,  
Жүргегім шаншып, ұйқысыз өтті әр тұндер.  
Лайық па маған, талқыға салып көріңіз,  
Шешімге келер кез келген жоқ па әкімдер?

13.12.2012 жыл

## БИІК БОЛСЫН ТҰҒЫРЫҢ

(Айгүл Иманбаеваға)

Тұрлі өнерге жетіп келген шамасы,  
Алдарында Елбасының - Анасы.  
Елбасына құн сыйлаған Оралға,  
Келгеніңіз тауып кетті жарасым.

Сен алдыңды тым жасынан ойладың,  
Көп іздендің, қындыққа тоймадың.  
Журналистсің, актриса, әншісің,  
Елбасының анасы бол ойнадың.  
Иманбаеваны елі таниды,  
Өн бойында қасиеттер бар иғі.  
Өнер құған қыздар болса Айгүлдей,  
Мактанарлық қыздарға біз жаримыз.

Орын алдың экранның төрінен,  
Тым асыра мадақтау болып көрінер.  
Қазақ қызы деген атқа лайық қыз,  
Көрініп тұр, тұр сипаты өңінен.

Тал бойында құйып қойған жарасым,  
Қындықтан тәтті ләzzат аласың.  
Тегін қыз деп ойламаймын мен сізді,  
Елбасының сомдап бергеп анасын.  
Кез-келгеннің қолы жетпес биіктік,  
Сыбағасы Айгүл сізге тиіп тұр.

Актриса - Елбасының анасы  
Елбасына әлем басын иіп тұр.  
Сіздей қызбен биіктейді мәртебем,  
Экранан сізді көрсем әр кезең.  
Көркің, қасың, шашың лайық ұлтыма,  
Тал бойында сал серілік бар көрем.

Сондықтан да, ұзақ болмақ тұғырың,  
Халқымыздың жасап тұрмын ырымын.  
Бата бердім ақсайлықтар атынан,  
Ұлы Ана бол! Биік болсын тұғырың!

12.12.2012.

## **БІЛІМДІ ҚУ АСЫҒА!**

Аспан көк, жерің көк,  
Кедей болар жөнің жоқ.  
Кетпен ұста қолыңа  
Маңдайыңың терін тәк.

Қалам ұста қолыңа  
Білімнің түс жолына.  
Айналанды біле түс,  
Қара оның, солыңа.

Балалық шақ бақытың,  
Қайталанбас уақытың.  
Сондай ыстық жүрекке  
Өміріңің басы тым.

Адамсың сен басы бар,  
Білімді қу асыға!  
Көкірегің сыйздаса,  
Шабыт келсе, ашып ал.

Менің сізге айтарым,  
Өс, өркенде жайқалып.  
Алғаныңнан түбінде  
Бар деп ойла қайтарым.

04.12.2012.

## **ЖАҢАЛЫҚТАР - ҒАЖАПТАР**

Күллі әлемдік жәрменке бізде болмақ,  
Жүз үш ел ақылдасты бірге қолдап.  
Екі мың он жетінші жылғы көрме,  
Басталар күн оныншы шілді болмақ.

Қонақ келмек бес миллион Астанаға  
Осындай көтерілді бастамалар.  
Жүз үш елден салынбақ ғимараттар,  
Жаңа қала қосылмақ жас қалаға.

Қуанған жұрт жас алды көздеріне,  
Міндет артып тұрса да өздеріне.  
Ауыр міндет мойнына алды еліміз,  
Тұрады деп сенейік сөздеріне.

Таңғаларлық ғажаптар болып жатыр,  
Атқаратын жұмыстар толып жатыр.  
Талай елдің елшісі біздің елге,  
Айлап келіп, апталап қонып жатыр.

Ұлken сенім артып тұр елімізге,  
Жұмыстанбақ көп халық сеніңіздер.  
Елбасының арқасы соның бәрі,  
Бізде дауыс берейік, келіңіздер.

27.11.2012 жыл.

## **ҰСТАЗДЫҚ – БИІК МӘРТЕБЕ!**

*(№3 орта мектептің директоры  
Надежда Шиганаковаға)*

Үмітпен алға қарадың,  
Депутат келін жарадың!  
Атқарып жүрген жұмысың  
Шәкіртке дарып қалады.

Қазақтан жарды таңдапсың,  
Атқардың жұмыс жан-жақты,  
Кең пейіл елге қазақтай  
Келін боп мәңгі қалмақсың.

Атқардың жұмыс татымды,  
Орыстың қызы ақылды.  
Қазаққа келін болған соң  
Үміт деп жүрмін атынды.

Биіктей берсін беделің,  
Толыға берсін кемелің.  
Рухың болсын жоғары  
Үміт, мен сізге сенемін!

Ұстаздың жолы – бұраң жол,  
Құреспен келер әр кезең.  
Ұстазым – міне, бақыт сол,  
Ұстаздық – биік мәртебе!

21.11.2012.

## **ЖЕР-АНАМ**

Суарып алып көзімді,  
Тыныштандырам өзімді.  
Шын жүргімнен арнаймын  
Жер-Анам, саған сөзімді.

Қиялыммен аралап,  
Ақыл-ойыммен саралап.  
Сен анамсың деп түсінем  
Айтатын болсам даралап.

Алатын жерім Жер-Анам,  
Баратын жерім Жер-Анам.  
Дәм тұзым таусылған күні,  
Қойныңа жатып дем аlam.

19.11.2012 ж.

Ә

## **МІНДЕТТІСІҢ**

Келген болсаң өмірге бір күнге сен,  
Талант болса бойында, іркілме сен.  
Қағиданы осындай уағыздаймын,  
Жанашырмын, халқыма бұл кім десен.

Отан үшін бабалар қанын берген,  
Талай қанды шайқаста жанын берген.  
Білгенімді ұрпаққа беріп жүрмін,  
Мен несіне аяймын барымды елден.

Өмір саған жарығын, нәрін берді,  
Тірлік берді, дәм-тұзын, бәрін берді,  
Адамымын деп ойла сен өзінді,  
Алға тартып баратқан арынды елдің.

Алдың, қайтып беруге міндеттісің,  
Қатарынан кем қалып жүрмекпісің?  
Із қалдырар артыңа іс тындырсан,  
Сен өлмейсің, өлсен де құрметтісің.

16.11. 2012.

## **АНАНЫҢ АЛҒЫСЫ**

Мен анамын – ең бастысы адаммын.  
Ана деген атағыма адалмын.  
Өсті-өнді, аяқтанды он балам,  
Дипломды барлығы да баламның.

Қындықтар басымыздан өткен көп,  
Балалардың біріне де өкпем жоқ.  
Өркен жайды, керегемді кеңейтті  
Алғысайтам барлығына көптен көп.

Айтқанымды құпірлікке жазбағай,  
Тұрбалардан түтіндері маздағай!  
Нансаңыздар, бар байлығым – ұрпағым  
Қалай жүрем алғысымды арнамай.

15.11.2012

ЖӘЛЕУ

## **АҚСАЙГАЗСЕРВИС** *(депутат Шектібаев Тілекке)*

Талайға жұмыс беріп асыраған,  
Шапағаты жан-жаққа шашыраған.  
Басқарған мекеменді жырға қостым,  
Жүрсін дег риза болып асыл анаң.

Анатолы басқарған кез болатын,  
Көп аузында мекеме сөз болатын.  
Даңқың бар жоқ-жітікке қолын созған  
Ырыс-бақ ондай жерге тез қонатын.

Ол кезде әкім Ғұмар Дүйсембаев,  
Еске салып кетуге жігіт лайық.  
Президент Тегісбаев Анатолы,  
Басқарған бұл мекеме кетті байып.

Атағы аян болса шартарапқа,  
Ол жерді алғыр жандар басқарад та.  
Ендеше маған неге болмайды еken,  
Ел мақтаған жандарды мақтамасқа.

Киіз үйді мен тіккен он жыл құрды,  
Асқаралы алдында міндет тұрды.  
Тегісбаев, Өтебалиев, Шектібаев  
Басқарған мекемені біл деп тұрмын.

Шетелдіктің талайы қонақ болды,  
Ақсайлық біраз әкім өзі-ақ болды.  
Оюмен өрнектеген сондай үйдің  
Алғашқы күәгері Одақ болды (СССР).

Алғашқы киіз үйді қайталадым,  
Еске алғанда көнілім жай табады.  
Экраннан көрсеткен жаңа үйге  
Морозов та күә боп айта алады.

Бұл үйді он жыл бойы пайдаланды,  
Шындықты айтатын жұрт қайда қалды?  
Қазақтың кереметін жарнамалау  
Ісі еді, марқұм, сіңлім Айжамалдың.

Қолдап тұр ата дәстүр-салтымызды,  
Наурыз сайын ырза ғып халқымызды.  
Болашаққа өнеге қалдырамыз  
Осылай ойлай берсек артымызды.

Білмеймін, кімдер келіп, кім кетіп жур,  
Сол жерден жұмыс тауып індетіп жур.  
Ақынның ғой, ерлерді ел мақтаған  
Жарнамалау халқыма – міндетім бұл.

Ақын ба өз міндетін өтемеген,  
Даңқыңыз арта берсін еселеген.  
Мен неге алғысымды аяп қалам  
Атағы жер жаратын мекемеден.

Мұражайға қалдырам деп еңбектендім,  
Бейнеттің талай таттым кермектерін.  
Ұлгілі адамдардың жолын қылп,  
Қалаймын ұрпақтардың ержеткенін.

Азамат бәрі сондай болса деймін,  
Халықтың көнілі оған толса деймін.  
Жасаған ісіне сай бағаланып,  
Жігіттің басына бақ қонса деймін!

қараша 2012 жыл.

## **ТЕМІРҚАЗЫҚ**

Қызым, сен қара сөздің ақынысың,  
Мені ылғи қуантып жүр батыл ісің,  
Ұстанған тақырыбың «Темірқазық»,  
Таралып жан-жақтарға жатыр ісің.

Өркендеу басшыларға байланысты,  
Сөз тартып жақсылармен айналыстың.  
Көрсеттің көп адамды экраннан  
Атқарған Отаны үшін пайдалы істі.

Жүргенің өнегелі іс тындырып,  
Көрсеттің өмір жолын талайлардың.  
Ұрпаққа рухани күш – құндылық,  
Көзін аштың болашақ Абайлардың.

Пайдалы «Темірқазық» тақырыбың,  
Таралып біраз елге жатыр үнің.  
Осындай тақырыптың арқасында,  
Ұрпақтар ажыратар ғасыр үнін.

Дәлелдеп Абайқызы екенінді,  
Жатырсың жарнамалап мекенінді.  
Гүлжан Абайқызының кім екенін  
«Темірқазық» арқылы жете білдік.

**16.12. 2012 жыл.**

## **СЕН ЕҢБЕК ЕТ**

Рухани қуат алам еңбектен,  
Санап көрсем жетістік көп мен жеткен.  
Нанасың ба, нанбайсың ба өзің біл,  
Ләzzат алам қыындықтан мендеткен.

Сен еңбек ет, алсаң егер тілімді,  
Еңбек етсең, тамағың да сіңімді.  
Біле білсең шабыт көзі еңбекте,  
Адал еңбек анықтайды түрінді.

Еңбек сенің адал досың бағдарың,  
Ұсынады саған бақыт шамдарын.  
Адамдар тек еңбек үшін жаралған,  
Осыны ұқ та, өзің жалға ар жағын.

Мейлі оқы, кетпен ұста бәрі еңбек,  
Сені өмірге бейімдейтін және еңбек.  
Дені сап-сау, басы бүтін пендеге,  
Өмір сұру лайық емес әреңдеп.

16.12. 2012 жыл.



## **МЕНІМЕНДЕ САНАСАР УАҚЫТ КЕЛЕР**

Уысында, халайық, бақыт деген,  
Жарық өмір деген бар «Жақұт»- деген.  
Әр күнімнен жақсылық күтіп журмін.  
Менімен де санасар уақыт келер.

Мен тегі адамымын болашақтың,  
Өзімді өзім тежемей дара шаптым.  
Ұрпақ қамын ойладым алдымдағы  
Берешақпын өмірге, алажақпын.

Сондықтан да ізденем, көп ізденем,  
Адам екем қындау жол іздеген.  
Мен өзімді теңеймін өз азығын  
Домалатып баратқан қонызбенен.

**05.11.2012 жыл**



## **ЖҮРЕКТЕГІ ТҰРҒЫНҒА**

Жүректе тұрған тұрғыным,  
Қадірің етті-ау бұл күні.  
Кеудемде сайрап тұратын  
Шырқайды сирек бұлбұлым.

Тамырың кетті теренге,  
Айналдың өзің еменге.  
Көзіме елестемесен,  
Көнбейді өлең дегенге.

Кеудемде қалдың тұрақтап,  
Елес бол кеттің бірақ та.  
Елу жыл жұбын жазбаған  
Жұбайыңмын ғой құжатта.

Санамнан неге шықпайсың,  
Кіресің түске тіпті айқын.  
Оқып ап жазғандарымды,  
Сен жоқсың бүгін құптайтын.

Өз тілін білу азап бол,  
Өзге ұлттарға мазақ бол.  
Өзге тілде сайрайтын  
Арамызда қазақ көп.

Жан айқайым жетер ме,  
Әлде сөзім бекер ме?  
Халық, ойлап қарасам,  
Еліктеуде шетелге.

Жүректің жайған сырларын  
Оқылмай жатыр жырларым.  
Оқырманымның бірі едің,  
Сен неге жүре тұрмадың?

19.10.2012.

## **СҰРАҚ**

Қарт Каспий, сәлем бере келдім саған,  
Тілегім - аздап дерек бергін маған.  
Жыл сайын балаларды сағынғанда,  
Ақтау, сен, қайдасың деп дедек қағам.

Қашықсың пар ат жеккен ат арбаға,  
Арқама қашықтығың батар жаман.  
Ұқсаған темір қанат алып құсқа,  
Ұшақпен келем жылда көк самғаған.

Ұшақпен қатынап жүр халық деген,  
Әйнектен жерге назар салып келем.  
Ойларымды өлеңге айналдырып,  
Барған жерден ғибрат алып-берем.

Көз сапам сонау Каспий айдынына,  
Қанығам және шикі байлығыңа,  
Бар сырын тұңғиыққа бұгіп жатқан,  
Куә боп қарт Каспийдің айбынына.

Сыйқынды көзімменен көріп тұрып,  
Таптаймын жер бетінен көріктілік.  
Ежелден халық мында қатынап жүр,  
Поезд деген темірді көлік қылып.

Атағың бар қазақи ел делінген,  
Көк шөпсіз құлазыған жер делінген.  
Көзге ұрған айырманды көрмей журмін,  
Салт-дәстүр үйренем деп келгеніммен.

Еңбекқор кірме көрем тесік өкпе,  
Ұрпақ көрем алдымды кесіп өткен.  
Үлкен-кіші сәлемсіз өтеді екен,  
Адамға сәлемдессе несі кеткен.

Демеймін келіп жүрген мен ғанамын,  
Әулие елі - атағың жер жарады.  
Ізеттілік іздеймін әйелдерден,  
Бойларынан қарттар мен ер баланың.

Бекет елі деген зор атағың бар,  
Орның бар мұнайлы елдің қатарында.  
Ұрпақтың болашағы ойлантады,  
Көкірек сыр сандығын ашарында.

Сен де елімсің, жоқ маған бөлектігің,  
Шертілетін аңыз бол өжеттігің.  
Ел көркейіп өсуде етек жайып,  
Атыңа сай артуда өз екпінің.

Каспий көлі батыста шекарамыз,  
Шет ел асып дейді жүрт дем аламыз.  
Неше түрлі ұлт көрем мен Ақтаудан,  
Нені беріп, шет елден нені аламыз?

Сондай-сондай сұрақтар туындейды,  
Өсіп жатқан қазіргі буын қайғы.  
Ұланғайыр батысты қорғап тұрған,  
Енді қайтіп пір Бекет туылмайды.

Бекет елін сондықтан қорғаштайық,  
Айқыш-үйқыш аспаннан жол ашпайық.  
Байлығынан айрылып Каспий өлсе,  
Басымыздан кетпей ме мол бақ тайып?

10 қараша 2012 жыл.

Ә

## **ӨЛЕҢМЕН БІРГЕ ЖАСАЙЫН!**

Кеудемде лаулап отты ой,  
Жүргім ел деп соқты ғой.  
Жанымды ұғып жерлестер,  
Есіне алса бопты ғой.

Елімнің жөні бір бөлек,  
Елімді тербер жыр керек.  
Бар екенімді білгізер,  
Өзімнен берсем бір дерек.

Кеудемнің кілтін ашайын,  
Мауқымды жырмен басайын.  
Өлеңмен елді тербетіп,  
Өлеңмен бірге жасайын!



## **ОРТАҚ АҚЫЛ**

Бесіктен белің шықпай бүгілмеші,  
Мынау жарық өмірден тұнілмеші.  
Күйректік кім-кімге де жараспайды  
Ондай атқа, қарағым, ілінбеші.

Көнілің әлде кімнен қалған болса,  
Ал таусыл, ақыл-миң арзан болса.  
Байқасаң жүйкеге де күтім керек  
Ширайды, аздал қолдау алған болса.

Кемшілік ақында да боп қалады,  
Шабытың шамырқанса от қарағым.  
Өзіңе өзің тежеу сала алмасаң.  
Қосылдым де оясыз топқа барып.

Ашуланба, ақындар сөзге өрт десе,  
Қайта қуан, ол талант, ол дерт десе.  
Әбден мүмкін кетуің күйрек болып,  
Өлеңіңің бағытын өзгертпесең.

Өткірлік жарасады ақындарға,  
Жер өрте демес едім атың барда.  
Сабырға өзінді-өзің шақырған жөн,  
Санаңмен санаспауға хақың бар ма.

Ерге де, әйелге де ортақ ақыл,  
Сабырлы болшы деген қолқа жатыр  
Арғымақтың делбесі қолда барда  
Қыыс кетпе, қарағым, ортаға кір.

10.10.2012.

## **КІТАП**

Сенің ең көп оқырманың мен екем,  
Зеріккенде сеніменен кеңесем.  
Ақылшым да, сырласым да өзіңсің  
Мені өзіңе көп тартасың неге сен.

Қандай ғана сиқырың бар тартатын,  
Сені оқимын жіберсең де шаршатып.  
Жасырынған түкпіріне жүректің  
Көп түйінді жібересің тарқатып.

Кітап сенен қол үзетін жерім жоқ,  
Менің сенен ажыраған күнім жоқ.  
Көп оқысам көкірегім кеңейіп,  
Кеудеме сен құйыласың білім бол.

5.10.2012.

2880

## ШЫРАҚ

(Жаңанша Досмұхамедовтің  
125 жылдығына арнаймын)

Жетпісті өтіп, сексен жасқа асыппын,  
Жанша атаның басқан ізін басыппын.  
Жанша атаға той жасаймыз дегенді  
Естігенде жеткенімшө асықтым.

Жанша жері – жаяу жүрген жеріміз,  
Ол кезеңде жадау еді еліміз.

Ұлыларды еске алып той жасау  
Келеді еken өте орынды дегініз.

Тартыншақтап неменеге тосылам,  
Бұл шараға шын жүректен қосылам.  
Ұрпақтарға үлгі болар бұл тойға  
Шақырыпсыз, ризамын осыған.

Бұлдырты мен Жосалының арасын,  
Еске алсам, жаным ләzzат алатын.

Талай жаяу шарлаған жер болғасын,  
Жастық шақтан сағым болып қалатын.

Екі ортаны Жанша талай шарлапты,  
Сол еңбегі бірақ текке қалмапты.

Мен туған жыл атылса да атамыз,  
Өз өмірін болашаққа арнапты.

Мен елімнен жүрсем-дағы жырақта,  
Қос жанарым Сырым жақта бірақ та.

Жанша, Сырым, Қадыр елі Жымпіты  
Мен үшін тең жанып тұрған шыраққа.

28.09. 2012 жыл.

## **РУХАНИ БИІКТІК – БАР БАЙЛЫҒЫМ**

Нансаң да, нанбасаң да мен де міне,  
Сексеннің кіріп кеттім шеңберіне.  
Он екі мүшем түгел болғасын да,  
Алланың шүкір деймін бергеніне.

Есімнен шығармадым қанағатты,  
Жеткіздім азды-көпті қаражатты.  
Кітаптың айдынында еркін жүзіп,  
Сінірдім рухани алажақты.

Көмекшім – рухымның биіктігі,  
Ойланам – тәбем көкке тиіп тұрып.  
Жақсылық жасағым-ақ кеп тұрады,  
Айналама сондықтан сүйіктімін.

Отбасы берекесін қашырмадым,  
Қарының балалардың ашырмадым.  
Аналық мейірімді төгіп бақтым,  
Жайқалып өссе екен деп жасыл бағым.

Ешкімнің ала жібін аттамадым,  
Бойымда имандылық баптағаным.  
Өзіме әрқашанда есеп берем,  
Тұспеуге қисық жолға сақтанамын.

Байлық қажет адамға қандай бүгін,  
Рухани биіктік бар байлығым.  
Қанағат жүрген жерде қарның да тоқ,  
Гәп сонда, бұл байлықты таңдайды кім?!

27.08.2012.

## **КӨКІРЕГІМ – ЖАНАРТАУ**

Тұған елім - әкем менен анамдай,  
Жүрек сыздап жүрем көбі бара алмай.  
Жалын едім жастық шақта, қайтейін,  
Жан жылайды қалғанымда жана алмай.

Бықсу емес, лапылдау-тын – арманым,  
Еске алады тұған ел деп заржағың.  
Мына жанның күйзелісін айтам да,  
Армандаған асқақ еді-ау талғамым.

Жан үніне болмаңыздар шүбәлі,  
Барлығына сүм соғыс қой кінәлі.  
Жас үлғайды – тұған жерге баламын,  
Көкірегім жанартау боп тұр әлі.

23.08.2012

## **БІРТАЛАЙ ІС АТҚАРДЫМ**

Қалқып жүрмін қиял деген айдында,  
Көкіректе қартайсам да айбын бар.  
Күннен жылу, айдан сәуле алам ғой,  
Шапағаты шығар Күн мен Айдың да.

Мен адаммын – табиғаттан жараптадым,  
Ауа жұтып, сусын ішіп, нәр алдым.  
Табиғаттай тірі анадан тұған соң,  
Қозғалыссыз қалай тыныш табармын?  
Асқақтасам - табиғатқа тартқанмын,  
Мен өзіме үлкен міндет артқанмын.  
Кеш те болса із қалдырдым артыма,  
Шамама шақ бірталай іс атқардым.

23.08.2012.

## **АТА ЗАҢЫМ – АЙБАРЫМ**

Ей, адамдар, құлақ асқын сөзіме,  
Ата Заңға басымды ием, бүгілем!  
Әрқашанда қамымды ойлап тұратын,  
Әділетті шешіміне жүгінем.

Желбіреп тұр елімнің көк байрағы,  
Ұйқы тыныш, көңіліміз жайдары.  
Құқығымды қорғап тұрған – қамқоршым,  
Ата Заңым – әлеуettі айбарым.

Жеті жарғы – Ата заңның негізі,  
Ата Заңым – әлеуettің лебізі.  
Тура жолға жол сілтеп тұр Ата Заң,  
Ата Заңға арта бермек сенімім.



**ЖЕҢІМПАЗ ҰЛЫМ,  
МЫҢ ЖАСА!**  
(Александр Винокуровқа)

Женіспен қайту басы анық  
Лонданға ұшты жасанып.  
Женіспен елге орал деп  
Ел болып бата жасадық.

Жасадың еңбек қарымды  
Қинағың әбден жаңынды.  
Бірінші күні-ақ қоржынға  
Алғашқы алтын салынды.

Женімпаз ұлым, мың жаса!  
Көк туды көке көтердің  
Желбіреп көк ту тұрмаса  
Өткені онда бекер күн.

Сол күні, ұлым, әлемге  
Қазақтың елін таныттың  
Ата-анаңа елден сәлем де  
Тұыпты ұлын халықтың.

Атағың көкке самғасын,  
Жасасын даңқың сан ғасыр.  
Күш біткен шығар батырға,  
Елбасы қолдап барғасын.

30.07.2012.

## **ӘЛЕМДІК ЖЕҢІС ЖАСАДЫҢ** **(Зульфия қызыма)**

Томаша құстай сойы бар,  
Шап-шағын ғана бойы бар.  
Зульфия деген қызыымның,  
Ғасырлап жасар тойы бар.

Жігерін қайрап алмаққа,  
Қарады маңғаз жан-жаққа,  
Өзінен ауыр төрт есе,  
Темірді түрдү салмақтап.

Қыздардан шыққан атаман,  
Оралғай елге басы аман.  
Елу үш кило нәзік қыз,  
Әлемдік жеңіс жасаған.

Қоржынға түсті қос алтын,  
Шаттана бергін, о, халқым!  
Толағайлар топ жарғай,  
Жақсылық хабар тосарсың!



## **БАТЫР ҚЫЗДАР ЖАРАП ТҮР**

*(Майя мен Зульфияға)*

Уш алтын қоржында, батыр қыздар жарал түр,  
Бұла күшті бойдағы дер кезінде жаратты.  
Екі жұз бес мемлекет отырғанда көз тігіп,  
Зульфия мен Майя қызы айды аспанға қаратты.

Қызу қанды ежелден, өр намысты халықпаз,  
Мұнша елдің алдында алтыншы орын алыппыз.  
Бір аунама, мың ауна, күш атасы Қажымұқан,  
Ұрпақ өсіп келеді рухынды азық қып.

Кезек күтіп Лондонда жүзден астам батыр жүр,  
Талай таңды батырлар зор үмітпен атырды.  
Батырлардан күтетін үмітіміз аз емес,  
Аз айтқанда алады оннан астам алтынды.

Ұрпақтар көп намысты, олар барда жүдемен,  
Мен жанқүйер анамын ел тілегін тілеген.  
Сен аман бол, Елбасы, жанашыры халықтың,  
Қолдаушы бол ортада аман-есен жүре бер!



## **КӨК ТУДЫ АЛТЫ РЕТ КӨТЕРДІ, ЭҢ ҰРАН АЛТЫ РЕТ ШЫРҚАЛДЫ.**

Білсеңіз - Лондонда жанарым,  
Спортқа жанкүйер анамын.  
Қазақтай кең пейіл халықтың,  
Атағы аспандап барады.

Жанкүйер болуға жасандым  
Мен бүгін алты есе жасардым.  
Алтыншы алтынды алғанда,  
Шаттықтан жанаға жас алдым.  
Спортшы ұл-қыздар жарап тұр,  
Илья палуан талапты.  
Тағы да, тағы да Илья,  
Әлемді аузына қаратты.

Көк туды алты рет көтерді,  
Шапалақ соғылды нәсерлі.  
Ольгалар жеңісті жаңғыртты  
Қуаныш дегенің осы енді.  
Елбасы жанкүйер білемін,  
Сыбанып кірісті білегін.  
Батырдың бәріне риза,  
Қолына ұстап жүр жүрегін.  
Әлем боп, ел болып қолдаймыз,  
Спортшы ұл-қыздың жеңісін.  
Алыстан мың сәлем жолдаймыз,  
Соңынан терерсіз жемісін.



## **ТАБИҒАТ КӨРІНІСІ**

Нұрын төгіп аспаннан күн туғанда,  
Көкке оранған жер-ана құлпырғанда.  
Осы кезең әқынға шабыт келіп,  
Сән береді қаламға ұмтылғанда.

Осы шақтан аласың аларыңды,  
Суарасың ғажапқа жанарыңды.  
Табиғатың сыйлаған ғажайыпты,  
Алғың келіп ашасың араныңды.

Жапырағы жайқалып терек тұрар,  
Бір ғаламат жаныңды жебеп тұрар.  
Көз алдыңнан жайнаған гүл ауысып,  
Ұшып қонған құстар да кезек тұрар.

10.06.2012.

## **ЕЛ ТІЛЕГІ**

Өсейін, толысайын, ер жетейін,  
Өмірмен қоштасармын мен де кейін.  
Көзімнің тірісінде, әке, сені  
Дүғамен, жоқтау жырмен тербетейін.

Басыңа бару жайлы толқып жүрмін,  
Жолға шығып кетуге қорқып жүрмін.  
Қолыма қалам ұстап ертепі-кеш,  
Астында қалып жүрмін толқын жырдың.

Есімнен шықпай жүрсің, сезесің бе,  
Аян беріп, түсіме енесің бе?  
Кешегі жүрт қырылған жойқын соғыс,  
Сақталды мәңгілікке ел есінде.

Қоя алмай жүрмін шектеу өнеріме,  
Десем де қан қысымым сырғанап тұр.  
Жұрт жыласын, күлсін, мейлі, өлеңіме,  
Сағатым тоқтағанша жырламақпын.

Тәңірім тілегімді ондаса екен,  
Соғыс енді ешқашан болмаса екен.  
Қасіретті бәлені болдырмауды,  
Жер шары бір ауыздан қолдаса екен.

Бейбітшілік – әрқашан ел тілегі,  
Жақсы өмір берекенді келтіреді.  
Уайым-қайғы көрмесе ұрпақтары,  
Халықтың көніл-күйі серпіледі.

09.05.2012

2012

## **НАР ТӘУЕКЕЛ!**

Соқты талай әке деп бұл жүрегім,  
Паспорт алып қояйын, кім біледі?  
Әкемді іздел жол журу қамын ойлап,  
Талай мына жүректі тілгіледім.

Мені алып баратын біреу керек,  
Денсаулық деген мықты тіреу керек.  
Жер бетінде журмін ғой әлі тірі,  
Намысымды қамшылап-іреу керек.

Әкемді іздел тапқанша шықпа, жаным,  
Және тіреп тұрған жоқ ықта малым.  
Жол жүретін қаражат мәселесін,  
Балалардың қалар ем құптағанын.

Нар тәуекел! Мен паспорт алайыншы,  
Өзімді тағы сынға салайыншы.  
Асықпаса тәңірім мені алуға,  
Әкемді іздел Орловқа барайыншы.

Барып, көріп оралу қабірінді,  
Қабыл алса бір Алла шағымымды.  
Көз жасымды басыңа төгіп қайтпай,  
Тежей алар емеспін сабырымды.

Тілегімді тәңірім қолдасын деп,  
Көрілігім кедергі болмасын деп.  
Паспорт алып қояйын, әзірленіп,  
Нар тәуекел, болсыншы жолдасым деп.



## **ЖАЙЫҚТАЙ БІЗДІҢ ЖЕР БАР МА?**

Көк кілем жайып тастаған,  
Батысқа, байтақ далаға.  
Шырқатып жатыр асқақ ән,  
Ауылда, дала, қалада.

Қырында гүлдер жайнаған,  
Көзіңің жауын алады.  
Далада еңбек қайнаған,  
Құстар да әнгө салады.

Көңілдің қылын шертеді,  
Көктемнің көркем келбеті.  
Секілді әлем ертегі,  
Оранған көкке жер беті.

Сан түрлі киім киінген,  
Адамдар гүлден аумайды.  
Көрініске көніл сүйінген,  
Бақытты сәтті аулайды.

Жайықтай біздің жер бар ма,  
Жаз шыға көкке оранған?!  
Көңілі көкте ел барда,  
Жүректе тұнған мол арман.



## ТҮС

Алып кетуге үлгермей үйіп тастаған,  
Жау жағының мұрдесі ме екен, мәссаған.  
Үйілген сүйек үстінде жүрмін түсімде  
Соғысқұмарлар тып-тыныш елді таптаған.

Мұндай жағдайлар кездескен болар, сұмдық-ай,  
Қырылған жаудың сүйегі ме екен, кім білген.  
Жақында сондай түс көрдім, куә бір құдай,  
Иланыңдаршы, өздері бәрін бұлдірген.

Шет жерде менің сүйегім қалар демеген,  
Тып-тыныш елге сұық қаруын кезеген.  
Тойымсыздық-ай, араның ашқан ажалға,  
Әздері келіп қырылды десе, сенер ем.

Сарғайған сүйек, тәбе қып үйіп тастаған,  
Өрмелеймін кеп сүйектерді тапалап.  
Түсімде оның үстінде жүрмін, мәссаған,  
Кеп жылап едім, сонікі болар «папалап».

02.05.2012.

## **АҚ БЕСІГІМ**

Бірге туған бауырға кедеймін мен,  
Хабарсыз жерлестерге не деймін мен.  
Сырым елі - туған жер болғандықтан,  
Әр тасын, әр жусанын елеймін мен.

Жанымды жадыратар хабар алмай,  
Елге барып, бой жазып тарана алмай.  
Қабырғамды қаусатып жүрген жай бар,  
Барғым келген уақытта бара алмай.

Мені Ақсайға қойғандай табандатып,  
Бүйрегімді ел жаққа алаңдатып.  
Елім жайлы тұс көрсем қуанар ем,  
Әйткені туған жерде анам жатыр.

Тал-жусаны елімнің қымбат маған,  
Уақытың жоқ мазамды ұрлатпаған.  
Туған жер, айналайын, ақ бесігім,  
Кеткенше бақи болып жырлап бағам.

**02.05.2012.**

## **ЖЕҢІС КҮНІН ОСЫЛАЙ ЖАҚЫНДАТҚАН**

Әкеміздің мінезі жайсаң болған,  
Анам адам айтқысыз қайсар болған.  
Бес қыз бағып аяқтан тік тұрғызған,  
Халық танып “Батыр” деп айттар болған.

Бізді бақты ас өтпей тамағынан,  
Солай анам бес қызды тік тұрғызды.  
Іштей жылап айырылды жанарынан,  
Ауыр жұмыс оның белін бүк қылғызды.

Зардап шекті соғыстан қаншама адам,  
Женіс күнін жан қалмай аңсамаған.  
Соғыстың құрбаны боп әкем келмей,  
Анамыздың жүргегін пәршалаған.

Соғысты ойлап тапқан тасыр заман,  
Аналар жайында сыр ашылмаған.  
Қайсарлық пен батырлық арқасында,  
Әмір сүрді тоқсан жыл ғасыр мамам.

Қайсарлықтан аналық хақын тапқан,  
Ауыр жұмыс күндіз-түн тақымдатқан.  
Қысты күні аққала соққан анам,  
Жені күнін осылай жақындарқан.

30.04.2012.

## **СОҒЫССЫЗ БЕЙБІТ ӨМІР – ҚАНДАЙ БАҚЫТ!**

Сен кеткенде мен төрт ақ жаста болғам,  
Сенен ерте айырылып қасқа болғам.  
Жоқшылықтың не түрін көріл өстік,  
Талай жылдар жана рым жасқа толған.

Сен осыны жан әке, сезесің бе?  
Бастан өткен зұлмат жыл ел есінде.  
Тыныштық орнағалы өтіп жатыр,  
Алға жылжу, жетпіс жыл белесінде.

Өркендел, өсіп-өну белең алды,  
Бұл өмірді бізге Алла қия салған.  
Біздер үшін бір ғасыр келе қалды,  
Қой үстіне бозторғай ұя салған.

Әуреміз өскен елмен бақ таласып,  
Түгендеп жүрміз заңың ақ-қарасын.  
Соғыссыз бейбіт өмір қандай бақыт!!!  
Шайқап төгіп алмайық, бақ шарасын.

Қазіргі өмір тамаша, жарқын деймін,  
Қанағатшыл болайық халқым деймін!!!.  
Ел бірлігі, достығы, байлығымыз,  
Қайырлы етө көргін артын деймін!

29.04.2012.

## **МАҚТАНУҒА БОЛАДЫ**

Мақтан етер ұл-қыздар бар,

Қазақ деген халықта.

Асып туған бір қыздар бар

Соның бірі Ақштап.

Жайықтың Ақшағаласы,

Қосарланған есімі.

Өлеңмен жүр жағаласып,

Менгерген жыр тетігін.

Жаны нәзік, сезімтал жан,

Жаратылған жасыннан.

Жас-кәрілер, өрімталдар

Табылады қасынан.

Аяулы жар, ақын ана,

Жеткілікті атағы.

Халқы ерте берді баға

Жырмен таңы атады.

Ақштаптай ақын қызбен,

Мақтануға болады.

Көп жұмысты батыр қызбен,

Атқаруға болады.

**14.03.2012 жыл**

## **ЕРКІНДІК**

Әр жылымыз бір ғасырға бергісіз,  
Шын емес пе, не дейсіңіз енді сіз?  
Естігенді көзбен көрдік, қол ұстап  
Заман кештік адам айтса сенгісіз.

Іске асырдық талай заңның жарғысын,  
Іс тындырыдық адам айтса наңғысыз.  
Елбасының амандығын ел тілеп,  
Барша халық айтып жатыр алғысын.

Тілегіміз «Достық, бірлік, тыныштық»  
Айтар ойды емеуріннен ұғыстық.  
Қындықты жеңіп жеткен еркіндік  
Бостандығым жүрегіме тым ыстық.

13.03.2012.

## **СОЛАЙ, БАУЫР**

Сен шалқайдың аудандық әкіммін деп,  
Мен шалқайдым жасы үлкен ақынмын деп.  
Екеуміз де қоялық шалқаюды,  
Ақылдасар ортақ іс, жатыр міндет.

Жылы сөзді арнар ем балам деген,  
Бәлкім жасым шамалас анаңменен.  
Мен сол елдің қызымын, сондықтан да,  
Үмітім зор, апаң бол қалам деген.

Кешіктірмей сұхбатқа шақырарсың,  
Ақылдасып үлкенмен жатығарсың.  
Жасым үлкен иілу сізден болса,  
Көре алмай жүргендер қапы қалсын.

Солай бауыр, айтарым хордаланды,  
Абыройлы үлкен іс жолда қалды.  
Әмір жайлы әңгіме қозғамақ ем,  
Қадыры жоқ деген сол қолда бардың.

Өлмей тұрып кездесіп көрсек деймін,  
Кесек ойлар мазамды бөлшектейді.  
Іштей налып жүретін кездерім бар,  
Көз жасымды ешкімге көрсетпеймін.

Жүрегімді екіге бөліп жүрмін.  
Туған жерді анамдай көріп жүрмін.  
Жүріп-тұру қындалп бара жатыр,  
Үлкендік қой, тағдырға көніп жүрмін.

12.03.2012 жыл

## **НАМЫС БОЛСЫН ҚАНЫҢДА**

Менің айтар бір сөзім бар халыққа,  
Менде ешбір байлық жоқ деп тарықпа.  
Аспаның мен жер-анаң зор байлығың,  
Сен адамсың үлесінді алып қал.

Миыңды қос, қолыңды қос еңбекке,  
Тиесілі ырыздықты термекке.  
Сонда ғана сен кедей бол қалмайсың,  
Тырысып бақ, өзіңе күш бермекке.

Мақсат қылсаң бұзылмайтын қамал жоқ,  
Жан-жағыңа қара, қалма надан бол.  
Тырыс, ізден, алға жылжы әрдайым,  
Бұл өмірге келгенсің сен адам бол.

Табиғаттай бай ата-анаң барында,  
Жанұяңыз болса түгел жаныңда.  
Сен жалқаудың маңайынан табылма,  
Ең бастысы намыс болсын қаныңда.

12.03.2012 ж.

## **Ақ әжем**

(Немеремнің өтініші)

Жайрандап журсем түлеген.  
Жабырқап журсем жудеген.  
Менің асыл, ақ әжем.  
Алдыңда аман журе бер.

Ұрпағым аман болсын деп.  
Басына дәулет қонсын деп.  
Жүретін ип батамен,  
Ақ әжем аман болсын тек.

Жанашыр жақын, бауырға  
Қоршаған бүкіл ауылға.  
Тілекшім әркез қамқоршым,  
Аман жур, әжем, ауырма.

Ақ әжем қалған көнеден,  
Әрқашан сабак өнеген.  
Шуағын шашқан жанарың  
Мейіріміңе бөлеген.

2.03.2012 жыл.

## **ӨЛЕҢ БОЛЫП КЕТЕМІН СӘТТІ КҮНІ**

Мен өмірді әлімше жырлап бағам,  
Әр сағатым, әр күнім қымбат маған.  
Күйкі тірлік, ізденіс, әрекетпен  
Алға жылжып уақытпен зырлап барам.

Бәріңе аян тірліктің тәтті күні,  
Ерте шығып, кешіне батты күні.  
Адам болып бір мезет өмір сұрсем,  
Өлең болып кетемін сәтті күні.

Жай жылжиды уақыттың дөңгелегі,  
Биіктерге шығам деп өрмеледім,  
Аяқ жетпес жерлерге жырым жетсе,  
Онда менің ақиқат өлмегенім.

10.02.2012.

ӘЗІЗ

## **БІЗ ЖЕНДІК БҮГІН ТАҒЫ Да**

Хоккейшілер бүгін орын алмасты  
Қазақстан мен Америка бол жалғасты.  
Жапалақтап қар төгіп тұрды көк аспан,  
Көк мұздың бетін ақ үлпа ақша қар басты.

Қарамай қарға бәсеке тағы басталды,  
Қызықтап бақтық аспаннан жауған ақ қарды.  
Шаң қауып қалды, қарсылас жағы сүрінді,  
Біздердің жақтан артық доп талай тасталды.

13:3 бол біз жендік бүгін тағы да,  
Біздерде жеңіс - айбынды елдің бағына.  
Жанқүйерлердің қуаныштары жалғасты,  
Қуандым мен де, барады жағып жаныма.

30.01.2012.

**ЖЕҢДЕК**

## **БІЗДЕР ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫН КҮТЕМІЗ!!!**

Алматыда - Мұз айдыны - ойында,  
Күә болдық Медеудегі ойынға.  
Бар назарым жекпе-жекке ауғанда,  
Намыс оты алаулады бойымда.

Казақстан-Норвегия боп ойнап,  
Мұз айдында секірді-ай кеп доп ойнақ.  
Арасында қателіктер кетсе де,  
Жабығуға мұрша болмай, оны ойлап.

Халықаралық допты хоккей Медеуде,  
Біз әзірміз жанқүйер бол демеуге,  
Қазақ елі допшылары қарқынды.  
Біздің жақтан тұрар ерлік елеуге.

Біз алыстан қарасақ та қол соқтық,  
Қазақстан үсті-үстіне гол соқты  
Жанқүйерлер ертелі-кеш ағылды,  
Қайғырмaston болғанына жол соқты.

Он да бір боп аяқтадық біз бүгін,  
Отандастар шаттаныңыз сіз бүгін,  
Жарайсындар, жарайсындар қырандар!!!  
Елге алып берген жеңіс тізгінін.

Жарайсындар допты қуған, жігіттер,  
Алтын-күміс, қолалардан үміткер.  
Біздер әлем чемпионын күтеміз!!!  
Оны ойын нәтижесі іріктер.

29.01.2012.

## **АСЫЛ ӘЖЕҢ ТІЛЕКШІ**

Бала-келін жұбай тапқан жарасым,  
Бір келінім бес баланың анасы.  
Көкелерім қатар өсіп келеді,  
Екі-ақ жылдай жастарының арасы.

Шеттерінен бәрі ерке бұзықтар,  
Жүргеніміз қылықтарын қызықтап.  
«Асыл әжем» деп құшқаны мойнымнан,  
Жүрегімді елжіретер қылықтар.

Бала-келін екеуі тым балажан,  
Келінімнің мінезі бір дара жан.  
Көп балалы шаңырақ боп атанған,  
Осы екеуі бір әулеттен тараған.

Шаңырағым жайқалуын жалғағай,  
Мұңсыз өмір жалғасса екен әрі қарай.  
Тілден, көзден аман болғай ұрпағым  
Армандары алыстарға самғағай.

Бастарыңыз сәл ауырса дір етті,  
Бар балама бөліп қойдым жүректі.  
Қастарында жүрмесем де қашанда  
Біліп жүргін «Асыл әжең» тілекші.

23.01.2012.

## ЕЙ, ПЕНДЕЛЕР

Сен шырақ, мына мені қайран қылдың,  
Біреудің отағасын айналдырдың.  
Әйелін, балаларымен қоя бертіп,  
Тып-тыныш жанұяны майдан қылдың.

Тартып тиген жігіттен көрінді мін.  
Сен бе, ол ма, айт шырақ төзімді кім?  
Әмір бойы өкінер жағдайың бар,  
Өзің жаққан отыңа өзің жылың.

Адамдардың арсызы, арлысы бар.  
Айрылысқан жандардың қарғысы бар.  
Біреулердің отбасын ойрандасаң,  
Әмір бойы төлейтін жарғысы бар.

Өкінерсің, өзіңді тежемесең,  
Әмір заны осындаі неге десең.  
Зор қайғыға өзіңді батырарсың  
Біреулердің қайғысын елемесең.

Жап-жас әйел жылап жүр, жанын жеп жүр,  
Жастайымнан ортайды бағым деп жүр.  
Өзімді емес, аямын балаларды,  
Әкелерін жоқтайды жаным деп жүр.

Айрылысу қындау қосылудан.  
Ей, пендeler, аулақ жүр тосын удан.  
Араңызда балалар болса егер,  
Әрекет қыл қайтадан қосылуға.

20.01.2012

## **МЕН КЕДЕЙГЕ ЖАТПАЙМЫН**

Мен кедейге жатпаймын,  
Кеудемде бар қазынам.  
Ел сенімін ақтаймын,  
Сәті түссе жазылар.

Мен кедейге жатпаймын,  
Бар Отаным, айбыным.  
Жанарымда сақтаймын,  
Бар аспанда Ай-күнім.

Мен кедейге жатпаймын,  
Қол-аяғым, көзім бар.  
Бәрін миға қаттаймын,  
Рухани тәзім бар.

Мен кедейге жатпаймын,  
Қазақ деген тәгім бар.  
Көз нұрындай сақтаймын,  
Ұлан-ғайыр жерім бар.

18.01.2012.

## АЙТАРЫ БАР АҚЫН ҚЫЗ

Айтары бар ақынның,  
Айбары да бар деп біл.  
Айта алған ақынды,  
Қаймықпайтын жан деп біл.

Батырлық пен қайсарлық,  
Өлең болып өрілген.

Ақын қызша айтарлық,  
Көрінбей түр көбінен.

Нәзіктік пен ақындық,  
Тал бойына жарасқан.

Жаратыпты жасын ғып,  
Тумысынан жаратқан.

Айтары бар ақын қыз,  
Жыр жаза бер татымды.

Оқып, талдап жатырмыз,  
Сұхбат берген хатынды.

Жұбан менен Қадырдың,  
Жалғасы бол, мың жаса.

Дей алмаймын, аз үлгің,  
Ел ақынын тыңдаса.

Сөз патшасы өлеңнің,  
Туын көкке желбірет!

Арнасы кең өзеннің,  
Барап жерін сел білед.

Жарамсақтың шоғырын.  
Қиналасың тия алмай.

Ондайлардың тобыры  
Жол кеседі үялмай.

Ақындардың жүгі ауыр,  
Көтертпейді, мың батпан.  
Өлең жазу тым ауыр,  
Жанды қинап тіл қатсан.  
Бұл шумақтар келді де.  
Көмейіме кептелді.  
Айта берем енді де,  
Келе қоймас шектелгім.

16.01.2012.

## АУАДА МЕНИҢ БЕСІГІМ

Болмаса көкте ісіңіз,  
Аспаннан жерге түсіңіз.  
Сіз бенен бізді күтіп жүр,  
Атқарар біраз ісіміз.

Жарыла алмай ағынан,  
Сырласа алмай тағы да,  
Менің де жүрген жайым бар  
Жақындей алмай маңына.

Бармасам іздел кешірім,  
Сексеннің қақтым есігін.  
Аспанда, жерде үйім жоқ  
Ауада менің бесігім.

Ауада үйім болғасың,  
Белгілі күйім болмасы,  
Алдымен өзім шақырып,  
Ерулік беру жол басы.

Шақырдым, таптың сылтауды  
Кездестірмепсің мылқауды  
Әлі де біраз жасасам  
Тұрғызар едім жыр-тауды.

Өзгеден жоқ аласым,  
Ешкіммен жоқ таласым.  
Жыр жолына тұс деген,  
Ұлы ақынның бағасы.

Батыр десе, батырмын

Ақын десе, ақынмын.

Кезексіз үй сұрап ем,

Үй ала алмай жатырмын.

Реті оның болмай тұр.

Құқығымды қорғайтын,

Шықпай тұр бір әділ жан

Ақылға мұлдем қонбай тұр.

16.01.2012

## ШАҢЫРАҚТЫҢ ШАТТЫҒЫ

(Ұстаздық тапсырмасына шыгарған).

Шуақ шашып жанары,  
Бал-бұл жанып ажары,  
Бізді көрген анамның  
Жадырайды қабағы.

Қуантады ананы,  
Сәбілердің тәтті үні.  
Балалы үйдің ажары  
Шаңырақтың шаттығы.

Балалы үй бақытты,  
Сезбес өткен уақытты,  
Үй ішіне балалар  
Толтырады шаттықты.

8.01.2012.

## **КӨШІРМЕМДІ НЕМЕРЕМ ҚАЙТАЛАДЫ**

Қалай өтті жетпіс бес байқамадым,  
Әжемін деп бақытты айта аламын.  
Әмірімді өлеңім ұзартады,  
Көшірмемді немерем қайталады.

Еткен ісім асты елдің кәдесіне,  
Кейде түсіп кетеді бәрі есіме.  
Мені мәзғып қояды көрген жандар,  
Айнымаған Гаунарым әжесі деп.

08.01.2012.

## **ЖЕР ШАРЫНА ТІЛЕЙТІНІМ БҮТІНДІК**

Кезектесіп қасыма кеп жатады,  
Солар қойған «Асыл әже» атағым.  
Қайда тұрса балаларым сол жақпен,  
Телефонмен хабарласып жатамын.

Мына ғасыр таңғажайып ғасыр ғой,  
Жиі-жиі қайталанаң басымда ой.  
Жердің шарын көз алдыңа көрсеткен,  
Өнер тапқыш адамдар да асыл ғой.

Бір қаламен бір қаланың арасын,  
Екі-ақ сағат ұшып жетіп барасын.  
Айлап, жылдап алыс жолға баратын,  
Артымызда ғасыр қалды шарасыз.

Айтқым келіп отырғам жоқ күпірлік,  
Заманыма айтам, халқым, шүкірлік.  
Елім тыныш, халқым аман болса екен,  
Жер шарына тілеймін бүтіндік.

05.01.2012.

## **ҮЛКЕНДІК**

Әрі жылап, әрі күліп аламыз,  
Қайтты ғой деп, қуат-жігер, бағамыз.  
Екі кемпір отырып ап сөз қозғал,  
Қай-қайдары өткенді еске саламыз.

Ақыл-ой да, санамыз да ескірген,  
Біздер үшін мына уақыт кешкірген.  
Денсаулық пен қайрат күшті азайған,  
Енді тартып ала-алмаспыш ешкімнен.

Бұлдырайды екі көздің жанары,  
Жыламай-ақ жанарадан жас ағады.  
Қайта оралмас жастық шақтың елесі,  
Ой түбіне шым-шым батып барады.

## **САУДАНЫҢ СИҚЫРЫ БАР**

Алдауға шыныққандар,  
Ақшаға құныққандар.  
Алланың бар екенін,  
Ешқашан ұмытпандар.  
Иманнан үміт барлар,  
Құлқынды құлыптаңдар.  
Қанағатшыл жандарды  
Әрқашан ұлықтаңдар.

Беделің шашылғанда,  
Ақшамен дос боларсың.  
Араның ашылғанда,  
Араммен қос боларсың.

Түбінде опынарсың,  
Құлқынды тежемесең.  
Тақырға отырарсың  
Ол - шындық, неге десең.  
Сауданың сиқыры бар,  
Теренғе батыратын.  
Жеткізіп титығыңа  
Артынан аň ұратын.

## КЕШІР МЕНІ

Бір әулетке тағдырдың әлі жетті,  
Кіндігінен мен қалдым, бәрі кетті,  
Күтумен, сағынумен, аңсауменен.  
Уақыт көз алдымда ағып өтті.

Қыздарың әр жерлерде төмпе болды,  
Қымтап-ап жер анамыз көрпе болды.  
Өз жерімде жатыр деп жұбанушы ем,  
Одақ тарап, Орел шет өлке болды.

Кейпінді елестете алмасам да,  
Жазамын өлең арнап анда-санда,  
Түсіме жетпіс жылда бір енбедің,  
Әкелеп әнге қосып зарласам да.

Маған да сезем уақыт таялғанын,  
Пенденің орындалған қай арманы?  
Әкенің жоқтығының кесірінен  
Кенірек қанатымды жая алмадым.

Жетпіс жыл күндер батып, таңдар атты,  
Қара жер қалағанын жалмап жатты.  
Басыңа жасым асып бармағаным  
Жан әкем, кешір мені, жанға батты.

Сеземін уақыт менен озғандығын,  
Жас келді, өңім және тозған бүгін.  
Қолымнан бар келгені осы болды.  
Атынды тасқа басып сөз қалдырдым.  
Бұл күнде ардагерлер сиреп қалды,  
Басымды тағдырыма имек қалды.  
Көкіректің түбінде тастай болып,  
Жиналған сағыныштан түйнек қалды.

## **КӨҢІЛ-КҮЙІМ ОЙНАМАЛЫ**

Жаралған кіндігінен даланың кең,  
Кең пейіл, жаны жайсаң анамын мен.  
Қиналам кейде ұшқыр қиял қысса,  
Сол сэтте достасамын қаламыммен.

Ойымды ақ қағазға ақтарамын,  
Жалт етсе шабыт шіркін шаттанамын.  
Жарқ етіп жан-жағыма жарық беріп,  
Сәулө боп шашылуға шақ қаламын.

Жақпаса көңіліме ойлағаным,  
Болады көңіл-күйім ойнамалы.  
Қасқайып қындықты бұзып-жарып,  
Әмірге келген жанмын тойлағалы.

## АЛҒЫС

(«Қарашығанақ» телеарнасының  
директоры Олег Перегудовқа)

Экраннан көрсетті барды-шынды,  
Талай нәрсе үрпаққа қалды құнды.  
Сіз бенен біз бірігіп іс атқардық,  
Айтқым келді Олегке алғысымды.

Бұл жұмыстан тауып жүр ырысын да,  
Таныс болдым көп жанмен жұмысында.  
Оксана, Жайнағұл мен Дариғалар  
Журналистер атақты қыры сынған.

Кімдер келіп бұл жерге, кім кетпеді,  
Есімдерін бәрі де кірлетпеді.  
Людмила, Бақытжамал, Гүлназдардың  
Есімдерін атаған міндет тегі.

Қарауында жасап жүр біраз адам,  
Көптен таныс жүздері ірә маған.  
Тұнып тұрған жұмыста сыпайылық  
Жұмысының жылы жоқ тұралаған.


Олег өзі екен бір жайлы жігіт,  
Ұстаса да қолына майлы жілік.  
Көтергенін кеудесін көргенім жоқ,  
Жұмысына білімі сыйлы жігіт.

Қарапайым отырған орыны да  
Ұқсамайды бастыққа порымы да.  
Қанша барсам ұстінде қызу істің,  
Талай рет көз көрді оны мына.

Талай сұхбат тілшіге беріп жүрдім,  
Қанша тілші қыздарды көріп жүрдім.  
Аты-жөнін ұмытам сұрасам да  
Оператор жігіттер өріп жүрді.

Экранның келтірдің сәнін деймін,  
Өнерімнің көрсетті бәрін деймін.  
Он бес жылдай таныспын жұмысына  
Мен Олегтің бір басын қадірлеймін.

Келбетінді әлі де ашар халқын,  
Алда талай жылдарың болсын жарқын.  
Шексіз алғыс айтамын, Олег, сізге,  
Бағаланаң жұмысың, асар даңқын!



## АҚСАЙҒА – 45 ЖЫЛ

Бүгін, халқым, Ақсайда қала күні,  
Айрықша атап тойлайтын дара күні.  
Газ, мұнаймен өлемге әйгілендік,  
Беріп жатыр маңқыл дағала мұны.

Қаладан керегіміз табылуда,  
Жұмыс қолы қалаға ағылуда.  
Келген халық тұрақтап қалу үшін  
Фимараттар әдемі салынуда.

Бұдан алпыс-жетпіс жыл бұрындары,  
Қыз едім желкілдеген тұлымдары.  
Ақсайды Қазақстан деп атайтын,  
Айтпағым осы еді бұл жырымдағы.

Тарихтың ене берсек тереңіне,  
Көп естелік ойыңа келеді де.  
Ақсай деп атау алған Қазақстан  
Қала болды айналған кемеліне.

Бұл күнде Ақсайға бақ қонып отыр,  
Айтпағым осы тарих болып отыр.  
Ақсай деп атау алған бұл қалаға,  
Дәл биыл қырық бес жыл толып отыр.

Қаланы өркендету қолымызда,  
Кедергі кездеспесе жолымызда.  
Жасампаз қала халқы атаныңыз,  
Бай және бақуатты болыңыздар!

01.10.2012.

## **ІСКЕ СӘТ**

Жақсылықты ала келген жас әкім,  
Бүгін сізге тілей келдік он қадам!  
Халық үшін жұмыс орнын ашатын,  
Елбасымыз жарлық берді ондаған.

Газ өндейтін завод бізде салынбақ,  
Сол заводтан түрлі өнім алынбақ.  
Жұмыс күтіп жүрген талай жастарға  
Іске кіріс демекшіміз жалындал.

Олай болса, құтты болсын бастама,  
Бастамаңыз үлгі болсын басқаға.  
Бөрліліктер айта келдік іске сәт  
Бізден газды күтіп отыр Астана.

Жаңалықты халық болып қолдаймыз,  
Жақсы іске біз кедергі болмаймыз.  
Халық қамын ойлад жүр ғой Елбасы,  
Елбасына үлкен алғыс жолдаймыз.

Ақсай өсті жылдан жылға жаңарып,  
Іс бастаңыз жатырқамай адамын.  
Қажет жерде көмекке біз әзірміз  
Ал, қарағым, құтты болсын қадамың!

2012 жыл.

## ШАҢЫРАҚҚА ҚАРАНДАР

Деп келдік орыстарды аға халық,  
Көп болды Одақ құлап, тарағалы.  
Сөз бастасаң болмай ма, шешендер-ау,  
Алдымен шаңыраққа қарап алып.

Басшы, қосшы жасайды баяндама  
Уақыт ұту мақсаты аян маған.  
Анда-санда қазақша сөз болады,  
Сұрақ-жауап секілді аялдама.

Анамыздың тіліне жарып тұрған,  
Көненің көзіміз біз қалып тұрған.  
Өз елінде орысша сайрағанды  
Қиянат деп ойлаймын барып тұрған.


Бір кезек жандарыңды қинаңдаршы,  
Діліміз, тегімізде иман бар шын.  
Өзге тілдің бәрін біл, артта қалма,  
Алдымен анаң тілін сыйландаршы.

## НАЗ

Атағымды лайықты алажақпын,  
Мен де бір күн ана жаққа баражақпын.  
Тірісінде көзімнің елемей жүр,  
Әлдеқашан құрметті азаматпын.

Атағымды сұрамай берер емес,  
Өлгеннен соң бергені керек емес.  
Біліп-білмей өлгенді мадақтайды,  
Өтірік-шын араласқан дерек емес.

Айтар назым еліме бар секілді,  
Наз айтуға қозғайтын ар секілді.  
Жақсы-жаман өмірден озып жатыр,  
Жауып қайта еріген қар секілді.



## **РУХАНИ АЗЫҒЫММЕН ЕМДЕЛЕМ**

Тамағым жоқ, киімнен де кенде емен.  
Әмір жылжып өтіп жатыр елменен.  
Жүрек сыздап, жан ауырган кездерде  
Рухани азығыммен емделем.

Жанашырым санамдағы ақылым,  
Ол өзі бір көрінбейтін тақырып.  
Ренішті қалдырам да жауапсыз  
Рұхымды жұбатамын ақырын.


### **AҒА, СӘЛЕМ!**

*(Қадыр Мырза Әлінің руҳына)*

Шабыт сыртқа шапшымай табандаса,  
Тұрған бойда ағамен амандасам.  
Мен өлеңді қоярмын деп ойлаймын  
Түскен шақта қолымнан қалам қашан.

Аға, сәлем, мен бүгін аман өрдім,  
Әмірімді өлеңсіз жалаң көрдім.  
Жарты ғасыр жырыңды қысысам да,  
Келбетінді елуге таман көрдім.

Тілдескім-ақ келеді, алыстамын,  
Бұдан бұрын кездестік, таныспадым.  
Түсіп алып өлеңнің соқпағына  
Бұл күндері мазасыз қалыптамын.



## **ЖАУАП**

Жолды кестің, ол мені қайрағаның,  
Түбі естисің ақынның сайрағаның.  
Мені білмей жүргенің өкінішті,  
Басшылыққа басыңды байлап алып.

Үй сұрармың, ал сізден сұрамаспың,  
Жігітсіз бе сіз осы ұлағатты.

Сізден менің, қарағым, күмәнім бар,  
Қарық қылып жүрсіз бе жүрағатты.  
Қолыңа бір билікті ұстап алып,  
Не қылғаның үй жоқ деп қыстағаның.  
Жауабымды өлеңмен қайтарайың,  
Қаламымды қайтадан ұштап алып.

Жан емеспін ойлайтын бір күндігін,  
Үй алуға болған жоқ мүмкіндігім.

Қаламмен жыр, инемен үй тұрғыздым,  
Оған куә болып жүр жүртүм менің бүгін  
Жетіп жатыр жүйкемді тауысқаның,  
Байлық-билік, қарағым, ауыспалы.  
Еңбегімді сініріп үй сұрадым,  
Лайық па ақынмен жауыққаның.

Салмағымды басшылар ұғар дедім,  
Кезексіз үй беретін шығар дедім.

Өлгеннен соң жететін кезек күтіп,  
Жауап жазбай мен сізге тынар ма едім.

Дей алмаймын тағыңа қатты орнапсың,  
Маған және қызыма хат жолдапсың.  
Үйді беру қолыңнан келмесе де,  
Ақын ана намысын тақ қорлапсың.

26.12.2011.

## ШЫН ЖҮРЕКТЕН

Сіздер мен біз ширек ғасыр құдамыз,  
Жиендерге нағашы боп шығамыз.  
Содан бері Жағалбайлы жағы мен,  
Тату-тәтті араласып тұрамыз.

60 деген тал түс депті бабамыз,  
Екеуіздің жақын дейді араңыз.  
Мерейлі той ұзағынан болсын деп,  
Бізден сәлем жолдап отыр анамыз.

Мұндай тойда неге бірге болмаймыз,  
Анамыздың ақ батасын қолдаймыз.  
Нурик-Шолпан, Зайтуна боп сіздерге,  
Шын жүректен иғі тілек жолдаймыз.

Зайтуна, Нұрлыхан-Шолпан.  
27.11.2011 жыл

## **СЕРҒАЗЫ МЕН АЖАР ТОЛҒАН АЛПЫСҚА**

Мұқалмаған алпыс жылғы тартысқа,  
Серғазы мен Ажар толған алпысқа.  
Екеуіңзге ақ тілегім айтатын,  
Тіршіліктің бар қызығын қарпып қал.

Қуат, жігер бойларыңдан табылсын,  
Мазалайтын дертер бойдан жаңылсын.  
Ұл мен қыздың қызықтарын көріңіз  
Санаңыздан уайым-қайғы арылсын.

Бақытты өмір кешініздер шынайы,  
Жұптарыңды айырмасын құдайым.  
Бір-біріңмен қол ұстасып екеуің,  
Бір-біріңе сүйеніш бол ылайым!

Ажар-Сері, тілегімді қабыл ал,  
Құдалық жыл көрген емес ажырап.  
Қанша ғұмыр беру Алла қолында,  
Жастарыңа жас қосылып тағы да!

22.11.2011.

## ҚАЗАҚ ЕЛІ ОСЫНДАЙ

Мұнайдан байлық ағылды,  
Газынан отын жағылды.  
Жер қойнына кез келген,  
Барлық байлық табылды.  
Даңқын естіп байлықтың,  
Шеттен халық ағылды.  
Жақсылықтың дабылы,  
Естіледі жағымды.  
Ғасыр өтті сандаған,  
Өтті және сан бабам,  
Ақыл-ойын кеменгер,  
Адамзатқа арнаған.  
Байлық іздеп және де  
Басқа елге бармаған.  
Жер қайысқан мал бағып,  
Маңдай терін жалдаған.  
Болашағын ұрпақтың  
Алдын ала қамдаған.  
Тартсаң майы шығатын,  
Ұлан-байлық елім бар.  
Тек намыстан тұратын,  
Қазақ деген тегім бар.  
Жер бетінде қаншама  
Теріп жейтін жемім бар.  
Бар байлығым өзімде,  
Жүртта қандай кегім бар.

Бар әлемге айқайлап,  
Мақтанатын жөнім бар.  
Құшағы кең қонақжай,  
Арқа сүйер елім бар.  
Қазақ елі осындай,  
Үйге келген қонаққа  
Есік ашқан шошынбай.  
Қарамастан ұлтына,  
Бәрін көрген досындай.  
Үйге кірген жыланды,  
Әлтірмеген бабамыз.  
Шақпасына күмәнді,  
Сол жыланның басына  
Үйден жайлап шығарып,  
Ақ құйыпты анамыз.  
Тас орнына ас беріп,  
Жауды дос қып аламыз.

22.11.2011.

Ж

## ҚУАНЫШ ПЕН ҚАСІРЕТ АРАЛАСТЫ

Елімнің батысында бұлік болды,  
Ұмытылmas сорақы қылыш болды.  
Естіген кезде осы масқараны  
Жүздеріміз әрине, сынық болды.

Көріністі жатты әлемге жарнамалап,  
Сол күні түйілмеген бар ма қабақ?  
Тәрк етті тәуелсіздік күнімізді  
Ыңадан жарылмаған бар ма қазақ?

Ұстатты жағамызды нансаңыздар,  
Өз елім, шет елдер бар, баршамыз бар.  
Бұл сұмдыққа қандай мән берер едің  
Экраннан көре алмай қалсаңыздар.

Сан ғасыр күткен осы күнімізді,  
Бағалап, қастерлейтін ұлымызды.  
Күн еді ғой мақтан ғып еске сақтар,  
Уақыт кешіре ме мұнымызды?

Үрлеушілер неткен топас жандар еді,  
Бұзықтар-ау не деген аңғал едің?  
Әлде кім айдал салды, соған нанып,  
Өз қолыңмен ананды жарған едің.

Есірдің, алды-артыңа қарамадың,  
Өз анаңың жүрегін жарападың.  
Жер басып жүре алмластай қылмыс жасап,  
Енді қандай ақталар бар амалың?

Демендер далада зат тегін жатыр,  
Қаншама адам зардап шегіп жатыр.  
Қаскөйлер мұнша зиян келтіргендей,  
Алмаған тағы қандай кегің жатыр?

Қуанышқа қасірет араласты,  
Мына дүлей жандарды қара басты.  
Бүтіндігін елімнің бұзды-ау деген  
Күдігімді жасырған жарамасты.

Бұлдірдіңдер, бұлдіргі тасыдыңдар,  
Әйелің бар, ерің бар, жасығың бар.  
Өздеріңді өздерің өртке тастанап,  
Бастап жүрген ортаңда пасығың бар.

Бақытты едің ел тыныш тұрғанында,  
Өртедіңдер, қираттыңдар, үрладыңдар.  
Оттан ыстық Отанды қан жылаттың,  
Нәтижесі, баттың ба мұрғалымға?

Ойладың ба алдыңды бұлінерде,  
Есіңе алшы анаңды күніренген.  
Ар азабын тартарсың басқа түссе,  
Қолыңа кісен салып, сүрінерде.

Дұшпаның кеуденіңді үрлеп топқа салған,  
Тірілей сені жанған отқа салған.  
Күйдірдің қанатыңды көбелектей,  
Бақытпен мәңгі бақи қоштасарда.

Бүтінді бұлдіргенмен келіспеймін,  
Бұзақы істеріңді теріс деймін.  
Қирағанды бүтіндер, орны толар,  
Жан жарасын мен қалай тегістеймін?

21.12.2011 жыл

## **АҚ БАТА**

*(Қабасова Асылзат қызыма)*

Ақынның жүгі салмақты,  
Ақындық сені таңдапты.  
Көтерер жүгің тым ауыр,  
Болуың керек жан-жақты.

Менен келіп бата алдың,  
Сен ақын қыз атанғын.  
Азабына шыдап бақ,  
Шет-шегі жоқ сапардың.

Жүрек нұрын себейін,  
Ақбатамды берейін.  
Арманың, қызыым, тым биік,  
Мақсатыңа сенейін.

Дарынға қарсы шықпағын,  
Қыын да болса ұстағын.  
Ақын болғың келгені,  
Ақынды үлгі тұтқаның.

Үлгі тұтсаң ананды,  
Қолыңа ал қаламды.  
Халқың сүйіп оқитын,  
Жыр жазғайсың жарамды.



## **БАҚЫТТЫ ШЕРУ**

Береке-бірлік, ынтымақ күні халықтың,  
Бірінші мамыр достықты айқын танытты.  
Қаланың халқы шыққандай тегіс көшеге,  
Қаланың бағы - халықтың бағы, анық бұл.

Әдемі көрініс секілді Жайық толқыны,  
Толқынды толқын қуалағандай сол күні.  
Адамдар олар сан түрлі гүлге үқсаған,  
Адам-гүлдерге толғандай Орал қолтығы.

Халықтың сол күн жүздері сондай жайдары,  
Сан түрлі шарлар сән беріп қолда жайнады.  
Бақытты шеру секілді теңіз толқыны,  
Толқынға үқсап желбіреп көк Ту - байрағы.

Не жетсін тойға тірлікте мына жалғанда!  
Толқынға халық үқсады десем таң қалма.  
Сан түрлі гүлдер даланың жаны  
бабаларымның үрпағы,  
Жете алмай кеткен сандаған ғасыр арманға.



## ҚАЗАҚ ДЕГЕН ОСЫНДАЙ ХАЛЫҚ БОЛҒАН

Шапанын оюменен өрнектеген,  
Санасын рухани шөлдетпеген.  
Түйенің қомдарында, ат жалында  
Қызылды, жасылды боп көлбектеген.

Көктегі құс жолымен бағыт тапқан,  
Ұл-қызын еркіндікте бағып-қаққан.  
Шетінен әнші, жыршы ел атанып,  
Әйелі тау қопарар алып тапқан.

Қазақ деген осындей халық болған,  
Аң мен құстың тіліне қанық болған.  
Көшпенді ел атанып, дала жайлап,  
Жүрсе де көкірегі жарық болған.

Осындей текті халық болған бабам.  
Қонақжайлық жағынан озған бабам,  
Есігін ешқашанда құлыптамай,  
Үйлері қамалменен қорғалмаған.

Ерлерін ел қорғайтын қалғытпаған.  
Жесірлерін ешқайдада қаңғытпаған.  
Ұланғайыр жерлерге ие болып,  
Жүрсе де үй салуды мандытпаған.

Хан өткен талай ғасыр таққа қонған,  
Қыздары жау шапқанда атқа қонған.  
Бабалар қорғап келген паң даламыз,  
Бақыт пен байлығымыз басқа қонған.

Көздерін дос-дүшпанның қарықтырған,  
Сұлу туған, жан жағын жарық қылған.  
Елін-жерін қорғайтын батыр туған,  
Қарасаң көз тоятын алып тұлға.

Қазақтың әлемге аян шашпалығы,  
Ақ адап, аңғалдығы, баста міні.  
Жазбаған өз тарихын сан ғасырлық,  
Аңызбен бізге жеткен асқақ үні.

Жазбалай қолданбапты хат-хабарды,  
Болыпты қыздары да мақтанарлық.  
Беделді ел билеген ерлер болған,  
Хан депті ел билеген патшаларды.

10.11.2011.

## ПАРАСАТТЫҢ АРҚАСЫ

Әр жылымыз бір ғасырға бергісіз,  
Шын емес пе, не дейсініз енді сіз?  
Естігенді көзбен көрдік, қол ұстап  
Заман кештік адам айтса сенгісіз.

Іске асырдық талай заңның жарғысын,  
Іс тындырдық адам айтса нанғысыз.  
Елбасының амандығын ел тілеп  
Барша халық айтып жатыр алғысын.

Тілегіміз достық, бірлік, тыныштық.  
Айтар ойды емеуріннен ұғыстық  
Қындықты жеңіп жеткен еркіндік,  
Бостандығым жүрегіме тым ыстық.

Еркіндікті жиырма жыл тойладық  
Ұрпақтардың болашағын ойладық.  
Жалғастырдық ата-баба дәстүрін,  
Қонақжайлық салтымызды жоймадық.

Жер шарынан ойып орын алғанбыз,  
Әмір сүре білген елміз талғамды.  
Сыннан өттік әлем халқы алдында,  
Үздіктердің үздігі бол қалған біз.

Кеме жасап шығаратын елім бар,  
Қойны толы қазыналы жерім бар.  
Жасы да бар, жасамыс бар, кәрі бар,  
Мақтануға тұратұғын ерім бар.

Табысым көп мақтануға тұратын,  
Шикі зат көп өз елімнен шығатын.  
Алдыңғы елдің қатарынан көрініп,  
Тыныштықта өмір сұру мұратым.

Үздіктердің үздігі бол атандық,  
Әсем елге айналдырық шаңарды.  
Метроны іске қосты Алматы,  
Жер астынан қала салдық жасанды.

Анықталды еліміздің картасы,  
Қақырады бодандықтың жартасы.  
Тіл табыстық еш қарусыз әлеммен,  
Мұның бәрі парасаттың арқасы.

10.11.2011.

## **ӘНГЕ АЙНАЛАМ**

Күннің нұры төменге төгілгенде,  
Мәнді шумақ қиялда өрілгенде.  
Осы кезде мен тұра әнге айналам,  
Көңілімнің көбесі сөгілгенде.

Жердің беті көк мақпал жамылғанда,  
Су бетіне күн нұры шағылғанда.

Осы кезде мен тұра әнге айналам,  
Айтар ойым қөнілден табылғанда.

Жан-жақтағы қызыққа елтігенде,  
Жайлы самал аймалап, желпігенде.  
Осы кезде мен тұра әнге айналам,  
Домбырамның бұрауын келтірем де.

10.11.2011.

## **ӨНЕРГЕ ҚИЯНАТ**

Бірін-бірі талап жеуге әзір жүр,  
Бір-бірінің басқан ізін бағып жүр.  
Аздап сүйеп жіберудің орнына,  
Біреулерді қыын жолға салып жүр.

Өздерінен озатыннан қорқады,  
Осындейлар бұзатұғын ортаны.

Сал-серілер өнер қысқан кездерде,  
Амалсыздан ойға-қырға жортады.

Өнерінің тарта жүріп азабын,  
Кейде олар бармас жерге барады.  
Өздерінді бетке ұстайтын адамдар  
Ал сіздерден қандай үлгі алады?

Осындај жай жасыратын сыр емес.

Бәсеке мен арпалысып жүр егес.

Өнерлінің жолын кесу қиянат.

Қолдайтұғын тақырыбым бұл емес.

Наурыз 2013 жыл.

## **КӨКІРЕГІ ЖАНАРТУ**

Өткір қылыш – Мұнайдар,  
Жырларында шырай бар  
Бір батырды заманы,  
Танымаган сынай бар.

Ұл екенсің топ көрген,  
Жыр жазуды дәп көрген.  
Студенттік кезден-ақ  
Өлең емес – отты өрген.

Махамбеттің жалынын,  
Бойға жиып жүріпсің.  
Исатайдың дарыны,  
Шарпып өткен жігітсің.

Өлең жырдың азабын,  
Тартқан жандар жазады.  
Көкірегің – жанарту,  
Мұнайдаржан жарадың.

Тұғырынды орнатып,  
Мүсінінді тіктепсің.  
Батыр жігіт болғасын,  
Ауыр міндет жүктепсің.

Сен тарихи тұлғасың,  
Жасайтұғын мың ғасыр.  
Батыр, ақын тұлғаның,  
Жаны мәңгі жырласын!!!

10.11.2011.

## **ФАРИФОЛЛА**

Көргелі бір ғасырдай болып қалған,  
Көзіміз сол әншіні көріп қалған.  
Әуенін сал Мұхиттың жалғастырған,  
Ағадай әнші болу көрікті арман.

Келбеті келіскең жан жазық мәндай,  
Қымылы сал-серіні танытқандай.  
Көздерін ойнақшытып ән салғанда,  
Жанары жарқылдайтын жарық шамдай.

Өңеші сол әншінің қандай екен,  
Әншіге біткен қандай таңдай екен.  
Далаңың кеңдігіндей әнге басса,  
Дауысы әнші Мұхит салдай екен.

Ағамыз жан еді ғой дарыны өктем,  
Тірлікте сауық-сайран салып өткен.  
Қазақ деген халықтың аспанында,  
Еді ғой жарық жүлдyz ағып өткен.

08.11.2011.

## **МЫҚТЫ ЖАН**

Бар ғұмырын балаларға арнаған,  
Тіршілікте қисық жолға бармаған.  
Қырық жаста жесір қалған-мықты жан,  
Батыр ана - Ханзададай бар ма адам?

Өмірдің бар қындығын көріпті,  
Бар өмірін балаларына бөліпті.  
Майыспапты, қайыспапты, сынбапты,  
Ханзада апа сонысымен көрікті.

Сексен бесті күліп-ойнап, құрықтап,  
Ортамызда отыр ана шыныққан.  
Қажырлы ана еңбек еткен ерлерше,  
Бас тартпапты басқа салған жұмыстан.

Жылдар өтті бастан талай, жұдеген,  
Еліміздің тыныштығын тілеген.  
Балалардың құрметіне бөленіп.  
Батыр ана ортамызда жүре бер!

Ана жайлы айтар болсақ төрелік,  
Балалардың қызығына бөленіп.  
Сексен беске күле жеткен ананың,  
Тоқсан жасын тойлағанды көрелік.

04.11.2011.

## **АЯУЛЫ СЕЗІМ**

Жыл өткен сайын алыстап бара жатырсың,  
Аяулы жарым, жанашыр және ақылшым.  
Сағыныш деген аяулы сезім екен ғой,  
Аяулы сезім жаныма сондай жақынсың.

«Ойлама мені, күпірлік болар» - демеші,  
Әр кезде мені жүреді демеп елесің.  
Сағыныш деген аяулы сезім екен ғой  
Ойлаған кезде жаныма қуат бересің.

Жалғызырымдың, жүректің үнін тыңдасаң,  
Оңаша қалсам рухыңменен сырласам.  
Сыңары өлген аққудың күйін кешемін,  
Жалғаса бермек, соғудан жүрек тыңбаса.

2011 ж.

## **ЖҮРЕПМДІ ЖАРАЛАЙТЫН ЕСТЕЛІК**

Мен көбіне жүрем көпке қосылмай.  
Барлығында көрем бірақ досымдай.  
Кейбіреулер білмей мені сыртымнан  
Сынайды екен, көр осыған шошынбай.

Алты аласым, бес бересім жоқ жан бар.  
Өмір көріп, жасы асып толғандар.  
Ой деңгейі көншітпейді жанымды  
Көнілімнен шықтай жатыр сол жандар.

Әңгімелер тыңдағым кеп келелі,  
Араласқым, жақындағым келеді.  
Бар айыбым ақынмын ғой, халқым-ау,  
Солар маған қандай шабыт береді.

Айналамның жүрем бәрін дос көріп,  
Араласпаса арласпасын хош делік.  
Бастан өмір өтіп жатыр осындай,  
Жүрегімді жарагайтын естелік.

03.09.2011 жыл

## **БІРІМІЗГЕ БІРІМІЗ ҰҚСАМАЙМЫЗ**

Жаным менің төзімді темірден де,  
Іштей тынып, жанымды кеміргенде.  
Қындыққа қасқайып қарсы шығам  
Түк шықпайды айқайлап еліргеннен.

Мен өзімді көбіне тежел келем,  
Күндерім көп қиналып безектеген.  
Мақсатыма ойлаған түбі жетем  
Санасады оқырман өжетпенен.

Солай құрбым, оқырман қатарларым,  
Бір болғанмен менімен сапарларың.  
Бірімізге біріміз ұқсамаймыз  
Татқанымен өмірдің қатал заңын.

04.08.2011.

## **ҚИЯЛ ҚҰСЫМ ТӨБЕМДЕ**

Тартып келе жатырмын,  
Поззия азабын.  
Ой майданын сапырдым,  
Бітер емес жазарым.

Өлкесіне өлеңнің,  
Кеш келдім деп айтпаймын.  
Жартысы өлең денемнің  
Деуден де мен қайтпаймын.

Бірақ тыңда, оқырман,  
Дерек керек өлеңге.  
Өлең жазып отырган  
Қиял құсым төбемде.

07.07.2011.

## **ДОСЖІГІТ ПЕН КҮЛӘШ ТОЛҒАН АЛПЫСҚА**

Мұқалмаған алпыс жылғы тартыста.  
Досжігіт пен Құләш толған алпысқа,  
Екеуіңзге ақ тілегім айтатын  
Тіршіліктің бар қызығын қарпып қал.

Қуат-жігер бойларыңнан табылсын,  
Мазалайтын дертер бойдан жаңылсын!  
Ұл мен қыздың қызықтарын көріңіз,  
Санаңыздан уайым-қайғы арылсын!

Бақытты өмір кешініздер шынайы,  
Жұптарыңды айырмасын құдайым.  
Бір-бірінмен қол ұстасып екеуің,  
Бір-біріңе сүйеніш бол ылайым!

Інім-сіңлім, тілегімді қабыл ал,  
Достығымыз көрген емес ажырап.  
Қанша ғұмыр беру Алла қолында,  
Жастарыңа жас қосылсын тағы да!

01.05.2001 ж.

## ШАҢЫРАҚТЫҢ ШАТТЫҒЫ

Иісінің теңеуі жоқ сәбиім,  
Сәбілермен толықса екен әр үйің,  
«Ауруымды ұмыттырып жіберді» -  
Деп тұрады әжесі оның далиып.

Немеренің тәттілігін сезіндім,  
Дей алмаймын көкіректен еміздім.  
Немерені қолыма алып сүйгенде  
Менің жайған жапырағым дегіздің.

Қызықтасаң тәй-тәй басқан қылышың,  
Тентек болып үйді шашса «бұзығың».  
«Балалы үйім-базарым» деп мәз болып,  
Еміреніп тұрасың деп «құлымын»

Бақыт осы шаңырақтың шаттығы,  
Үлгерген жоқ көріп әлі жат қылыш.  
Қолыңа алып еміренген нәресте,  
Осы нағыз-тазалықтың пәктігі.

Ботақаным, тәй-тәй басқан, жалғасым,  
Деп тұрамын сен сүрініп қалмасын.  
Әкең-анаң аман жүрсін, сәбиім,  
Әжең саған ақ батасын арнасын.

Жапырағым әр тарапқа шашылған,  
Табыла бер алыстан да, қасымнан.  
Тазалықтың өзі болып өркен жай,  
Азамат бол мәртебемді асырған.

Тербеткенде еміренем «қозым» деп,  
Бақыттың да, шаттығым да өзің деп.  
Ата-анаң бол, әжең болып толғанам,  
Түсіме енші шағымда да көз ілген.

## **АҚЫННЫҢ ЖАНЫ МАЗАСЫЗ**

Қиялым қайда мензейді,  
Кеудені ойлар кернейді.  
Өзіме ерік бермейді,  
Дегенге көбі сенбейді.

Ақынның жаны мазасыз,  
Кей кезде үнсіз жанасың.  
Жанартау сыртқа атқыса,  
Содан соң, тыншу табасың.

Сан сұрақ мида қаптайды,  
Сұрақсыз таңың атпайды.  
Сол сұрақтарға жан бітсе,  
Ақынның ойын ақтайды.

29.03.2011 жыл

## **БАР БАЙЛЫГЫМ КЕУДЕМДЕ**

Тайынбаймын деуден де,  
Бар байлығым кеudemде.  
Шабыт келсе сурып,  
Ала қоям әудемде.

Жиған-түйген байлықтың,  
Аумағы жоқ, ізі жоқ.  
Бар деуге де қаймықтым,  
Қолға ұстар бірі жоқ.

Байлығымды іздесен,  
Ақ қағаздан іздендер.  
Ертелі-кеш жүздесем,  
Жазып алам бір демде.

29.03.2011.

## **СЫЗДАЙДЫ БҮЙРЕК**

Қашан барып елімді көреді екем,  
Қиялдың қанатында қалқып жүрмін.  
Туған жердің орыны бөлек екен  
Сағыныштың азабын тартып жүрмін.

Танитын адамдарым сиреп қалды,  
Жасты көрсем атың кім деп сұраймын.  
Сыздаған сағыныштан бүйрек қалды,  
Айтылған сыр емес бұл немқұрайды.

Ойлардың сапырлысып майдандары,  
Көңілдің түкпірінде сайрандады.  
Адамның ойы бөлек, бойы қысқа,  
Арманның орындалсын қайдан бәрі

27.03.2011 ж.

## **ЕЛ ТАРАЗЫ**

Ақын болып із салдық бір бағытқа,  
Шапшаң жүріп аламыз, ырғалып та,  
Бір-ақ жанды мен іштей сезіп жүрмін,  
Жарылардай болып жүр қызғаныштан.

Оқығанда мен өлең тыржияды,  
Кездескенде бетпе-бет ыржияды.  
Өлеңімді оқитын ел таразы  
Кім зымиян біледі, кім зиялы.

Адамдарға мен осы қайран қалам,  
Жас емеспін ботадай тайрандаған.  
Мен де, ол да сиямыз, әлем кең ғой,  
Сен тарылма өтінем, қайран далам.

27.03.2011.

## **ҮЛКЕНДІК**

Отырғанша ой бағып,  
Қайтайыншы бой жазып.  
Қайырылмайтын уақытты  
Қамығасың ойға алып.

Мекендейді ағзаға,  
Неше түрі гөй-гөйің.  
Ұйқы жағы аз ғана,  
Көңіл ғана сөйлейді

Шамамды да байқайын,  
Қан таратып қайтайын.  
Қайырылмайтын уақыттың,  
Қай қызығын айтайын.

**88**

## **КҮТКЕН ІНІМ КІМ БОЛДЫ?**

Қонақ күту жыр болды,  
Сойған қойым сүр болды.  
Келем деді, келмеді.  
Күткен інім кім болды?

Күттім таңның атқанын,  
Күттім күннің батқанын.  
Сойған қойды жемедім,  
Сақтаудай-ақ сақтадым.

Мінездері әр түрлі,  
Інілерім бар түрлі.  
Күткен інім келмеді,  
Төзім, шыдам сарқылды.

Бір ініні аңсадым,  
Әке күтіп шаршадым.  
Күтіп жүрмін інімді,  
Әлі күтем қанша күн?



## **ГАЗ-МҰНАЙДЫҢ ҚҰДАЙЫ**

(әзіл, құрдастары атынан)  
(Ахмадиев Рахметолла Ғұбайдоллаұлына)

Маңыстаудың аңызаған тыныстап  
Жастық шағы жер қазумен шыныққан  
Арман қуған албырт жасқа жас шақта  
Дала кезу, жер қазу да жұмыс па

Атырауда туған жері-Құлсары,  
Мұнай толы Құлсараның құрсағы.  
Күні-түні дала кезіп Рахаң,  
Қайрат-күшін Отанына жұмсады.

Ауасы оған жағады ма жақпай ма,  
Ал қазіргі тұрағы оның Ақсайда.  
Салыңғасын мұнай өндөу заводы,  
Өзге елден байлығымыз аспай ма?

Ақыл-ойы толысқасын жас жігіт,  
Көтерілді жұмыстарға басшылық.  
Мандай алды мұнайшылар атанып,  
Келе жатыр орындалып басты үміт.

Ұл мен қызының, Дариғаң мен Талғатың,  
Жүрген шығар қиялдыңды самғатып  
Әке жолын қуған ұл-қыз ләйім  
Ұрпағына ұрпағыңды жалғасын.

Жұмыс қайда, ол да сонда ұдайы,  
Рахамыз газ-мұнайдың құдайы.  
Алған жары Күлән болса дәрігер,  
Адам жаны инженері жұбайы.

Күнің күліп тұрсын мәңгі төбенде,  
Еңбек еттің Маңғыстауда, Өзенде.  
Елу деген қылшылдаған ер жасы,  
Өміріңіз айналар кез өлеңге.

Қайрат алып жақсылардың хатынан,  
Көріне бер озаттардың сапынан,  
Елу жасың құтты болсын дей келіп,  
Құттықтаймыз құрдастардың атынан.

2003 жыл.

## **ӨЛЕҢІМНІҢ ӨЗЕП, ЖАНЫ-ХАЛЫҚ**

(өлең «Ақ жаулықтың әжелер»

байқауында оқылды).

Сізбенен біз бір хабар алышалық

Олай болса өлеңмен танышалық.

Ақын халық өкілі, жанаширы.

Өлеңімнің өзегі жаны халық.

Ақынының деп ешкімге мақтанбаймын.

Өлең келмей іржіліп жатқандаймын.

Зейнетақым берілмей уақытында.

Жоғарыға көзімді сатқандаймын.

Өз жайымды сез етсем дастан болар.

Байұлынан тараған Масқар болам.

Толқа түскен келінін сезіп жатса

Мәлке атам бір аунап жатқан болар.

Нарық келер алдынан әріпрек.

Өнеректегем киіз үй әдемілеп.

Облыстың намысын қорғап қайтқан

Бұл әжені білерсіз Дәмелі деп.

Алматы мен Москва барып қайттым.

Өнерімді ортаға салып қайттым,

Өзгенің де өнерін тамашалап

Азды-көпті ғибрат алып қайттым.

Нарық қысқан халқымыз босып кетті.

Босқын көрген жүрегім шошып кетті.

Сырым елін қия алмай туып өскен,

Осы Ақсайға біздер де көшіп кеттік.

Көшу қыын екен ғой қартайғанда,

Күш-куатың бойынан ортайғанда.

Қай арадан топырақ бүйірады,

Қара жердің қойнына жантайғанда.

Сары сандық мекенім бір бөлмелі,  
Бір бөлмеде мүмкін бе жыр келмегі.  
Халқыма айтар қанатты жырларымды  
Атып жатыр нарықтың сүрмергені.

Өлеңімді-перзентім, жаным дедім.  
Жиған-ақша жайылған малым дедім.  
Шер толқытып шығарған әнім ғой бұл,  
Өлең жазу дәл қазір сәнім бе еді.

Танылып қап ауданға ақын атым,  
Мерекелі жиынға шақыратын.  
Он баланың ардақты анасымын  
Оған қоса бар тағы Батыр атым.

Жан-жағымнан қыспалап нарық тұр ғой,  
Айтатын сөз кеудемді жарып тұр ғой.  
Менің айтқан сөздерім халық сөзі,  
Мына менің артымда халық тұр ғой.

Нарық қысқан халқымыз азар болды,  
Бас қосатын жерлері базар болды.  
Ертеңгі кеш қол арба сүйреткен жұрт,  
Кеште ғана аяғын жазар болды.

Бас қосуға бұл жиын себеп болар,  
Әжелерден қалатын дерек болар.  
Жиындарға осындай қатысқанға,  
Рухани азық та керек болар.

1997 жыл.

## **ОЛ ДӘРІГЕР**

*(Истаев Рафхат Эжігерейұлына)*

Зор жақсылық еткен жан бар халқына,  
Әрбір адам бұл өмірдің қонағы.  
Айтарлықтай із қалдырған артына,  
Рафхатпен мақтануға болады.

Шам жарығы түспейді екен түбіне,  
Жұрт көбіне білмейді кім- «Ірілер»?  
Көкірегін көтермейтін бір жанды  
Тенер едім Рафхаттай ініме

Бір әuletті дәрігер ғып шығарған,  
Шаңырағы көп адамнан құралған.  
Барлығын да ұстап отыр бір үйде,  
Мұндай болу азаматқа бір арман.

Ірі тұлға, өнегелі тәлімгер,  
Мұндай жанды біле жургін бәрің де!  
Алпыс бестің асқарына шықса да  
Бауырымыз жас көрінді әлі де.

Ол елінің мақтан етер баласы,  
Біреулердің ол құрметті ағасы,  
Ол дәрігер - немеренің атасы.  
Үлкен әulet тауып түрған жарасым!

Шүберекке жанын түйіп келгендер,  
Сауығып ап үйлеріне қайтады.  
Ал соңынан дәрігер боп ергендер,  
Болашаққа аңыз ғылышпайтады.

Мойынымда жүр еді бір қарызым,  
Алғыс айтышпайтады еді парызым.  
Бір әuletтің жанұясын үлгі етіп  
Әр ортада айта жүрер аңызым.

2013 ж.

## **Жайықта Назгүл деген үр қызы бар** *(Дәрігерім Назгүл Маратқызына)*

Назгүлдей дәрігерді кім біледі?  
Бұл заманның кәдімгі Қыз Жібегі.  
Жаныңды жадыратар мінезі ме?  
Назгүлге бұрып тұрад кіл жүрегім.

Көркіне мінезі сай жаратылған,  
Қыз мұсін қатарынан дара тұрған.  
Атыраулық анасы Алтынайдың,  
Даусы бар естілетін ана қырдан.  
Білмегенді сыртынан айта ма адам,  
Даусы бар Бибігүлдің қайталаған,  
Бай мен бала жолына құрбан қылған,  
Өнерін енді Алтынай қайтара ма.

Жаныңды жадыратар мінезі бар,  
Мейірімді анаға тән жүрегі бар,  
Өзіне емделуге келген жанға  
Жүрекке жайлы тиер тілегі бар.  
Назгүлдің мандаіының жұлдызы бар.  
Өзімен қатар өскен ұл-қызы бар.  
Атыраулық әнші сіңлім Алтынайдың  
Жайықта Назгүл деген үр қызы бар.

Назгүлдің қандай екен отағасы?  
Беймәлім бол тұр маған осы арасы.  
Қыз Жібектің жарына айтар тілек,  
Мәңгіге берік болсын босағасы!

2013 ж.

## **КҮТІНДЕР**

Мен аңызға айналамын, күтіндер.  
Біраз істі бастағанмын, бітіргем.  
Мүмкін емес, бәрін айтып тауысу,  
Жұмыстарым жалғас тапты үтірмен.

Тіршілікте маған уақыт жетпеді,  
Талай бастан өтті өмір мектебі.  
Өзімді өзім аямапын шансаңыз,  
Мақсатымды келген емес шектегім.

Тірлігімнен ешбір зиян шеккем жоқ,  
Бір жанның да жолын қия кескем жоқ.  
Өлеңдерім ақ маржан бол төгілді,  
Ақ қағазға төгіп жатқан кестем бол.

Жұбанышым, жиған бұлым ол менің,  
Сүйікті ісім болды ою-өрнегім.  
Жарты ғасыр айналысқан жұмыстар,  
Талай сәнін келтіреді көрменің.

Ұрпақтарға ақыл-кеңес беремін,  
Мен күмәнсіз болашаққа сенемін!  
Арман құған, мақсаты бар баршаңың  
Жүрегіне үміт отын себемін.

07.03.2013 ж. Ақсай

## АНА ЖҮРЕГІ

Арқалатты ауырды көтерсін деп,  
Өнеге боп өзгеге өтерсің деп.  
Қанша қыын болса да тағдыр мені,  
Шеттепеді өнерден бөтенсің деп.

Жылдарға жыл қосылып сынай түсті,  
Ақ қағаз бен қаламым сыр айтысты,  
Омырауда иісі бебектердің,  
Махаббатым оларға құлай түсті.

Шаңырақтың бақыты шаттандырыды,  
Жамандықтан бойымды сақтандырыды,  
Ел анасы деген де атағым бар  
Өскен ортам, жанұям мақтан қылды.

Ана сондай болуы керектігін,  
Ескертумен жалғасты кезекті күн.  
Білгенімді еліме сарқып бердім,  
Менімен ел мақтанды елеп бүгін.

Аналардың білгенім ауыр жүгі,  
Қанша алдыңнан өтсе де дауылды күн,  
Қыындықты қасқайып жеңе білу  
Байқатпапты жүгімнің ауырлығын.

10.03.2013 ж. Ақсай

## **Балапандарым-жандарым**

Жандарым көбі алыста,  
Сіздермен олар таныс па?  
Дамыған мынау заманда  
Ойлары ұшқыр, ғарышта.

Жандарым неғып жүр екен,  
Сағынсам налып жыр етем.  
Тұмаурап қалды дегенде,  
Жүрегім кәрі дір етер.

Қысқалау әлі бұрымы,  
Керемет тәтті қылышы.  
Ұйқысы қанса болғаны,  
Тынымы жоқ қой, тынымы.

Балапандарым, жандарым,  
Тартыпты маған қандары.  
Алыста жүрген әжеңнің,  
Сендер деп атар тандары.

Алыстап кейде кетеді,  
Астана кәзір мекені.  
Әжелер қатты сезінер,  
Немере тәтті екенін.

Жандарым неғып жүр екен,  
Жандарым неғып жүр екен.

13.03.2013 ж.

## **14 наурыз – көрісетін күн**

14 наурыз – қазақ мейрамы,  
Әлі күнге жалғасуда кей жағы.  
Осы күні үй аралап, көрісіп,  
Қуанышпен қарсы алатын мейманын.

Осы күні қызыққа ел тоятын,  
Сұр ет асып, тоқты, қойын соятын.  
Қазақ халқы тойшыл халық ежелден,  
Бас қосқанда ақтаратын ой-ақыл.

Ой мен ақыл тәрбиенің атасы,  
Осы күні тәрбиеге бататын.  
Бар жақсысын киінген қыз-жігіттер,  
Алатұғын үлкендердің батасын.

Көрісетін көрген жанға қол беріп,  
Жас кәрімен көрісуге боды ерік.  
Бір үйден соң, бір үй әзір отырып,  
Тойдың соңы кететұғын жөнделіп.

Тойшыл халық болыппыз ғой ежелден,  
Тойлар тойға жалғасуда дегенмен.  
Тойшыл елдің тойы тойға жалғассын,  
Тату тәтті өмір сұрсін ел елмен.

14.03.2013 жыл

## АДАМДЫҚ ПАРЫЗ

Ақысыз кітап жазған қаламгерлер,  
Сіздерді де қолдайтын заман келер.  
Шыдағанша шыдап бақ, ақылға сал,  
Морт сынбандар, атың бар адам деген.

Рухани байлықтың қазынасын,  
Уақыт келер алатын ажыратып.  
Шерін-мұнын төгетін ақ қағазға,  
Халқына айтатұғын базынасын.

Даналар мен надандар теңелмеген,  
Тұста тұрсыз шешуі терендеген.  
Тарих бар өзі шешіп іріктейтін,  
Ірілердің кезі жоқ еленбекен.

Ашынам деп тигізбе елге кесір,  
Рұхыңмен әзірге емделе тұр.  
Өз орынын жоғары қоя білу,  
Рұхтары жоғары пендеге сын.

Менің айтар ақылым тыңдасаңыз,  
Түгің тұспес заманды жырласаңыз.  
Бұл адамдық парыз ғой деп ойласан,  
Ғасырлардан ғасырға бірге асамыз.

## ДАҢҚЫ БАСЫМ

20 томды кім оқып тауысады,  
Тауысқан күн кетерсіз дауыс алып.  
Ғасыр жылжып жол берер бір-біріне,  
Сізбен ұрпақ жаңғырып қауышады.

Ұрпақ өсіп келеді ұлтым дейтін,  
Қалың елім, қазағым, жұртым дейтін.  
Анасының тілімен ауызданған,  
Сөйлегенде қазақша іркілмейтін.


Үмітім зор, солардан, міне менің,  
Өз тіліне көшетін жүре келіп.  
Сіздің жазған жырларың оқығанда,  
Қол соғады орнынан түрегеліп.


Қазақ елі киелі мекен бүгін,  
Сөз қорының дәлелдеп жетерлігін.  
Ғалымдарда аянбай талдап жатыр,  
Тілін білген қазақтың шешендігін.



Жиырма томдық қойманы ақтарғанда,  
Өз тілінде жиынды басқарғанда.  
Талай жандар өкінер бармақ тістеп,  
Өкінер өз тілінен аш қалғандар.

Тұлғаны бастап тұрған алыпсыңыз,  
Жер қойнында жатқанмен жарықсыңыз.  
Қадыр МырзаӘлі сіз даңқы басым,  
Ұлы ақын, қазақ деген халықсыңыз.

15.03.2013









Казакстан Республикасы

Алтын медаль



“Бебібішілік Олемі” Халықаралық  
Қазақ творчестволың бірлеустігі

Демелі Күсайынызы

Халықтар арасындағы бірлік пен мұтындық  
мынайтын, үлттық дәстүрміздің едебиетін  
қалыптерінің демалымаң жағдай зор үкелдей  
«Бебібішілік Олемі»  
Алтын медалын  
мерекелеттеді.

Президент

А.А. Нұрманов

“Бебібішілік Олемі” Халықаралық Қазақ  
творчестволық бірлеустігінің наградасы  
№086

Алматы қаласы



Ұлжалғас, Зәйтұна екішеттегі. Медеуде 1992  
МЕДЕО АЛМА-АТА



1998 жыл. “Ақсайгазсервис” алған киіз  
үйдің ішінде. “Мирас” кафесі



Ұлым Қуаныш, отағасы - Чапай Қажығалиұлы,  
келінім Гүлнар, немерелерім Гүлмира, Мақсат



Нұрлан, Қуаныш, Нұралы. 2012 ж.



Менің көшірмем, немерем Гаухар. 2011 ж.



Менің ұлым Нұрлан, келінім Шолпан. Немере-жиендеріммен  
Гүлнара, Гүлім -қызыым, жиенім Айсұлу. 2012 ж.



Бала-келін, қыз-күйеу, немере-жиендер. 2012 ж.



Менің қыздарым, немере, жиендер тойда. 2012 ж.



Қадыр Мырза Әлігө сыйлаған үй.



Женістің 60 жылдығына арнап тіккен үй.



Немерем Нурбергән. "Епбасына"  
арналған киіз үйдің ішіндө. 2008 ж.



Жиенім Айбол. Қадыр Мырза Әлігे  
сыйлаған киіз үйдің сыртында. 2008 ж.



Менің сіңлім Қадиша, күйеубалам Есенгелді,  
қыздарым және Гайса күйеу, жиенім Айбол. 2008 ж.



Сіңлім Қадиша, қыздарым, ұлым Нұралы,  
немерем Нұрберген . 2008 ж.



Мен 70 жасқа толғанда. 2008 ж.



Оң жағымда - құдагай, сол жағымда сіңлілерім  
Гүлайым мен Ұлмекен.





№3 мектепте кездесу. 2012 ж.



“Дәдем ата” мешіті.(Қонақ үйдің сыртқы көрінісі).



“Дәдем ата” мешіті.(Қонақ үйдің ішкі көрінісі).  
(Ашылу салтанатында).



**Жұмағазы хазрет р.ғ. кесенесі**



**“Дәдем ата” мешіті. Мен Дәдем атанаң бесінші үрпағы  
Ғарифолладан сұхбат алып отырмын.**



Эсима женгеймен. 2012 ж.





Әкімнің орынбасары Азамат Сафималиев ақындармен,  
журналисттермен кездесу үстінде.



Наурызда. №4 мектеп. Келін тұсіру. 2012 ж.



Акимат. Наурызда. 2012 ж.



№3 мектепте кездесу. 2012 ж.



*Асылзат Қабесова -оқушы. №3 мектептен,  
оқу озаты. Менің жұмыстарымды таныстырып түр.*





Пугачев орта мектебінде кездесу кеші. 2012 ж.





Пұгачев ортa мектебінде кездесу. 2012 ж.



Маңғыстау Ақшұқырда Мәлс Қосымбаев  
немерем Камилаға Қадыр Мырза Әлінің  
қаламсабын тапсырды.



Мен, Мұхтар Бокаевпен  
Пугачев мектебінде ұстаздармен. 2012 ж.



Пугачев мектебінде кездесу. 2012 ж.



Маңғыстау. Ақшұқырдағы оқушылармен  
кездесу кешінен.




Әкімшіліктө




Әкімнің орынбасары Азамат Сафималиев ақындармен журналистермен кездесу үстінде.



Суретте ұлым Нұрлан. 1994 жылы Сырым ауданы “Жымпіты” совхозының 60 жылдығына екі шәкіртім Сәндігүл мен Бибігүлдің қолынан шыққан киіз үй. Тіктірген Мәншук Төреғалиева. Бұл енді заманына қарай жастардың фантазиясы.





*Каспий жағасында.*



*Италиядагы қызыым Гүлсара, күйеу бала Стефани.*



Илья, Тыныш, Ділдә апай (Матайқызы) ұлым Нұрлан үйінде.  
Немерем Алина композитор атасының алдында отыр.



Разия мен Жеміс. Атырау телевидение қызметкерлері.  
Ұлым Нұрланның үйінде.



**Өлкетану мұражат директоры  
Жұмалиева Тамара және ғылыми  
қызметкер Галия Қибадоллақызымен.  
Маңғыстау.**



Сара Танабаева. Музей директоры.  
Орал қаласы. 2004 жыл.





Халықаралық әмбебдер күні қарсаңында



## **Оралдағы «Медициналық орталық» ЖШС-нің директоры Рафхат Әжігерейұлы ИСТАЕВ жайында мәлімет**

“Орал қаласында облыстық ауруханадан басқа жеке аурухана бар, өте жақсы қарайды, мама, сені осы ауруханаға атапаралын” деп, мені 2009 жылы ұлым Нұралы алып келген болатын. Алдын ала орын әзірлеп қойған ауруханаға келіп жаттым. Бұл «Медициналық орталық» ЖШС-і деп аталады екен. Содан бері осы жерге келіп қаралып жүрмін. Айтайын дегенім, Оралда осындай аурухананың бар екендігін біраз адам біліп болған екен. Білмегендер де болуы мүмкін деп осы мақаламды жазып отырмын.

Сонау қыын жылдарда қаңырап бос қалған үлкен ғимаратты жекешелендіріп алған дәрігер, жоғары білімді Истаев Рафхат Әжігерейұлы, Бөрлі ауданының «Тельман» өлді мекенінде 1948 жылы дүниеге келген азамат болып шықты. Аумағы көлемді, үлкен ғимарат содан бермен қарай талай рет жөнделіп, қазірде жөндеу жұмыстары жалғасу үстінде екен, іші өте сәнді ғимаратқа айналған. Бұкіл бір әuletтің бастамасымен жұмыс жасап тұрған аурухана, халықтың назарына ілініп, көптеген адам келіп қаралып, емдомыналып, сауығып қайтады.

«Қазақстан элитасы» деген үлкен кітапқа республика-мызға танымал көптеген дәрігерлерді алтын әріппен енгізген екен. Осы дәрігерлердің арасында біздің бөрлілік Рафхат бауырымыз да бар. Осы ғимаратты мойындарына алғалы бүтін жанұясы мен осы шаңырақта еңбек етіп келе жатқан дәрігерлер әuletін білмегендер біле жүрсін.

«Медициналық орталық» ЖШС-нің директоры Рафхат 1973 жылы Ақтөбеден мемлекеттік институтты бітірген. 1981 жылы Марксизм-ленинизм университетінің философия бөлімін аяқтаған. Орал қаласындағы клиникалық ауруха-

Клиника жыл сайын медициналық аппараттардың соңғы түрлерімен толықтырылып отырады.

Рафхат Әжігерейұлы Қазақстан Республикасының дәрігерлері мен провизорларының 1 және 2 съезіне делегат болып қатысты. Истаев Р.Ә. жұмыс бастылығына қарамастан қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Облыстық мәслихаттың депутаты, әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссия төрағасының орынбасары.

Қазақстан денсаулық сақтау саласындағы ерекше өнбектері үшін Истаев Р.Ә. «Денсаулық сақтау үздігі», «Құрметті теміржолшы» белгілері мен Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен, Конституацияның 10 жылдығы медалімен марапатталды.

Бұл әулеттің көбі дерлік осы аурухананың қызметкерлері: жұбайы Гүлшара Нұрмантайқызы - дәрігер кардиолог, қазір зейнеткер. Үлкен ұлы Марат дәрігер-невропатолог, екінші мамандығы бойынша финансист болып жұмыс жасайды. Азамат - лор дәрігер, медицина ғылымының кандидаты, «Медициналық орталық» ЖШС-нда поликлиника менгерушісі.

Келіндері: Назгүл Маратқызы - эндокринолог, терапевт. Медициналық сапаны қадағалауда директордың орынбасары.

Алмагуль Орынбасарқызы дәрігер - невролог, қазіргі кезде неврология бөлімінің менгерушісі.

Диана - финансист, Абай - экономист.

Немерелері Гауһар, Клара, Абылай, Дәulet, Абзал, Диана, Дильназ. Гауһар - Москвадағы Сеченов атындағы медицина университетінің студенті.

Клара, Абылай - олар да дәрігер мамандығын таңдамашы, мектеп бітіруде.

Дәрігер әулеті деп осы үлкен шаңырақтың - атауы өте орынды деп ойлаймын.

Осы дәрігерлер әулетінің халқына қызмет етуі өзгелерге өнеге болатыны сөзсіз.

Әңгімелесіп қана қоймай, ісмердің қарындашпен, ғашымен және инемен қалай жұмыс істейтініне де куә болдық. Апамыз ең алдымен о баста халқымыздың үшқыр миялынан туған ою-өрнектердің сұлбасын қарындашпен разға түсіреді екен. Мұны механикалық немесе роботтық жұмыс деуге болмайды. Шебердің әрбір өрнекке шығарнашылық ізденіс тұрғысынан келе білетінін аңғардық. Сөйтіп, ол халқымыздың төл қолөнерін тұр, өрнек жағынан одан әрі байтуға ұмтылып отырады.

- Түсініп, ұғына білген адам ою-өрнектерде сыр тұнып ғранын бірден аңғарады. Мұнда халқымыздың өмір сұру шаралысы, күйініші мен сүйініші, ата кәсібі - мал өсіруге жағысты нақыштар, тіпті қажет десеніз, алға қойған мақсат-шұрраторы да сырын ішіне бұғіп тұрғандай әсер береді. Тек соныңкі дүниенмен, сезімтал жүрекпен терең түйсіне білсек болғаны. Менің ойымша, бұл - өте бір сиқырлы әлем. Қойнауына бір еніп кетсең, қызығына қанбайсың. Ол сенің миялынды көкке қалықтатып, жігерінді жаниды. Сөйтіп, ізде-генді оймен де, инемен де ізделп, күндіз-тұні шарқ ұрасың. Ізегенінді тапқан кезде «Эврика, эврика...» деп айқай салған Архимедей күй кешесің, - дейді Дәмелі Құсайынқызы.

Кеңестік кезеңде 1972, 1980 және 1983 жылдары он сау-жынан өнер төгілген ісмер жанның еңбектері аудандық, облыстық және республикалық көрмелерге қойылған. Ал 1990 жылы Дәмелі Құсайынқызы тіккен киіз үй барлық ішкі және сыртқы жабдықтарымен бірге Мәскеудегі Бүкілодақтық халықшаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне апарылған.

Тәуелсіздік ұлттық өнерімізді қастерлеген шебердің екінші тынысын ашқаны анық. Бұл кезде ол халқымыздан мирас болып қалған өнегелі де өрелі істі бұғінгі үрпаққа жалғаудың жолдарын іздеуді басты мақсатының бірі етіп қойды. Ұлттық қолөнеріміздің баға жетпес құндылықтарын бұғінгі буын қыз-келіншектердің бойына дарытуға ұмтылды. Әрлі ауданы орталығында ісмерлік мектепті қалып-

дәжүрегімнің қалауымен орындаімын. Уақыттың жетпейтіні рас. Бірақ жүректің қалауымен істелген іс адамды еш-уақытта шаршатпайды" - деп жауап берді.

·Менің қазіргі басты мақсатым - ұлттық қолөнеріміздің қадір-жасетін келешек үрпаққа аманаттау. Бұл тұрғыда тек бір ауданда құрылған ісмерлік мектеп тым аздық етеді деген өйдамын. Тек бір өнірде ғана емес, бүкіл еліміз бойынша ұмыт бола бастаған киіз үй жасау, оның барлық нақыштары мен ою-өрнектерін егемендік талаптарына сай жаңғыртып, түрлендіре түсу қажет. Тек сонда ғана халқымыздың ұлттық өл өнерінің өрісі кеңейе түседі. Осындай елдік, халықтық маңызы бар істің бір кәдесіне жарасам, алға қойған мақсатымның орындалғаны, - деп түйін жасады біз облыс орталығына аттанар сәтте ұлттық қолөнердің хас шебері Дәмелі Құсайынқызы.

**Темір ҚҰСАЙЫН,  
«Егемен Қазақстан» газеті,  
Бөрлі ауданы.**

## Жүрөгі иғілікке толы ақында, ісмер, батыр ана.

Батыс Қазақстан облысының Сырым ауданы, (бұрынғы Жымпіты) Жосалы ауылынан шыққан сазгер, ісмер, он бала тәрбиелеп өсірген батыр ана Дәмелі Құсайынқызы он саусағынан өнер тамған шебер болумен қатар, жүрөгінен өлең мен ән төгілген ақын да.



Бір адамның бойынан бірнеше өнер саласы табылып жатса мұны музыка зерттеуші ғалымдар «синкреттілік» деп атайды. Міне, осындай өнер қонған сегіз қырлы, бір сырлы ұстаз, бірнеше кітаптары жарық көрген пәк жүректі ақын ана. Жүзінен мейірім мен имандылық төгілген Дәмелі апамыздың тағы бір ерекше қасиеті, қоғамда болып жатқан барлық жаңалықтарға жаңын салып араласып, өлеңмен өріп, өз үлесін қосатыны.

Бірнеше аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық байқаулар мен көрмелерде ақ шаңқан ою-өрнектермен көмкерілген киіз үй тігіп, жүлделі орындарға ие болған. Махамбет Өтемісұлының 200 жылдық мерейтойына орай «Дала қазақтарына» сахналық қойылымға Махамбет батыр мен оның сарбаздарына арнап батырлардың киімін тіккен шеберлігі елді ерекше тәнті еткен-ді.

Тыныштықты, бейбітшілікті тілейтін «Бейбітшілік ұраны» деп аталатын патриоттық өлеңінің сөзін де, әнін де жазған:

Өмір қалай өтіп жатыр байқамадым,  
Бақытты елдің бесігінде шайқаламын.  
Менің елім қазақ елі екендігін

Бар әлемге мақтанышпен айта аламын.

Міне, осы әнді 2011 жылы «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ шығармашылық бірлестігінің ұйымдастыруымен

быстаған. Кейін осы бірлестіктің кітапхана қорына Дәмелі Құсайынқызы өзінің «Әке», «Мұра», «Өнер өрге өрлетеді», «Өлең өлкесінде», «Із», «Жан жарығы» атты кітаптарын тапсырды. Еңбектері жоғары бағаланып Халықаралық Қазушылар одағының төс белгісімен және куәлігіне ие болды. Өзінің тіккен киіз үйлері және қолөнер бүйымдарымен таныстыратын деректі фильмдерінің бейнетаспасын да, өз фынан шыққан қолөнер туындыларында осы қорға ғыстал, халықаралық қолөнер шебері атағына лайық жанділін көрсетті, әрі куәлігін алды.

«Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ шығармашылық бірлестігі өзінің құрамында осындай өнерлі адамдардың болғанын мақтаныш етеді және оларға қошемет көрсетіп, ақ ілекпен ризашылығын білдіреді.

Өзінің еңбек жолын да бала тәрбиесіне арнаған Дәмелі апай жұбайы Шапай Қажығалиұлымен мектепте ұзақ ғылдар бірге еңбек етіп, жарасты өмір кешіп, бұл күнде ғимметті демалыста немере-шөберелерінің қызығына ғаленіп отыр. Жапырақ жайған ұрпақтарын өсіріп, тыным аплай өлендерін жинақтап, кітаптарын шығарып, халықтың ғылғынға асырып жүрген еңбекқор жан. Дәмелі Құсайын-Қызының 2011 жылы шыққан «Жан жарығы» атты кітабына де, әнін де өзі шығарған бірнеше әндері нотаға түсіріліп арияланды. «Тұған жер», «Тағдырым», Бейбітшілік ұрама, «Болмасын соғыс», «Он қазық», «Сағыныш саздары», «Елбасына», т.б. әндері қазақ радиосы мен жергілікті «Ақсай» радиосынан беріліп отырады.

Дәмелі апай өзінің әндерін орындалап та береді. Шығармашылық жаңалықтарымен бөлісіп, пікір алмасып тұрғанға ғажетсін!

Фарекенің 100 жыл толуына орай өткен концерттен соң, ын Төлеген Айбергеновтың «Әуен мен ырғақ» толғауына ғажады. Бұл ән 2012 жылы Алматы қаласында Төлеген Айбергеновтың 75 жылдық мерейтойына орай республикалық композиторлар байқауында II-ші жүлде иеленді.

Дәмелі апай қоғамдық үйымның іс шараларына белсене араласып, жетістігімізге бірге қуанып, ақ батасын жаудырып отырады.

Әлі өзіңіз шықпаған асуларыңызды бағындырып, биіктен көрініңіз. Толағай еңбегіңіз жаныңыздың, денсаулығыңыз мықты әсер етіп халқымыздың қалаулысы болып төріміздің ортасында жүре беріңіз!!!

**Ә.А. НҰРМАНОВ,**  
**«Бейбітшілік әлемі» халықаралық**  
**қазақ шығармашылық бірлестігінің президенті,**  
**Э.Г.Д., академик.**

**Нұрманов Эбен (Әбдәлі) Алдабергенұлы**  
экономика ғылыминың докторы, академик,  
Қазақстан жазушылар одағының мүшесі.

### **Марапаттары**

**1998 жылды** Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты болды.

**2004 жылды** Нострадамус атындағы Халықаралық Академияның (Франция) академигі.

**2006 жылды** ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері.

**2007 жылды** Халықаралық «Ата түрік» алтын медаль иегері, әрі лауреаты атанды.

**2008 жылды** Бүкіл әлемдік халық медицинасының алтын сертификат иегері.

**2008 жылды** Гейдар Алиев атындағы алтын белгінің иегері.

**2008 жылды** «Эхо Манаса - Манас жаңғырығы» телерадиокомпаниясы бойынша «Ғасыр адамы» атағының иегері.

**2008 жылды** Ресейдің Ломоносов атындағы орденінің иегері.

**2009 жылды** Қазақстанның «Қыран емшісінің» алтын белгісінің иегірі.

**2010 жылды** Бауыржан Момышұлының 100 жыл толу мерейтойына арналған «Отаның қорғаушыға» құрмет белгісінің иегері.

**2010 жылды «Экономика және қаржы» университеті**  
құрметті профессоры, (Қытай, Үрімші).

**2012 жылды «Великий Красный крест» алтын медалінің**  
иегері (Ұлыбритания).

**2012 жылды «Орден Александра» орденімен марапаттал-**  
ды (Чехия).

### **Еңбектері**

**1997 жылды «Балдаурен өмірдің шырыны» - түс тағылымы**  
туралы 4 кітап.

**1999 жылды «Түс негіздерінің қалыптасуы туралы» ғылыми**  
дәлелдеме (5 кітап).

**2000 жылды «Таңғы шық» поэзиялық кітабы.**

**2001 жылды «Ғұмырнама поэзия (қыргыз тілінде 2007 ж.).**

**2002 жылды «Сен өз бақытыңды таптама» (2007 жылды**  
қыргыз, орыс тілінде жарық көрді).

**2003 жылды «Жаратылыс тану негіздері» (ғылыми**  
монография).

**2004 жылды «Жырла жүрек» поэзия (қыргыз тілінде 2007 ж.).**

**2004 жылды «Нафисханның рухани кереметтері»**  
(пара психология), Ташкентте жарық көрді. 50-ден астам  
экономика ғылымына байланысты проблемалық монологы  
жарияланды.

**2006 жылды «Не губи свое счастье». Москвада жарық көрді.**

**2007 жылды «Ода обманчивой жизни» поэзиялық кітабы**  
Бішкекте жарық көрді.

**2008 жылды «Ақындығым - аяулым да азабым» атты**  
поэзиялық кітабы жарық көрді.

**2010 жылды «Өрік ағаш пен әйел» повесть кітабы жарық**  
көрді.

**2011 жылды «Оюо, дүние-ай» роман кітабы жарық көрді.**

## АПАМЫЗБЕН МАҚТАНАМЫЗ



Тұған жердің топырағында табан ізі айқын түскен жандардың ары таза, заманынъ желісінен де, дауылынан да, мың құбылғас саясатынан да сағы сынбай, ықтасын іздемей ғұмыр кешіп келе жатқан ақын аналағдың бірі де бірегейі – Дәмелі апамыз де едім. Дүниенің бар қызығы байлыққа айыр басталған кезеңде өзінің өмірлік кредосын

қалаған жолын, жауқазын ісін тәркі етпей өлеңін өгейсітпелі келеді. Өнердің басты мұраты өз жұртынды, ұлтынды өзгеге таныту болса керек, бұл ақын үшін зандағының. Асыл құндылықтарды сақтай отырып, дүниенің алуан-алуан сырларын көңіл айнасына түсіріп, санада сараланған ойды қорыту арқылы парасатты пайым, терең түйсік жасау тек таланттардың қолынан келген.

Талант өлшемі - өлең өрісі. Дарын иесі Дәмелі Құсайын-қызының қаламынан туған өлеңдер бітап болып баспада басылып шығып, ел иғілігіне айналды. Мына ұсынғалы отырған жинағы да оқырман қауымға қуаныш, ләzzат сыйлары анық. Тәнірдің бір адамның басына өнер атаулыны үйіп тәгіп береді де ал бәз біреулерді мұлдем мақұрым қалдыратынына қандай дау айта аласыз.

Өнер дегеніміз – адамдармен сырласу құралы десек, ақын апамыз тек өлең жазумен емес, тағы басқа да қырларымен көпшілікке көрініп жүр. Атап айтқанда, қолынан шеберлігі тәгілген ісмер жан күнінде Исатай мен Махамбет сарбаздарының киім үлгісін өмірге әкелді.

Елбасына бүкіл жабдығымен сыйлаған киіз үйі, қазақтыңabyz ақыны, өнерлесі Қадыр Мырза Әліге тарту еткен киізүйі бір тәбе. Қос өнерді тең емген батыр анамызға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Қалың елін қуантып ортамызда жүре берсін, жағы түспей жамандық көрмесін.

**Ж. ӨТЕГЕНОВ,**  
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**

## САФ ӨНЕРДІҢ ӨРЕН ЖҮЙРІГІ

Гасырлар бойы аттың жалында, атанның қомында көшпелі тұрмыс кешкен халқымыз жасаған дала өркениетінің бірегей ғажайып үлгісі – киелі қолөнері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінгі замандарға жетіп отыр. Ағаштан түйін түйген шеберлер, асыл тастардан маржан тізіп, темірді төске салған зергерлер мен ұсталар, өрімшітоқымашылар талай жүртты тамсандырған хас өнеріміздің қайталанбас өнегелі өкілдері болатын. Сондай өнерлі жандардың бірі, ескіден қалған көз, алтынның сынығы деп айтсақ жарасатын, бір өзі сан өнерді тал бойына жинаған белгілі ісмер, ақын, айтыскер, домбырашы-сазгер Дәмелі апа Құсайынқызы туралы тарқата айттар әңгіме көп.



Ана бір жылдары сол асыл өнеріміз ешкімге керексіздей көрініп, естен шыға бастап, жүрттың дүкендегі даын дүниеге зейіні ауып, әйел атаулы жіп иіріп, ине сабақтауды ұмытқан шакта, бір өзі шалғайдағы ауыл мектебінде іскерлік мектепті жаңғыртқан еді. Бүгінде 70-тен асып, мәуелі бәйтеректің отанасына, данагөй әжесіне аиналған Дәмелі Құсайынқызы – саналы ғұмырын ұстаздық қызметке арнаған жан, он бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана.

Дәмелі Құсайынқызы 1938 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жымпіты ауданы (қазіргі Сырым ауданы), Жосалы ауылында дүниеге келген. Аяулы әкесі Құсайын Есенбаев 1941 жылы жылы майданға аттанғанда төрт жасар бала екен. Майдангер сол кеткеннен хабар-ошарсыз кеткен, артында жары Бәтіш бес қызбен шырылдалап қала берген. Соғысқа кеткен жарының бір хабарын күте-күте көзі талған кейуана колхоз жұмысында таңның атысы, күннің батысы

бел шешпей еңбек етіп, тірнектей жүріп, қыздарын құтты үясына қондырған, сөйтіп, 89 жасында көз жұмыпты. Соғыстың сұрапыл жылдары мен одан кейінгі мойынға түсken ауыртпалықтың салмағын қайыспай арқалаған Дәмелі 1956 жылы Бұлдырты орта мектебін тәмамдал, одан әрі оқуын жалғастыруға тұрмыстың жағдайы келмей, еңбекке араласып, отыз екі жыл мектепте қол еңбегінен сабак беріп, 1988 жылы зейнеткерлік демалысқа шығады. Жарты гасырдан астам жарасымды тұрмыс кешкен отағасы Шапай Қажығалиұлы да ұлағатты ұстаз атанған, ауыл-елге сыйлы зиялы адам еді, 2007 жылы өмірден озып, бақылық болды.

«Ана көрген тон пішер...», - дегендей, қолы ұсынықты әжесі мен анасынан жастайынан үиренген киелі қолөнері Дәмештің бүкіл өміріне азық болды, халыққа танытты, талай бәйгеде атағын шығарды. Мектепте оқушыларын жинап алып, ою ойып, киіз-текемет басты, сырмақ жасап, киіз үйдің бүкіл ішкі-тысқы ою-өрнектерін тікті. Дәмелі апайдың қолынан шыққан екі тұсқиізі республикалық қолөнер мұражайында сақтаулы тұр. Ал ол безендіріп жасанған киіз үй Мәскеуде Халық Шаруашылығы Жетістіктері көрмесінде зиялы орыс жұртын тамсандырды. Сырым Датұлы бабамыздың 250 жылдығына арналған Алматыдағы мерейтойға да киіз үйін жасаулап тікті. 1990 жылғы Наурыз мейрамында Жымпітыда тігілген Дәмелі аpanың ұлттық нақышпен безендірілген киіз үйі мереке сөнін келтірді. 1998 жылы Ақсаи қаласындағы «Ақсайгазсервис» мекемесі қолқалап алған киіз үй кәсіпорынның шеттен келген қонақтарға әспеттел көрсетер дүниесі болды. 2003 жылы Атырау қаласында Махамбет Өтемісұлының тойында сөз қанат киіз үйді апарып орнатты. Бүгінде ұлттық нақышпен әдіптеліп, көздің жауын алған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа арнап жасалған киіз үй Астанадағы Президенттік мәдениет орталығының құнды жәдігеріне айналды. Апайдың ұстаздық еткен жылдары мектеп оқушыларымен бірігіп жасаған үи бүйімдары, ұлттық киімдері, өрнекті

өлбебулері де өз алдына бір төбе. Сондай дүниелерінің бірі ана жылдары Орал облыстық телестудиясына да сыйға тартылған болатын. Шебердің 40 жылғы шығармашылық қызметі туралы 2009 жылы республикалық «Қазақстан айелдері» журналында көлемді мақала жарияланды және «Қазақтың киіз үй жиназдары», «Киіз үйдің құрылышы», «Өнер өрге өрледеті» деген танымдық материалдары басылды. «Ғафу-студио» түсірген Қазақстанға арналған әлемнің тогызыншы аумағы» атты көп сериялы деректі фильмнің 27-сериясында да шебердің осынау елеулі еңбегі лайықты көрініс тауып, шынаны бағасын алды.

«...Он балалы болғасын батыр дейді.

Өлең жазып жүргесін ақын дейді,

Жас кезімнен оюмен айналысадам.

Халқым мені өнерге жақын дейді.

Кейде менің кеудемді ән кернейді.

Шабыт қысса. ырқыма әл келмеиді.

Өзім жазған өлеңге ән шығарам.

Оны білген ағайын сазгер дейді...» –

деп, өзі жырлағандай, сан өнерді өміріне серік еткен. Әдамгершіл асыл қасиеттерді ұлықтаған, көкірепі ояу, жан жүрегімен айналасына шуақ шашқан мейірімді асыл ана Дәмелі ақынның өлеңдері аудандық, облыстық, республикалық мерзімді баспасөзде жарияланумен қатар. Орынбор қаласында «Әке» (2003), «Мұра» (2005), «Өнер өрге өрледеті» (2007) деген кітаптары жарыққа шықты. Аңғашқы кітабына кезінде алғысөз жазып лебізімізді білдірген едік. Сонда айтқанымыздай, оның әр кітабындағы жырларынан дүниеге ғашық көзben. іңкәрлікпен қарайтын ана жүрегінің лұпілін аңғаруға болады. Өз өлеңдеріне саз шығарып, домбыра үніне қосып, ән салатын, ақындар зитыстарына, «Ақ жаулықты әжелер» байқауларына қатып бағын сынаған ақын апамыз аналық үлкен жүрекпен ыршыл сезімін жырға бөлейді. Дәмелі шығармашылыжың ерекшелігі – тәлімдік өнегелілігі, негізгі арқауы – туған

жер. Отан, ұлт тағдыры, адамгершіл асыл дәстүрлер. Ақын қоғамымыздың жаңа үрдістеріне үн қоса отырып, жақсылығына қуанады. Ұлтымыздың белгілі тұлғаларының азаматтық келбетін жырга қосады, кірбің түсіретін көлеңкелі көріністерге жүрегі ауырады.

2008 жылы Батыс Қазақстан облыстық мәдениет басқармасының мұрындық болуымен Бөрлі ауданындағы Ақсаи қаласында Дәмелі Құсайынқызының 70 жасқа толуы мерейтоны қошеметпен өнер мерекесі ретінде кеңінен аталып өтті. Енді Дәмелі Құсайынқызы қазір жаңа кітабын баспаға әзірлеу үстінде. бұл оның соңғы жылдардың белесіндегі шығармашылық еңбегінің қорытындысы іспетті. Оның үстіне, биыл еліміз және бұрынғы кеңестік кеңістік елдері Ұлы Женістің 65 жылдығын атап өткелі отыр. 2004 жылы шыққан маидан даласынан оралмаған ерлерге арналған «Боздақтар» атты жинақта әкесі Құсайын Есенбаевтың 1943 жылы ақпан айында Орел облысы Колпянск ауданы, Остров селосында жерленгені туралы көптен күткен хабар алған Дәмеш апа маидангер әкесіне дастан шығарып, перзенттік ескерткіш орнатып отыр. Ақынның осы жаңа шығармасы да жаңа кітаптан орын алмақ. 70-тен асса да ісmerлік өнердің жоқшысы болып, ұлтымыздың осы қайталаңбас саф өнерін үрпаққа жалғастырған, саусағына кие қонған, қайтпас жүректі осы қасиет қазақтың әр әйелінде болсын деп тілейміз.

Жаңа кітапқа жол болсын аита отырып, ана жүргінен әуелеп ұшқан акқанат жырлар шарықтай берсін, Дәмеш апана киелі қолөнерін өрістету жолындағы қажырлы еңбел жемісті болсын, бала-шагаларының ортасында шығармашылық қызметінің жемісін көріп, ұзақ гүмір кешуге Алла Ңәсіп етсін деген иғтілегімізді айтамыз.

Сайлау АБЫЛАЕВ,  
«ЕЛ» газеті, 06.10.2011.



## Өнері мен өлеңі өшпес өмір

Ақсай қаласындағы жалпы білім беретін №4 орта мектебінің тәрбие жұмысы бойынша он жылдың үстінде қызмет атқарып келемін. Осы жылдар ішінде салт дәстүрімізді дәріптеу, ұлттық өнерді үйрену, қазақтың ою-өрнектерін ою, еңбекке баулу, киіз үйдің ішкі-сыртқы жасауларын білу, ата-анаға құрмет көрсету т.б. шаралар бойынша жұмыстар атқарылуда. Ал осы шаралардың бас қасында батыр ана, ісмер ана, ақын ана – Дәмелі Құсайынқызы жүріп, мектеп оқушыларына көп тағылым беріп, өсиет-өнегелерін үйретіп келеді. А나мыздың 2005 жылы шыққан «Мұра» кітабына мектебіміздің жоғары сынып оқушыларымен үйимдастырған жұмысымыз жарық көрді. Мектеп оқушылары Дәмелі апайдың басқаруымен киіз үйдің ішкі және сыртқы жасауларын кигізіп, киіз үйді құрып үйренген болатын. Бұл шара оқушыларды шабыттандырып, Дәмелі апаймен кездесу үйимдастыруға жетеледі. Осы бастама әлі күнге дейін өз жалғасын тауып келеді. Дәмелі Құсайынқызының еңбеккорлығы, ісмерлігі, ақындығы оқушыларға үлгі болып отыр.

Бүгінгі таңда Дәмелі апайдың өмірі мен шығармашылығына арналған үлкен кездесу шарамыз жоспарлануда. Осы шараның мақсаты оқушыларды еңбекке, өнерге, адамгершілікке, шығармашылыққа баулу болмақ.

Мен бүгінгі күнге дейін Дәмелі Құсайынқызының өжеттігіне, еңбеккорлығына, ақындығына тәнті болып келемін. Апайдың әзірлеген тағамдарының өзі бір әңгіме. Бір адамның бойына осынша шеберлікті қалай ғана үйіп берген еken деп таңқаламын. Ана болса, осындай болсын дегім келеді.

Апайға ұзақ ғұмыр, зор денсаулық тілеймін. Өнеріңіз бен өлеңіңіз өшпес мұра болып, шабытыңыз шарықтай берсін. Дәмелі апай!

**Ақмарал Қалиматқызы НАБИЕВА,  
Ақсай қаласы жалпы білім беретін**

**№4 орта мектепте директордың  
тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары**

## **«МОЯ ЦЕЛЬ – ОСТАВИТЬ СЛЕД ПОТОМКАМ!»**

Дәмелі Құсайынқызы заслужила признание по всей стране, и в сфере искусства о ней знают многие. Автор нескольких собраний сочинений, композитор, мастер национального казахского искусства киіз тоқу (валяние войлока).

Встреча с этим человеком у меня была запланирована давно. Но из-за напряженного графика зайти и побеседовать не получалось. И вот вечером, после очередного рабочего дня, я решил взять у нее интервью. Несмотря на то, что время было уже позднее, Дәмелі-апа встретила меня крайне радушно и накрыла щедрый дастархан. «Сначала нужно почтить гостя, а дело потом», - строго сказала она.

Вообще, строгость присуща ей. И в делах, и в стихах, которые она сочиняет, чувствуется твердая позиция автора: свой взгляд на происходящее, свой стиль в творчестве. Может быть, именно за такие качества в августе 2011 года она была награждена золотой медалью международного творческого объединения «Бейбітшілік әлемі» за вклад в развитие литературы и искусства казахского народа. Листая страницы ее книг, убеждаешься: вклад этот немалый.

И с тех пор прочно прописалась в списках творческой бомбы нашего города. Являясь уроженкой Сырымского района нашей области, она начала писать стихи еще в 20 лет. И с тех пор ни разу не оставила это увлечение. Признание последовало далеко не сразу. Например, впервые ее стихи были опубликованы только спустя много лет в Сырымской районной газете «Қызыл ту». Тогда она, уже работая учителем труда в школе, участвовала в айтыхах и различных партийных мероприятиях.

Писала стихи, сочиняла тексты песен, а иногда и музыкой увлекалась. Не имея инструментов в степи, она

своила домбру. Всего ее авторству принадлежит около десятка композиций, и часть из них уже переложена на ноты профессиональными музыкантами, друзьями Дәмелі-апа.

Стимулом для творчества всегда служили события, происходящие вокруг.

«Сидя дома писать не могу. - утверждает Дәмелі-апа, - вдохновение приходит только во время поездок и встреч с людьми».

А еще особую часть в ее творческой жизни занимает трикладное искусство. Дәмелі-апа - мастер по созданию юрт/принадлежностей к ним.

«Заниматься таким трудным материалом, как войлок, возраст уже не тот», - сожалеет Дәмелі-апа. Но тяга к рукоделию берет свое, и связанием она все еще не «заязала». За этот год, к примеру, она связала 40 (!) комплектов половных уборов. И все до единого раздарила друзьям и родным. Посильное меценатство умелица выполняет с любовью, и для многих ее опыт может послужить примером. Все свои книги, например (а их у нее 6 сборников), также создала местным (и не только) библиотекам.

Изготовление кошмы и других принадлежностей для юрты сравнимо с постройкой дома. Но, в отличие от бригады строителей, здесь Дәмелі-апа делает все сама. Вплоть до чельчайших деталей все создает своими руками. А уже после заказывает остов юрты мастерам-плотникам. Ее произведения отличаются красотой и изящностью и известны далеко за пределами области. Работы аксайской мастерицы выставлены в музеях по всей стране и даже в городах СНГ. «Труд оценивают по достоинству», - уверяет Дәмелі-апа. Деньги, вырученные от продажи юрт, Дәмелі-апа тратит на издание своих книг. Именно так были выпущены почти все ее сборники.

**Турар ТУЛЕГЕНОВ,  
«Будни Аксая».**

## **Сейтенова Ажар Жүсіпбекқызына пікір**

Атырау қаласындағы Дина Нұрпейісова атындағы халықтық музыка колледжінде қызмет атқарған ұстаз, облыстық халық шығармашылық орталығының әншісі Ажар Жүсіпбекқызы Сейтенованың есімі республика көлеміне кеңінен танымал.

Жастайынан өнерді жаңына серік еткен, шоқтығы биік әншілердің бірі Ажар Жүсіпбекқызы Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданының Әжібай ауылы, Қызыл ту елді мекенінде дүниеге келген.

Ол Х. Досмұхаммедов атындағы Атырау Мемлекеттік университетін, одан соң Алматыдағы Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияның ұстазы, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, ҚР еңбек сінірген мәдениет қайраткері С. Жанпейісовадан және А. Қосановадан дәріс алып, халық әндері класын бітірген.

Барлық еңбек өтілі 21 жыл. Саладағысы 18 жыл. А. Сейтенова 2001, 2006 жылдары өткен республикалық М. Мерәліұлы, 2003 жылы Қ. Орашеваның 50 жылдығына арналған «Көмейінде күміс жыр» атты байқауларының лауреаты, М. Өтемісұлының туғанына 200 жыл толуын орай өткізілген «Мен ақсұнқар құстың сойы едім» атты жыршы-жыраулар байқауында Құмар Жүсіпов атындағы жүлдені иеленген. 2005 жылы халықаралық «Шабыт» фестивалінің дипломанты. 2006 жылы Маңғыстауда өткен халықаралық «Каспий - достық теңізі» фестивалінде, осы жылы С. Жанғабыловтың 130 жылдығына арналған байқауда, 2007 жылы Астана қаласында өткен Ә. Қашаубаев атындағы әншілер байқауында дипломант атанған. 2009 жылы F. Құрманғалиевтің 100 жылдығына орай өткен республикалық, Астанадағы Президенттік Мәдениет сарайы орталығында F. Құрманғалиевтің 100 жылдығына арналған концертте өнер көр-

септі. Осы жылды Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Атырау облыстарының жұртшылығына «Әнші дауысы» атты жеке концертін берді.

Ресей мен Қазақстан арасындағы достықты нығайту мақсатында концерттік бағдарламамен Астрахань, Казань (Татарстан) қалаларында өнер көрсетті. 2006 жылды Астархань қаласында өткен «Живая вода» фестиваліне қатысып, қала губернаторының марапатына ие болды.

Ажар «Інжу-маржан», «Алтыбақан», «Дала-думай», «Сегіз қырлы», «Жеті саз» телебағдарламаларына қатысты. Қазақ радиосының алтын қорында А. Сейтенованаң өнері туралы хабар және 30 әні сақталған. Қазақстан Республикасы Президентінің қолдауымен Мәдениет Министрлігі шығарған «1000 ән» дисқісіне А. Сейтенованаң орындаудаудағы халық әні «Сарайшық» және Мұхит салдың «Күреңшай» әндері енгізілген.

А. Сейтенова республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, материалдары конференция жинақтарына енгізілді. «Қазақстан әйелдері» журналында тілші. Аналар тақырыбын дәрілтеген бірнеше мақалалары жарық көрген. «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ творчестволық бірлестігі Халықаралық ақпараттық талдау қызметтері одағының мүшесі.

**Сәулө Зайдагалиқызы КАРАБАЛИНА,  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**



## ӨЛЕҢ МЕН ӨНЕРДІ ҚАТАР ӨРДІМ

Бүкіл өміріmdі ұстаздық қызметке, халқымыздың қолөнерін кейінгі ұрпақта жеткізуге жұмысаган адаммын. Өткен жыл мен үшін өте жемісті болды.

2009 жылы қырық жылғы шығармашылық еңбегімнің қорытындысы республикалық «Қазақстан әйелдері» журналының қантар-ақпан айларындағы екі санында жарияланды. Сол жылы «Астана» радиосының хабарына қатыстым. Менің қолөнері шығармашылығым туралы сюжет «Гафу-студио» шығарған Қазақстан туралы «Әлемнің тоғызыншы аймағы» атты көпсериялды деректі фильмге түсірілді. Бұған дейін Орынбор қаласының баспасынан «Әке» (2003), «Мұра» (2005), «Өнер өрге өрлетеңді» (2007) атты өлеңдерім мен мақалаларым, қолөнер, ісмерлік жайлы толғаныстарым жинақталып, жарық көрді. 2008 жылы облыстық мәдениет басқармасы мен Бөрлі ауданы әкімдігінің үйімдастыруымен 70 жасқа толу мерейтойымға орай «Хас өнердің шебері – ардақты әже Дәмелі» атты шығармашылық кешім өтті. Бұл шараға Сырым ауданынан біраз адам қатысты. Менің облысқа әлі таныстырылмаған киіз үйімді Орал қаласындағы Атоян атындағы стадионға құрғызып көріп, бағалап, байгазысын беріп, қанаттандырган облысымыздың басшысы Бақтықожа Салахаддинұлы Ізмұхамбетовтің азаматтық ықыласын атап өткім келеді. Облысымызға жаңадан келген басшы өнер адамдарын құрметтейтін, оларға қамқорлық жасап отыратын білікті азамат екен. Ол кісінің облысымыздың шалғай аудандарына газ өткізіп, халықтың ризашылығын алып жатқан еңбегі өз алдына бір тәбе. Сол әкімге бір кіріп, қабылдауында болғанымда үйсіз-куйсіз жүрген соғыс ардагері мен Мұхит әншінің ұрпағына қамқорлық жасауды өтініп, жанашырлық

пікірімді айтқанмын, кейіннен Бөрлі ауданының басшыларына сол шаруаны міндеттеп, қазір екеуінің де баспаналы болғанын естіп қуанып отырмын. Қарапайым 70-тен асқан кейуананың сөзін жерге тастамай құлақ асқанының өзі басшының парасаттылығы деп білемін. Осының бәрі біраз жасқа келген адамға оңай емес. Дегенмен шығармашылық қызметіме әркез қолдау көрсетіп, үнемі демеп отырған ел азаматтарына, мәдениет саласының қызметкерлеріне, журналистерге шынайы ризашылығымды білдіргім келеді. Олардың арасында Бөрлі ауданын басқарған акімдер Қуанышбай Төлебаев, Ғұмар Дүйсембаев, Сағидолла Еркебаев, Қайырғали Имашев, Сағынбек Мұташев, ауданының қазіргі әкімі Болат Шәкімов, әкімнің орынбасарлары болған Талғат Нығметов, Сапарғали Сиражев, мәдениет қызметкерлері Мирас Бақтығұлов, Жаңыл Шүгірова, облыстық телерадио комитетінің тәрағасы Асланбек Ғұбашев, марқұм ақын-тележурналист Ботагөз Баймұқанқызы, бөрлілік журналистер Елена Менжанова, Қуанышқали Ғұсманов, Айгүл Ахметова сияқты сияқты абзал азаматтар болды.

Менің жасандырып, тіккен киіз үйлерім кезінде Мәскеуде Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде, Сырым бабамыздың 250 жылдық тойында, Алматыда тігілді. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа арнап оюлап тіккен киіз үйімді Астана қаласындағы Президенттік мәдениет орталығына тапсырдым. 1998 жылы «Ақсайгазсервис» акционерлік қоғамы алған киіз үйді мекеме басшысы Анатолы Тегісбаев, өнерді қатты құрметтейтін марқұм Айжамал Әжікова он жыл насихаттап, біраз пайдаланды.

Ерім марқұм Шапай Қажығалиев екеуміз Сырым ауданында 40 жылдан астам уақыт білім беру саласында еңбек еттік, он баланы өсіріп, ардақты ата-әже атандық. Қазір сол балаларымның, немерелерімнің қызығын көріп отырмын. Ендігі арманым биыл Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерекесіне орай, майдан даласында опат болған әкем

Құсайын Есенбаевтың рухына арнап, шығарған дастаным мен өлеңдерімді кітап етіп бастырсаң ба деген ойым бар.

Әкем 1943 жылы Орел облысының Колпянск ауданында, Остров селосында жерленгені туралы хабарды біз 2004 жылы шыққан «Боздақтар» кітабынан білдік. Әкем майданға аттанғанда мен 4 жастағы бала екенмін. А나ам Бәтіш бес қызды қанаттыға қақтырмай, жалғыз өзі көп бейнетпен өсіріпті. Сондықтан да ата-ана рухына тағзым ретінде сол еңбегімді іс қылып шығаруға ниеттеніп отырмын. Бүгінде тәуелсіз еліміз – Қазақстанның күннен күнге өсіп-өркендеп келе жатқанын көріп, мерейіміз өсіп отыр. Қазіргі жас құрақтай өсіп келе жатқан бақытты үрпақтың тілегін тілеп, «Мәдени мұра» бағдарламасына өз халімше үлес қосып отырған жайым бар.

**Дәмелі Құсайынқызы, ақын, зейнеткер**  
**«ЕЛ» газеті, 06.10.2011.**

## **Бұл өлең қалай туды?**

Ақсай шағын қала. Бір күні аудандық Мәдениет үйінде концерт болады деген хабар құлағыма тиіп, бара қалдым. Концертте көрермен, тіпті аз жиналған. Соған қарамастан, әнші Ажар Сейтенова халықтың алдында Гарифолла Құрманғалиевтың 100 жылдығына орай, Мұхит, Гарифолла әндерін өте тамаша да тартымды орындалап шықты. Үйге келгесін маған «Ән болып кеткен Ажар қызы» - деген өлең туды. Кейін мен оны кітабыма кіргіздім. Бір күні телевизорды ашып қарасам «Сегіз қырлы» концерт беріп жатыр. Ол кезде мен Ақтаудағы ұлымның үйінде едім. Сегіз қырлы да ең соңында «Біз естімеген бір әнді» атыраулық Ақкенже деген әнші орынадады.

Өлеңнің авторы оралдық Дәмелі Құсайынқызы, музыканың авторы атыраулық Елемес Мағазов дейді. Бірақ, әннің сөзін «Ән болып кеткен дара қыз» деп өзгерткен. Екінші өлеңім сонау Кеңес заманында туған болатын. Заманға қарай өлеңнің аты өзгеріп отырды. Басында «Мен Советтер Одағының адамымын», «Қазақстан деген елдің адамымын» ақыр соңында «Бейбітшілік ұраны» болып өзгерді. Сол өлеңімнің әні де, сөзі де менікі болатын. Сол өлеңім Түркістанда, атыраулық оқушы Аятолланың орындалуында жүлдеге ілініпті. Осы патриоттық өлең «Бейбітшілік әлемі» дейтін қордың жұмысына сәйкес келгендейдіктен осы қордың жюри мүшелері маған әдейі диплом әзірлеп, қоса алтын медаль беріп жіберіпті. Ал Ажар Сейтенова деген әнші қыз маған «Халықаралық журналистер одағының мүшесі» - деген куәлігін көрсетіп, болмай менің үш кітабымды алып кеткен болатын. Сізге үш кітаптан кейін атақ беруге тиісті деп. Мен екі қолымды тәбеме көтеріп маған 72 жасымда атақтың не керегі бар деп қарсылық білдірген едім. Соған қарамастан осы қордың атынан аспаннан атақ жауды.

Мен бейнетаспаға қолөнерімді жазып жүретінмін. Осы бейнетаспадан жюри мүшелері еңбегімді бағалап «Халықаралық қолөнер шебері» - деген, «Халықаралық жазушылар одағының мүшесі» деген атақ беріп жіберіпті. Мені талай шақырған, мені алып жүретін бір кісі керек. Атақты төменнен ұсынып бермейтін бе еді деп осы атақтарға қысыплатынмын.

Кейін осы қордың жұмысын СТВ каналынан көріп шана бастадым. Ие, талай атақты адамдар елеусіз өмірден өтіп жатқаны өтірік емес қой. Тақырыпты «Қоғам және әйел» деп көрсетіп жүр. Осы қордың президенті Әбен Алдабергенов деген азамат екен. Ал Ажар Сейтенова осы қордың атынан белінген журналист екен. Ажардың «Қазақстан әйелдері» журналына шығып тұратын мақалаларын оқып журмін. Ажардан Әбен ініміздің ұялы телефонын сұрап алып, сол кісімен телефон арқылы байланыс жасап сіз кімсіз, біз әртістерге өте шана бермейміз деп өзі туралы мәліметті факспен сұра-

алдым. Сонымен қатар Ажар Сейтенованың да лауазымын сұрап алдым. Осы екі адамның кім екенін де кітапқа түсіргім келді. Айтарлықтай еңбек етіп жүрген адамдарды елдің біліп отырғаны дұрыс деп ойлаймын. Ал шынында мен 1972 жылдан ешкімнен тапсырма күтпей «Халықтық мұрамызға тер төгіп жүрген «Батыр анамын». Облыстық мәдениет басшылары да менің біраз жұмысымды көріп, біліп отыр. Журналистер мен телевидениенің де мені жарнамалаудан кенде қалып жатырған жері жоқ. Жүрген ортам, аудандарым кезінде марапаттап отыр.

Бірақ, олар мені республикаға еш атаққа ұсынып жатпағаны белгілі. Қазақта «Сұрамаған балаға емшек бермейді» деген мақал бар. Менің өлеңдерім де, өнерлерім де шынында да халықаралық екені рас қой. Шанбасаңыз 1990 жылғы «Қазақстан мұғалімі», «Учитель Қазақстан» газетінен. 1990, 1992 жылғы Москва, Алматыға апарған киіз үйім туралы, 2007 жылғы Қазақстан «Аргументы и факты» газетінен, 1972 жылғы №147, 148 жылғы республикалық русский народный драма театрға алынған екі текеметім, екі бетіне түр салынған, тағы сондай көптеген еңбектерім республика бойынша еленген емес. Мейлі ғой кәзір 75 жастамын, әйтеуір өлгесін алатыныма сенемін.

«Ән болып кеткен Ажар қызы» - «Ән болып кеткен дара қызы» болып өмірге дәстүрлі әннің қатарына жолдама алды.

**Дәмелі Құсайынқызы.**

# АҚ ЖАЙЫҚТА ЖҰМАҒАЗЫ ХАЗІРЕТ

Дәдем атаға  
ас берілді



*Егемендігімізді  
алып, тәуелсіздікке  
қол жеткізген соң,  
арғы-бергі  
тарихтағы ұлы  
тұлғаларымызды  
түгелдей*

**бастағанымыз ақиқат. Солардың бірі –  
Жайық өңіріне аты белгілі, ел аузында  
Дәдем ата» аталып кеткен Жұмағазы  
қазіретке арнап таяуда ас берілді.**

Бұған дейін де Орал-Ақтөбе тас жолымен жүргенде, қолаушылардың Сырым ауданының аумағындағы Дәдем атаға арнап қойылған белгіге тоқтап, дұға оқып, садақаларын тастап өтетініне куә бол жүргенмін. Енді міне, сол атаға арнап ас беру рәсіміне және мешіт-намазхананың ашылу салтанатына қатысу бақытына ие болдым. Бұл сапарыма Бөрлі ауданының Пугачев елді мекенінің тұрғыны, халық емшісі Сейтекова Қазима себепші болды. «Тарихи оқиға болайын деп тұр, апа. Бес жүздей адам қатысады деп күтілуде. Елдің адамысыз ғой, соған сіздің де барғаныңыз жөн деп ойлаймын. Маған «ИГС-Сичим» компаниясының директоры көлік беріп тұр, бірге барып қайтсақ қалай болады?» - деген ұсыныс жасады. Ойланған келе, барып қайтуды үйғардым.

Сонымен Ақсай қаласынан Досжігіт деген азаматтың машинасымен оның жұбайы Күләш үшеуіміз шығып, екі

көлікпен айтылған жерге қонаға жеттік. Жолда Әулие атаға бұрылатын жерге қойылған белгіден онға қарай 2,5 шақырым жүріп, алдымыздан мешіт пен қонақ үйді, атаның басына бұдан бұрын салынған кесенені қөрдік. Кесененің арғы жағынан зират, қоршалған үлкен қауым көзге шалынды. Кесененің шырақшысы атаның бесінші үрпағы болып келетін Фариғолла Баймұратұлы деген жігіт екен. Қараңғы түсіп кеткеніне қарамастан, Қазима одан Дәдем атаның рухына бағыштап дұға оқуын өтінді. Фариғолла өтінішімізді құп алып, дұға оқып шыққан соң, жазғы шайханаға кіргізіп шай берді. Аяғынан тік тұрып қызмет етіп жүргендер Фариғолланың, атаның туысқандары, таныстары, үрпақтары екен. Арасында атаға келіп түнеп, емделіп кеткен адамдар мен емшілер де бар. Ертеңіне түске қарай жаяулы-көлікті адамдар ағыла бастады. Түскі 12-лерде жаңа мешіттің салтанатты ашылу рәсімі болды. Қазақы дәстүрмен шашу шашылып, құтты болсын айтқан қонақтар жүреюжарды қуаныштарын білдіріп, сый-сыяппаттарын табысталап жатты. Біреулер кілемдер, дұға жазылған тақта, жылқы, қаржылай 100 мың теңге тарту етсе, көріпкел Зағиға кілем әкеліп, Фариғоллаға шапан жапты.

Салтанатты шара соңынан 700-ге тарта келген қонақтар арнап жайылған дастархан басында шырақшы Фариғолла шын ниетімен көмегін ұсынған жандар мен демеушілердің есімдерін атап, алғыс сезімін білдірді.

Оның айтуынша, Роман есімді азамат мешіттің күмбезін тұрғызуға көмектессе, Бауыржан (Орал) төсөніштермен қамтамасыз етті, Тасболат (Мәскеу) есік-тереземен жабдықтады, Әділғазы, Меңзегүл, Мұнира (Саратов облысы. Озинки), Досжігіт (Ақсай), Жақып, Жасталап (Жалпақтал) ақшалай жәрдем етсе, емші Қазима (Пугачев) қонақ көрпелер, көпшілігі көрпе-жастық, кілем, ыдыс-аяқ, шай құралдарын әкелген. Мәжіліс депутаты Аманжан Жамалов 300 мың теңге ақша бөліп, мал сойып, ас берген.

Атаның кесенесінің ішінде апасы Айсәуленің, баласы Тілекжанның қабірі жатыр дейді. Кесененің сыртында XV

ғасырда өмір сүрген (құлпытастағы жазу бойынша) Бекен баба Керейдің кішкене кесенесі тұр. Шырақшының айтуынша, атаның апасы мен баласының жатқан жерін Зағифа емші көріпкелдік қасиетімен анықтап берген.

Жында халық тарапынан «Жанына шипа іздең, атамыздың басына түнеп, тәу етуге баратын жандардың жолын жеңілдету үшін 2,5 шақырым жолға назар аударылса. Сол жолды биқтетіп, электр желісін тартып, жарық өткізілсе» деген тілек айтылды.

Сонымен қатар мешітке, қонақ үйге жылу өткізу үшін бір қазандық керек екен. Құбырлы құдық қазып, дәретхана салса, нұр үстіне нұр болар еді. Айтылған шаруаларды үйимдастыруши табылып жатса, халық көптеп-көлемдеп қолдан кетері анық. Лайым өулие атаның аруағы қолдағай!

**Дәмелі Құсайынқызы.**

## ТАҒЛЫМЫ МОЛ ӘДЕБИ КЕШ



Жан сырын ақ паракқа жыр етіп төгіп, бойындағы қабілетін иненің ұшымен халқымызбен бірге жасасып келе жатқан қолөнер түрінде ұрпақ сана-сында жаңғыртқан, он бала тәрбелеп өсірген ұлағатты ана, данагөй әже Дәмелі Құсайынқызы туралы аз айтылып жүрген жоқ.

Басылым беттерінде де, теледидардан да көбірек көрініп жүр. Ұлттық өнерді насиҳаттап жүрген қолөнер шебері - мектеп оқушыларымен болатын кездесулерге де жиі шақырылады. Осындай тағлымды шара, мағыналы кездесу таяуда Пугачаев жалпы білім беретін орта мектебінде өтті.

«Ақын, батыр, ісмер, сазгер, ұстаз - Дәмелі ана» атты әдеби-танымдық кеш мектеп директоры Қ.Қ. Абдрахмановының кіріспе сөзімен ашылды.

Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімдерінің әдістеме бірлестігінің жетекшісі С.Ж. Байқадамова кеш кейіпкерінің

өмір жолы туралы слайд арқылы көрсетілген суреттер мен деректерді пайдалана отырып, кеңінен әңгімеледі. Сондай-ақ экраннан Дәмелі апайдың қатысуымен түсірілген жергілікті, облыстық телеарналардың хабарлары, Қадыр Мырза Әлі, Ақштап Бақтыгереве сияқты белгілі тұлғалардың лебіздері, қолынан шыққан киіз үйлері мен қолөнер бүйімдары жиналғандар назарына ұсынылды.

Ана жүргінен әуелеп ұшқан аққанат жырларын оқушылар мәнеріне келтіре əқып берсе, музыка пәннің мұғалімі Индира Жексенбайқызы шәкірттерімен бірге апайдың «Бейбітшілік ұраны» әнін орындағы. Бұл әннің аудан көлемінде тұнғыш рет осы Пугачев орта мектебінде орындалғандығын атап айтқан абзал.

Пугачев ауылдық кітапханасының кітапханашысы Р. Жұмағулова әркезде өмірдің тыныс-тіршілігіне үн қосып жүретін Дәмелі апайдың жарық көрген алты кітабына, сондай-ақ өлеңдері мен қолөнер туралы жазбалары жарияланған облыстық, республикалық басылымдарға библиографиялық шолу жасады.

«Әкімі ақынын іздеген ел бақытты» дегендей, осы шараның басы-қасында жүріп, кеш иесіне айрықша ықылас-ізетін білдірген Пугачев ауылдық округінің әкімі Т.К. Қазжанов ауылдастары атынан алғыс айтып, естелік сыйлық табыс етті.

Ақсай қалалық арадағерлер кеңесінің төрағасы М.Б. Бокаев, ауылдағы әнші әжелер тобының жетекшісі Софья апай да жүреқжарды тілектерін жеткізді.

Басшылардың да, ұстаздар мен оқушылардың да тыңғылықты даярланғандары анық байқалған тағлымы мол кеш Дәмелі апайды ортаға алған оқушылардың қосыла шырқаған «Кек тудың желбірегені» әнімен аяқталды.

Ақындық өнердің қасиеті мен құдіретін жан дүниесімен сезінген, киелі өнердің қуанышы мен қызығына бөленип жүрген Дәмелі Құсайынқызы ауыл және мектеп басшыларына, ұйымдастырушыларға аналық ақ алғысын жаудырып, өзімен бірге ала келген сый-сияппаттарын үлестірді.

Айгүл АХМЕТОВА,  
«Бөрлі жаршысы-Бурлинские вести» газеті,  
Ақсай қаласы.

ЖАПЫРАҚ ЖАИГАН

ӨЛЕҢ МЕН  
ӨНЕРДІ  
ҚАТАР  
ӨРГЕН

Жас өнердің  
шебері,  
акын ана  
Дамесі  
Құсайынқызы  
жакында



«...Он балалы болгасын батыр дейді,  
Өлең жазып жүргесін ақын дейді.  
Жас кезімнен оюмен айналысам,  
Халқым мени өнерге жақын дейді.  
Кейде мениң кеудемді өн кернейді,  
Шабыт қысса, ырқыма өл көлмейді.  
Өзім жазған өлөңге өн шығарам.

Оны білген ағайын сазгер дейді...» - деп  
әзі жырлағандай ардақты анамның қолынан  
шықкан өнер туындылары бір тәбе болса,  
кеудесін керней, уақыт ағымына үн қосқан  
ақындығы да бір тәбе. Бойына адамгершілік,  
инабаттылық, кішіпейілділік секілді  
асыл қасиеттерді жинақтаған қолы шебер,  
көnlі таза, жүргі жұмсақосынау жан аудан,  
облыс, республика жүртшылығына көnінен  
танымал. Дүйім дүниені думанды дүбірге,  
шуақ нұрга бөлөй келетін көктемнің лебі  
ескен еткен жылдың шуақты сәуір айында  
70 жасқа толған Дәмелі Құсайынқызы жүйтілген  
жылдардың жалына жармаса жүріп,  
бар саналы ғұмырын ұстаздық қызметке  
бөлштады.

Ұлттымыздың ұмытыла бастаған ою-  
өрнептің көкірек кестесімен қайта өрнектеп,  
елге жаңа заман адамдарының талғамына  
сай етіп үсынудан жалыққан емес. Қысқасы,  
бар дегені орындала бермейтін ауыл әйелі-  
нің қын тірлігі арасынан бәріне де үлгеруге  
уақыт таба білді.

Он бала тәрбиелеп өсірген ананы  
былай қойып, атпал азаматтар қолға  
алуға жүрексінетін игілікті істерді  
эткерип жүрген Дәмелі Құсайын-  
қызы Батыс Қазақстан облысы,  
Сырым ауданына қарасты Жоса-  
лыауылында дүниеге келіпті.  
Аяулы әкесі Құсайын Есенбаев  
1941жылы майданға аттанғанда Дәмелі апай

жасар бала екен. Әйтсе де ол сұрапыл соғыс  
жылдарындағы ауыл өмірін қинала отырып  
еске алады.

- Әкем майданға аттанғанда анам Бөтіш тәрт  
қыз баласын бауырына басып жалғыз қала  
беріпті. Анамның ішінде қалған бесінші қыз-  
дың атын Әлібек дәйтін атамыз әкесі соғыстан  
аман оралсын деп Аманжол қойыпты. Анамыз  
бізді көрші әжейдің үйіне тастап кетіп, таңның  
атысы, күннің батысы бел шешпей колхозда  
енбек етті. Еңбек озаты атандып, жылда ма-  
дақталып, еңбек күннен тыс мал алып, сол  
малды базарға өткізіп, біздің иығымызды бү-  
тіндеп отыратынын 89 жасқа келіп кайтыс  
болған анамнан талай естідім. Әлі оқымаған  
кезім болуы керек, қолыма тәрт бұрышты етіп  
бүктеген хатты ұстаганым есімде қалыпты.  
Қазір ойласам сол хат әкемнен келген соғы  
хабар екен. Кейін, дәлірек айтсам, 2004 жылы  
«Боздақтар» кітабынан: «Құсайын Есенбаев  
1943 жылы ақпан айында Орлов облысы, Кол-  
пянск ауданы, Остров селосында жерленді»  
деген мәліметті таптық. Міне, осындағы қын-  
шылық жағдайында өмір сүре жүріп, 1956 жы-  
лы Бұлдырты орта мектебін бітірдім. - дейді  
Дәмелі Құсайынқызы артта қалған қындыққа  
толы балалық және жастық шағын еске алып.

Дәмелі апай - отбасы жағдайына байланыс-  
ты жоғары білім ала алмағанымен көп оқып,  
көп ізденіп, өзінің рухани қажеттілігін өз қолы-  
мен жетілдіріп отырған, сирек кездесетін ең-  
беккор жан. Отыз екі жыл ұстаздық қызмет  
атқарып, 1988 жылы зейнеткерлік демалысқа  
шығыпты. Міне, осындағы өнегелі өмір  
жолынан еткен алтын асықтай он  
бала тәрбиелөп, ұлын үяға, қы-  
зын қияға қондырып, олар-  
дан өрбіген немере-жиенде-  
рінің ортасында бақытты ғұ-  
мыр кешкен Шапай аға мен  
Дәмелі апай уақытында ал-  
тын тойларын да атап етіпти.  
Жарты ғасыр бойы жарасымды тірлік кешкен



Жарты ғасыр бойы жарасымды тірлік кешкен

Дәмелі апай уақытында алтын тойларын да атап өтіп. Жартығасыр бойы жарасымды тірлік кешкен отбасының отағасы Шапай Қажығалиұлы бар саналы ғұмырын арнаған ұлағатты үстаз. 1952 жылы Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетін тәмамдап, Бұлдыртыда мұғалім болып еңбек етіп жүрген кезінде бүгінде шаңырағының берекесін келтіріп отырған зайыбы Дәмелі апайды кездестіріпті. «Жұбайлар бар өңгімесі таусылған, ал маҳабbat-таусылмайтын өңгіме» деп ұлы ақын Мұхтар Шаханов айтқандай. Шапай аға мен Дәмелі апайдың өңгімесі де, әні де, сөні де сынын бұзбай осы уақытқа дейін жарасымын тауып келіпти.

- Біз қыз бен жігіт болып жүргеніміз жоқ. Мектеп бітіріп, үйде отырған маған отағасы сез салғанда: «Мен ештеңе білмеймін, анаммен сөйлессенізші!» - деппін ғой. Ата-ананың айтқанынан шыға алмайтын кезіміз емес пе. Ауылда мұғалім болып істеп жүрген отағасы анамның келісімін алып құда туksen соң, екі айдан кейін шаңырағына келін болып түстім. Біздің арамыздагы бар сүйіспеншілік осы болды. Құдайға шүкір жаман болғамыз жоқ - дейді қашан да төубесін аузынан тастамайтын Дәмелі апай.

Айта берсе өңгіме көп. Өзінің мәнді де мағыналы ғұмырында: «Думанды өмірден сыйбағанды алып қал, артында келер ұрпаққа өнеге боларлық із қалдыр, адамдық атына кір келтірмө. «Жер беті» деп аталған алып сарайдың берік қабырғасына болашаққа ескерткіш боларлық кірпішінді қала» - деген өзінің өмірлік принципін берік ұстанған Дәмелі апайдың бойында екі түрлі ерекше қасиет бар. Ең бастысы, Дәмелі апай әйел атаулы ине ұстауды ұмытқан кезде ісмерлік мектебін қалыптастыруға үлкен еңбек сініріп келеді. Жалғыз бұл өлкеде ғана өмес, бүкіл өліміз бойынша ұмытыла бастаған, әлі де қалпына келмеген киіз үй тігу, оның ою-өрнектерін жаңартып қайта жасауы да қажет шаруа, құлтарлық іс. Ісмер жанның қолынан шыққан дүниелермен танысқан жанның көкейіне үлттық құндылықтың маңызын өр қазақ айелі осы Дәмелі Құсайынқызы секілді сезінсе ғой деген ой еріксіз оралады.

Дәмелі апайдың қолынан шыққан екі түс киізі республикалық қолөнер мұражайында сақтаулы. 1990 жылғы Наурыз мерекесінде, Жылпіты ауданында апандың қолымен өрнектеліп тігілген киіз үй шаңырак көтерді. Он бес республикадан барған делегация алдында Қарағанды, Шымкент, Орал облыстарынан апарылған киіз үйлер тігіледі. «Көсіптік-техникалық училище - 90» атты көмеде киіз үйді жабдықтап өзіндік қолтаңбасымен із қалдырған қолөнер шебері Араптөбе орта мектебінің еңбек пәнінің мұғалімі Дәмелі Құсайынқызы ерекше мадақталады. Сол се-

Елбасына арнап сегіз қанат киіз үй тігеді. Бұл еңбегі де өте жоғары бағаланғаның бүкіл өл біледі. Апайдың мектеп оқушыларымен біріпп жасаған үй бүйімдары, үлттық киімдер мен өрнекті белбөулері де өз алдына бір тәбе.

Дәмелі Құсайынқызының шығармашылығына келер болсақ, қаламды өзіне сәрік еткен ананың жүрегінен жарып шыққан сыршыл сезімдерін жеткізген есем жырлары жинақталып «Әке», «Мұра», «Өнер өрге өрледі» атты үш кітап болып летеді» атты үш кітап болып баспаҳанадан жарық көрді. Жырларының тәлімдік өнегеліліп бүгінгі таңда есеп үрлағымызға көрек дүниелер. Ақын сезі егемен өліміздің ұлы мұраттарымен үндесіп, кестелі жыр шумақтары айналаға мейірім шуағын шашып түрғандай.

Қос өнерді жастайынан өзіне сәрік еткен шебер-ақын:

Әзімді он қазыққа баилап алып,  
Отырмын от басында ойға қалып.  
Босанып он қазықтан шығар болсам.

Әннен сел ағызарым айдан анық - деп өзі айтқандай балалары мен нәмерелерінің қамынан қолы қалт еткенде, қаламын қолына алып өзін толғандырған мәселелерді қағаз бетіне түсіріп отырады.

Дәмелі Құсайынқызының халқына сінірген осынау өлшеусіз еңбегі халқынан да, өкімет тарапынан да өзінің лайықты бағасын алып та келеді. Ел төуелсіздігінің 10 жылдығына арнап өткізілген «Ақ жаулықты әжелер» байқауының үздігі, Бөрлі ауданы бойынша «Қолөнер шебері» атағы берілді. Елбасымыздың мәдени орталыққа шоғырландырған ұлт сипатының ерекшелігін көрсетер мұрагаттарының ішінде Дәмелі Құсайынқызының мұралары жетерлік. Көзінде Мәскеуге барып лайықты бағасын алған. Оны да көрер көз көрек. Өнерге деген ниет Дәмелі апайдың тарапынан әлі де мол. Қоғамымыз қатардағы аналардың қадірқасиетін жоғары бағалайды дегеніміз бен, сол сатыға Дәмелі Құсайынқызы әлі толық көтерілген жоқ. Ол енді жергілікті башшылардың, қала берді өкімет орындарының жұмысы. Біздің мақсатымыз ел иғілігі жолында жасалып жатқан жақсы істерді жария ету.

Саф алтын болмасам да,  
Алтынның сынығымын.  
Сайрайтын анда-санда

Даланың бүлбүлімін, - деп өзіңіз айтқандай, бірде алтынның сынығындаи, бірде далаңың бүлбүліндай болған, саусағына кие қонған, қайтпас қайсар жүректі Сіздің қасиетіңіз қазақтың өр өйелінде болсын деп тілейміз. Осы орайда Дәмелі Құсайынқызының үлттық мұраларымызға байланысты өңбектерін оқырмандар назарына ұсынуды жөн санадық

Амантай ЕСІЛБАЙ.

# КИЗ ҮЙДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Арнайы бетті киіз үй тігуші шебер  
Дәмелі Құсайынқызы  
жүргізеді

Киіз үйдің қаңқасын **кереге**, **уық**, **шаңырақ**, **сықырлауық** деп атайды. Керекті ағаштарды алты ай немесе бір жыл бұрын әзірлейді. Кереге - киіз үйдің негізгі қаңқасын құрайды. Керегенің әр ағашын - **желі**, ал керегелік жемінен ұзынын - **ерісі**, орташасын - **балашық**.

Ең қысқасын - **сағанақ** деп атайды. Бір керегеде 14 ерісі, 9 балашық, 9 сағанақ болады. Керегенің көктеліп біткен әр бөлігін қанат деп атайды. Қанат саны керегенің көлеміне қарай көбейе береді. Жалпы саны 2-3 қанаттан 30 қанатқа дейін жетуі мүмкін. Кереге желісінің ерісі 2м. балашығы (ең ұзыны) 1м 80 см. сағанағының ең кішісі - 30 см. Бұл кереге желісінің **басы** деп аталады. Кереге жасалу ретінде қарай **желкөз**, **торкөз** кереге болып бөлінеді. Желкөз кереге 11, 13, 15 көкті. 95, 110, 120 басты болып келеді. Керегенің бас санына қарай, уық саны да көбейіп, азайып отырады. Желкөз керегенің көзі үлкен арасында бір желі көктелмей азат қалдырылып отырады. Торкөз керегенің көзі жұдырық сыймайтында тар болып келеді.

Уық - басымен шаңырақты бекітіп ұстап тұратын ағаш. Ол сәмбі (Сыр талынан жасалады). Уықтың кереге басына байланатын жағы жаппақтау, имектеу болып келеді. Бұл тұсты уықтың іні дейді. Уықтың жоғары түзу жағын қары дейді. Шаңырақ көзіне сұғына енгізілетін құрлы ұшын қаламы дейді. Уықтың кереге басына байланатын жағына тесіп өткізілген бауды - **уық бау** дейді. Уықтың ұзындығы 2 м - 2 м 20 см болады.

Шаңырақ - киіз үйдің еңсесін құрап, тұстасып тұратын күмбез. Шаңырақтың шенберінің диаметрі 3-5 метр шамасында. Оны торанылдан, сом қайыннан иіп қилюстасырады. Қоспаларын жылтырауық металмен құрсаулады. Шаңырақтың дөңгелек шенберін **тоғын** дейді. Тоғын бойынан төрт құрлы көз қаламдықтары тесіледі. Шаңырақ тоғынының үстінен түндікті көтеріп тұру үшін және киіз үйдің төбене жауын сұы іркілмес үшін 45 градус шама-



сындағы деңгейде айқастыра бекітілген ағашты **құлдіреуіш** деп атайды. Құлдіреуіш арқылы үйге жарық түседі, ошақтың түтіні шығады.

**Сықырлауық** - жарма есік кереге шенберін түйіктап, киіз үйге кіріп-шығатын есік қызметін атқарады.

**Тұырлық** - керегенің іргесінен уықтың ортасына дейірі тұсты, үзік кереге басынан шаңырақ шенберіне дейінгі аралықты түндік шаңырақты, сықырлауықты жауып тұрады.

**Таңғыш** - екі керегенің сағанағын (жігін) кіріктіріп тақатын өрнекті жінішке құр.

**Бас арқан** - керегенің басын сыртынан бастырып, орап тақатын қыл арқан.

**Белдеу** - тұырлықтың керегеге жымдастырылған жатуы және оны жел көтеріп кетпеуі үшін сыртынан бастырып бастырып буатын қыл арқан.

**Шалма** - уықтарды ұшып кетпеуі үшін шалмалап байлайтын құр. Уық шалғыш иық бау деп те атайды.

**Желбау** - өрнекті тілме шашақты құр.

**Басқұр** - киіз үйдің ішін безендіру үшін әрі уық пен керегенің түйіскен жерін сыртынан бастырып тақатын өрнекті жалпақ құр.

**Тұырлық бау** - тұырлықты ұстап тұратын, әрі өсемдік үшін қолданылатын бедерлі жалпақ терме бау.

**Ұзік бау** - ұздіктің екі жиегінен екі немесе үш жердей уықтан тартылып керегеге байланатын жалпақ терме бау.

**Бақан** - жоғарғы ұшын екі аша етіп жасаған ұзынсырық.

**Шымши** - алуан түрге боялып, қой жүнімен орай отырып тоқыған шиді **шымши** деп атайды.



2009 жылғы "Қазақстан айналдері" журналының 1,2 номерінен алынған.

## **Әкімдіктегі, №4 мектептегі Наурыз тойы**

2012 жылы әкімдікте, №4 мектепте өткізілген Наурыз тойына көрермен ретінде қатысып, риза болып қайттым. Әкімшіліктегі қыз-келіншектер, жігіттер, әкімнің орынбасарлары өте белсенділікпен Наурызды тартымды етіп тойлап шықты. Ең болмағанда жылына бір рет болса да осылай белсенділік танытып, өздеріне рухани қажеттіліктерін жинаса өздеріне де, ұрпақтарына да керек құндылықтар. Өйткені осы белсенді қыз-жігіттер де ертең қартаяды. Оларға ұрпақтары наурыз жайында сұрақ қояды. Наурыз тойы нағыз үлттық нақышта тойланады. Табиғаттың көркемдігіне үлттық киім қосылып жарасым табатын той. Оған үлттық тағамдардың алуан түрі көрсетілді.

Осы тақырыпты жандандырып болашаққа жеткізу атап алардың, әр ғасырдың парызы. Осыған орай айтпағым, әкімшілік бірнеше топқа бөлініп өте әдемі көрініс көрсетті. Жарысқа түскен «Қамқорлық нұры», «Тенгегүл», «Мұрагер» топтары үлттық салт-дәстүрлерден көрініс көрсетті.

Әрбір топ «Ерулік», «Құда тұсу», «Қыз ұзату», «Беташар», «Бесік той», «Тұсаукесер» сияқты дәстүрлерді сахналады. Мемлекеттік қызметкерлер тіпті образға кіріп, көрмендердің алдында жүргендей-ақ тамаша ойын көрсетті. Үлттық тағамдарды да көл-көсір етіп дайындаған. Басқа да өз бойындағы өнерлерін көрсетті. Домбыра, би, үлттық нақыштар өз рет-ретімен көрініс берді.

Осы көріністі үйымдастырудың басы-қасында Абекенова Күнімай, Мұхтар Даuletjanov өте белсенділік танытты.

Өзім куә болған №4 мектептің 11 сынып жетекшісі Ақғұл деген ұстаз оқушылардың мәңгі естерінде қалатындағы етіл Наурыз тойына әзірленген. Жаңағы көріністің бәрін олар да өте тамаша етіп орындалған шықты. Екі көрініске куә болған мен жергілікті ақын, халқымыздың өнерін уағыздаушы ретінде қазіргі жастарға қатты ризашылығымды білдіремін. Дәстүріміз жалғасын табады деп зор сеніммен айта аламын.

**Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ,  
жергілікті үлттық дәстүріміздің жанкүйері**

## **ТРУЖЕНИЦА И МАТЬ**

**КУСАИНОВА Дамели** – мать-героиня, воспитавшая 10 детей, поэтесса, рукодельница.

Родилась в 1938 году в Жосалы Джамбейтинского (ныне Сырымского) района Уральской области в семье Есенбаевых Кусаина и Батиш. Она была средней из пяти дочерей. До войны они жили в Оренбургской области.

Перед самой войной по настоянию родственников семья переехала в Западный Казахстан в Джамбейтинский район (ныне Сырымский) в село Джусалы.

В 1941 году Кусайн Есенбаев ушел на фронт, и больше семья его не видела. Только спустя много лет, в 2004 году из «Книги памяти» Дамели узнала, что ее отец погиб в феврале 1943 года и похоронен у села Остров Колпянского района Орловской области.

В тяжелые военные годы Батиш Есенбаева работала не покладая рук, и Дамели вспоминает, что не видела ее в женской одежде. Всегда одетая по-мужски, мать работала от зари до зари, она была дояркой в колхозе. Батиш вырастила и воспитала своих дочерей трудолюбивыми и неизбалованными. С детства Дамели помогала матери, работала на сенокосе, на поле во время сева. При этом она всегда интересовалась рукоделием. Скромную, трудолюбивую молодую девушку заметил среди своих учениц учитель Чапай Кажгалиев и полюбил ее. Как признается Дамели Кусаинова, у нее не было каких-то увлечений, опыта первой любви. Как только в 1956 году она окончила Булдуртинскую среднюю школу, он посватался к своей избраннице. Она очень уважала своего мужа и старалась быть достойной женой. Затем, начала работать в Аралтобинской средней школе, сначала воспитателем интерната, потом учителем обслуживающего труда. Старалась передать своим ченицам секреты народного искусства, национального фрагмента. 32 года она посвятила обучению и воспитанию детей. Ее муж Чапай Кажгалиев, педагог с высши-

образованием, был удостоен звания «Отличник народного просвещения». Вместе с ним Дамели Кусаинова воспитала десятерых детей и прожила в мире и согласии более 50 лет. Все ее дети получили соответствующее образование, стали достойными гражданами, создали семьи и трудятся на благо нашей страны. Неизмеримый труд матери по воспитанию детей был отмечен государством: в 1980 году Дамели Кусаиновой Указом Президиума Верховного Совета СССР было присвоено почетное звание «Мать-героиня» с вручением ордена «Мать-героиня» и Грамоты Президиума Верховного Совета СССР. В июне 2003 года Дамели Кусаинова была награждена подвеской «Алтын алқа».

Активная и одаренная от природы, Дамели Кусаинова никогда не замыкалась в своей семье. Будучи ярым сторонником народного творчества, она беспокоилась о сохранении богатого культурного наследия народа и на протяжении всей своей жизни пропагандирует казахское национальное искусство, сама занимается рукоделием, учит подрастающее поколение. Дамели-апа принимает непосредственное участие в подготовке самых крупных общественных мероприятий. В год 250-летия присоединения Казахстана к России она впервые изготовила одежду Исатая Тайманова, Махамбета Утемисова и их сарбазов: две кольчуги, верхнюю одежду для 18 воинов, 20 головных уборов и 20 поясовремней. К 100-летию со дня рождения В.И. Ленина и 50-летию Казахской ССР она изготовила два текемета и подарила новому республиканскому музею. В 1972, 1980, 1983 гг. работы Дамели Кусаиновой выставлялись на районных, областных и республиканских выставках народного прикладного искусства. Она изготовила несколько юрт к большим знаменательным событиям в стране. В 1989 году в честь празднования Наурызмейрамы учитель Аралтобинской средней школы Д. Кусаинова изготовила юрту, которая была выставлена на проспекте им. Ленина в областном центре - г. Уральске от совхоза «Джамбейтинский».

В 1990 году казахская юрта со всем ее внутренним и

внешним убранством, изготовленная Дамели Кусаиновой, выставлялась в Москве. В 1992 году она выехала в составе делегации Джамбейтинского района на научно-практическую конференцию, посвященную памяти С. Датулы, в Алма-Ату. Одну из ее юрт выкупила отечественная компания АО «Аксайгазсервис», другую юрту она посвятила памяти своего отца, не вернувшегося с войны, и всех погибших на фронте. Третью юрту Дамели Кусаинова сшила к 60-летию Победы. В 2005 году свою работу - юрту - она посвятила Президенту Республики Казахстан Н.А. Назарбаеву. Еще одну юрту, от имени своих земляков - жителей Сырымского района - посвятила 75-летию своего земляка, сверстника, поэта Кадыра Мырза Али. Дамели-апа, активно пропагандируя народное ремесло, часто выступает в средствах массовой информации: дает интервью в городские, районные, областные и республиканские газеты, на телевидении и радио.

Дамели-апа 74 года, она полна оптимизма и энергии. Она очень мобильный человек и всегда принимает участие в мероприятиях по чествованию казахских ақынов и поэтов, где бы это ни происходило. С ней интересно беседовать, она рассказывает о встречах с известными людьми, например, как в Алматы сидела в своей юрте и елабесбармак рядом с артистами - исполнителями ролей Тулегена и отца героини в фильме «Кыз-Жибек», с Имангали Тасмагамбетовым, представителем казахской диаспоры из Германии и т.д. Она общалась с писателями и поэтами, в том числе с ныне покойным Кадыром Мырза-али, который посвятил ей несколько строк.

Есть среди многочисленных записей, сделанных при встрече с работниками телевидения, одна, на которой Дамели-апа демонстрирует, как она готовит орнамент для оформления юрт и создания текеметов - ковров из войлока с национальными узорами. Так вот, мастерица не пользуется предварительным рисунком или чертежами. Она складывает вчетверо бумажный квадрат, обычно кусок

обоев, и сразу же начинает вырезать орнамент, круча бумагу в руке по одной ей известной траектории движения. Потом, когда она раскрывает получившееся изделие, то оказывается, что ни кусочка бумаги не ушло даром: в результате получается два орнамента, вложенных друг в друга.

При этом Дамели-апа ничего не получала за свой кропотливый ручной труд. Правда, справедливости ради нужно отметить, что у нее хранится множество грамот, дипломов, свидетельствующих о ее работе по сохранению и пропаганде народного ремесла. Это потом, с наступлением рыночных времен, по совету других она уже стала реализовывать юрты, тем более, что появился спрос.

С Дамели Кусаиновой считаются в Бурлинском районе, она почетный гость на мероприятиях. По случаю 20-летия независимости Республики Казахстан она награждена юбилейной медалью. Можно сказать, что жизнь удалась, пора успокоиться и почивать на лаврах!

Но это еще не все. Кроме всего сказанного до этого, Дамели-апа известна еще одной гранью своей личности: она пишет стихи. Ее стихи периодически публикуются в газетах и журналах, звучат по радио. Дамели-апа не читает ноты, но она уже создала песни на свои стихи. Песня родилась в тот момент, когда Дамели-апа была в сильной печали после потери верного спутника жизни, мужа и отца своих детей - Чапая. На сегодняшний день Дамели Кусаинова выпустила шесть своих книг, которые она стесняется продавать, а попросту передает в библиотеки и дарит знакомым. Уже готовится к изданию следующая книга.

Сейчас ей 74 года, но она полна оптимизма и решимости передать свое умение подрастающему поколению.

**Кунымай АБЕКЕНОВА,  
главный специалист отдела внутренней политики  
Бурлинского района ЗКО, г. Аксай. 2011**

## ДӘСТҮРГЕ ТАҒЗЫМ

Ұлттық дәстүрімізді насихаттау, құрметтеу, оқушы санасына көзбен жеткізу, өркемдікті үғындыру, өнер адамдарымен кездесу мақсатында оқушылармен атысып, асыл мұра құндылығына күә болған бір шара туралы әңгімелемекпін.

Әңгіме Ақсай қаласы жүртшылығына әлем, республика деңгейіне аты шыққан ас өнердің шебері, өлең мен өнердің атар өрген ақын ана, Батыр ана Дәмелі Құсайынқызы туралы болмақ.

Ұлттық ұмытыла бастаған ою-өрнегін көкірек кесте-мен қайта өрнектеп елге, жаңа заман адам талғамына сайнап киіз үй тігуден жалықпаған Дәмелі ана:

«...Он балалы болғасын батыр дейді.  
Өлең жазып жүргесін ақын дейді.  
Жас кезімнен оюмен аинаптысам.  
Халқым мені өнерге жақын дейді.  
Кейде менің кеудемді ән кернеиді.  
Шабыт қысса, ырқыма ал келмейді.  
Өзім жазған өлеңге ән шыгарам.  
Оны білген ағайын сазғер дейді. ...»

-дел, өзі жырлагандай, ардақты аナンЫң қолынан шыққан өнер туындылары бір төбе болса кеудесін керіп, уақыт ағынына үн қосқан ақындығы да бір төбе. Бойында адамгершілік, инабаттылық, кішіпейілдік секілді асыл қасиеттердің нактаған қолы шебер, көңілі таза, жүрегі жұмсақ осынау мен үшін пір тұтатын қадірлі де қымбат.

2004 жыл Дәмелі Құсайынқызының Елбасына арналған киіз үйінің тұсаукесер салтанатына қала мектептерінен оқушылар шақырылып, біздің мектеп оқушыларымен мен баратын болдым. Жақсылықты көруге асықтық. Бәрінен бұнын, «Ақ босға» бағдарламасына түсетініміз біз үшін үлкен ұаныш болды. Алдын-ала құлақтанған соң, «қонақкәде» үетінде қатысатын балаларға ақын аナンЫҢ өлеңдерін бөліп еріл жаттатып қойдым.



Белгіленген уақытта қалың көпшілік аудандық Мәдениет үйіне жиналды. Жоғары қабаттағы үлкен фойеде зәулім, ақшаңқай алты қанатты киіз үй құрылған. Іші-сырты бірдей, көздің жауын алады. Бала түгілі, нағыз киіз үйді өзімнің де алғаш көргенім.

Өнерсүйер аудан жүртшылығы, облыстан келген қонақтар Дәмелі Құсайынқызын ортаға алып, киіз үй алдында лента қию рәсімін орындаған соң ішке енді. Көппен бірге менің оқушыларым да киіз үй ішінен орын алып, өнегелі де мазмұнды, әсерлі әңгімелер тыңдады. Беркина Ж., Мұқашев Н., Асаубаева Ж., Молдагереева С., Жұмашева С, Калиева Ж. сияқты шәкірттерім ақын ананың «Әке» атты жыр жинағынан «Құтты болсын қадамың», «Ана тілін жасама аяқасты», «Мұхтар ата - мәңгілік бағдарлама», «Оқу керек» өлеңдерін нақышына келтіре оқып бергенде Дәмелі апай ақбатасын беріп, ризашылығын білдірді.

Сол кездесу, әсіресе, облыс орталығынан келген белгілі тележурналист, ақын, бүгін арамызда жоқ Ботагөз Баймұқанқызымен болған жылы сұхбат балалардың жүргіндегі мәңгігө қалып қойды...

Міне соған куә – қолымда Дәмелі Құсайынқызының «Әке» кітабы. Алғашқы бетінде осы бір қимас адамның, ел еркесі болған қырмызы гүлдің алғашқы да соңғы жазып кеткен қолтаңбасы: **«Қамажай! Ұстаздық еңбегініз жансын! Бұгінгі «Ақ босаға» авторлық программаның ажарын аштыңыз, балаларға раҳмет. Ақсай «Ақ босаға» хабары. Ботагөз Баймұханқызы. 05.02.04».**

...Иә, уақыт жүйрік! Бұл күнде «Әке» жинағынан соң «Мұра», «Өнер өрге өрлетеді» кітаптарын жарыққа шығарған Дәмелі Құсайынқызының халыққа сінірген еңбегі ұшан-теніз.

Сағалтын болмасам да,

Алтынның сынығымын,

Сарайтын анда-санда,

Даланың бұлбұлымын, - деп өзі айтқандай, саусағына кие қонған, қайсар жүректі батыр ана, ақын ана бүгінгі үрпаққа үлгі болар жігерлі жандеп есептеймін.

**Қ.Ж. НУГМАНОВА,  
Ақсай қаласы, №3 орта мектеп мұғалімі.**

## ӨНЕР ҚАЙРАТКЕРІ

Дәмелі апайды жетпістен асты деп айту қын. «Алтын алқа» иегері екенін естігенде, тіпті таңғаласыз. Әңгімесі жүйелі. Қырық жылдық өнер жолы жөніндегі мұрагатты да шүкіят жинаған. Бөрлі ауданының қоғамдық істерінен де сыртқалмайды. Белсенді. Ширақ.

Ісмер апайдың Ақсай қаласында тұрып жатқан екі бөлмелі пәтері кірсе шыққысыз. Жетінші қабаттағы жайлы пәтер емес, жайлаудағы ақ боз үйге келгендей боласыз.

Құрақ көрпе. Тұскиіз. Қазақы ою. Қанық түстер. Домбыра.

Дәмелі апайдың атақ-данқы киіз үйдің іші-сыртын қазақы ою-өрнекпен әдіптеген әсем туындыларымен шыққан. Осы өнері арқасында Мәскеу мен Алматыны да көріп, талай-талай танымал тұлғалармен табақтас, дастархандас болғанын жақтаныш етеді. Бірақ бұл өнердің қаншалықты қын екенін екінің бірі біле бермейді. Мысалы, алты қанат үйдің іші-сыртын қаптайтын оюлы жабдықты тігіп шығу үшін кемінде бір-екі жыл уақыт керек екен. Бұған кететін мата, әдіп, жіп сөкілді материалды қоспағанда, төгілген тер, кеміген көз майының есебін апайдың өзі ғана біледі.

Қолөнермен айналысқан адамның ойы жүйрік болатыны ақиқат. Алайда оңашада мазалаған ойларын шумақ-шумақ жыр, әдемі әңгіме етіп жазып тастауға құмарлығы да осыдан шыгар. «Ою ойғанда матадан қалдық қалмауы тиіс. Оюдың екі бөлегі де қадеге асады. Қалдық қалдырған тігінші – нағыз ісмер емес» деген қағиданы ұстанатын Дәмелі апай жазған дүниелерін де жинақтап, өмірбаяндық естеліктермен қосып, ал-әдемі үш кітап шығарыпты. Тарапымы өте аз (бар-жоғы 500 данадан) болса да, түрлі-түсті суреттермен, тарихи ұжаттармен бұл кесіптің соңына түсуге үгіттеген жоқпын, - деп ағынан жарылады Дәмелі апа. – Мен туралы естіп, үренуге келген бірен-саран қыз-келіншек болған еді, олар әкепке шыдамай кетіп қалды.

- Аты да, табиғаты да түрлі бояуға тұнып тұрған Жосалы өнірінде өсіп-өнген апай ұзак жыл Аралтөбе ауылындағы орта мектепте еңбек сабағын, қолөнер үйірмесін жүргізген. Қырық жылғы серігі – көнетоз тігін машинасын қайда барса да, естелік деректермен толықтырылған дүниенің баспаханалық сапасы да өте жоғары екен.

- Бұл кітаптарды өзімнің қолөнеріммен тапқан қаражатқа шығардым. Ресейдің Орынбор қаласында тұратын Қадиша Керейқызы көп көмектесті, - дейді апай ризашылықпен. Дәмелі апайдың «Менің қолөнер шеберлігім туралы көп айтылып, жазылып жүр ғой. Сондықтан осы ақындығым, сөз өнеріне жақындығым туралы айтыңқырасаңыз екен» деген өтінішін орындалап, төменде бір өлеңін қоса жариялады.

Апайдың қоғамдық істерге де белсене қатысып жүргенін жоғарыда айттық. Наурыз сайын қазақы үй тігіп, іші-сыртын жабдықтайды. Апайдың қолынан шыққан өлмес мұралардың, ол туралы бейнебаян деректердің Астанадағы Президенттік мәдениет орталығына, басқа да мұражайларға қабылданғаны туралы құжаттар апайдың сандығында сақтаулы. «Менің мақсатым – халқымыздың өнері іс-түзсіз жоғалып кетпесе екен, кейінгі үрпаққа мұра болып қалса екен» дейді Дәмелі апа.

Қазбек ҚҰТТЫМҰРАТҰЛЫ,  
29 қаңтар 2009 жыл

## **ЕЛБАСЫНА КИІЗ ҮЙ СЫЙЛАҒАН ДӘМЕЛІ**

Жұырда Қ. Өмірәлиев атындағы орталық кітапхана қызметкерлерінің шақыруымен сонау Оралдан әрі үстаз, әрі ақын, әрі шебер, батыр ана Дәмелі Құсайынқызы келіп, оқырмандармен кездесу өткізді. Дәмелі апай ақын Сара, күші Дина апаларымыздың жолын жалғастыруыш ретінде республика көлеміндегі танылған, езіндік орны бар асыл жан.

*Өнерімді жүргем жоқ аяп қалып,*

*30 жыл намысымды таяқтадым.*

*Мұғалім, тәрбиеші болып жүріп,*

Жұмысты үстаздықпен аяқтадым, - деген жыр жолдарынан-ақ бейнесін көруге болады. Бар дауысымен «Думанды өмірден сыйбағанды ал, келешек үрпаққа ізінді қалдырып, адамдық атыңа кір келтірме, жер беті деген сарайға ескерткіш кірпішінді қала» деуден жалықпады.

Батыр ана, зейнеткерлікке шықкан соң да қарап отырмай, қазақтық ұлттық өрнектерін нақышына келтіре әрлеп, барлық салтанатқа сай етіп, 5 киіз үй тігілті. Оның бірін Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевқа тарту еткен.

Оралдақ апамыздың термесін ауданымыздың әншісі Елікбай Төлепов келістіре орындаса, жырларын Жиенқұл Сәрсен мен Нагима Нышанбаевалар жатқа айтты. Оқырмандардың сұрақтарына жауап берді. Кенесу өсерлі өтті.

**Маржан ОСПАНОВА,  
Оңтүстік Қазақстан.**

Дәмелі апаның «Өнер өрге өрлетеңді» кітабын басшылық қаалып, Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданына қарасты ы. Алтынсарин атындағы мектеп жаңындағы интернаттың «Қолөнер» үйірмесі нәтижелі жұмыс жүргізуде. Үйірме жетекшісі Қүзенбаева Қалдығул апай кітаптағы сызба кестелерді көрнекілік ретінде пайдаланса, «Шебер қолдар» үйірмесіне құрақтың түрлерімен, киіз үй жабдықтарымен таныстыруда көп көдеге жараттық. Дәмелі апана алғыстан басқа айттарымыз жоқ, жастарға Дәмелі апаның қажыр-қайратын, тынымсыз еңбегін берсін деп тілек білдіргім келеді.

**Ұлжалғас МАХМЕТБАЙ,  
интернат менгерушісі.**

## **АЛЫНБАҒАН АТАҚ**

Тірлікте мен – көрнекі құралдаймын,  
Халқымның хас өнерін, ұрандаймын.  
Шыңғырған шындық күтіп келем әлі,  
Жүрген соң жаңым жылап, жұбанбаймын.

Қоғамдық жұмыстан бір қалғаным жоқ,  
Ешкімді жамандауға барғаным жоқ.  
Ұлтымның өнерінің сырын ұғып,  
Басшылар бағаласа, арманым жоқ.

Қайрадым нағызынды, қалғымадым,  
Оқырман өзің түсін арғы жағын.  
Өтеуі өнерімнің – жалғыз атақ,  
Өлгенде бере ме деп таң қыламын.

Жан кетіп, жұмған кезде жанарымды,  
Жер асты берген кезде хабарымды.  
«Мәдениет қайраткері» деген атты  
Сеземін түбінде бір аларымды.

Өзіне өзі атақ берді деме,  
Атағын аларына сенді деме.  
Шәмші мен Мұқағали ағаларға  
Атакты өлгеннен соң берді неге?..

***Дәмелі Құсайынқызы***



## ПЕРЕГУДОВ Олег Алексеевич - директор ТОО «Телестудия «Караганак»:

Еще в семидесятых годах Дамиля изготовила свой первый текемет. Перебирала шерсть, красила её в разные цвета. Под ее руками на кошме расцветали дивные узоры. Причем с двух сторон ни один из орнаментов ни

разу не повторялся. С тех пор это стало правилом ее работы

- Творчество Дамили Кусаинкызы вызывает искреннее восхищение. Это яркий пример народного творчества. Когда смотришь со вкусом подобранную цветовую гамму, сочетающуюся с великолепным орнаментом, то ощущаешь гармонию истинного произведения искусства. В оформлении юрты ощущаются идущие из веков традиции казахского народа в их современной интерпретации. С самой ранней юности Дамиля пишет стихи. Все чаще она пишет не о том, как живет человек, а для чего. Смысл бытия, самопожертвование, готовность всего себя отдать людям, умение ценить простые радости отражают ее стихи.

## НЕПОВТОРИМЫЙ МИР ОРНАМЕНТА

Мое знакомство с Дамели Кусаинкызы началось несколько лет назад с удивительно красиво оформленной юрты, автором оформления которой, как оказалось, была эта неутомимая женщина с золотыми руками. Богатое внутреннее убранство универсального жилища степняков невольно привлекало внимание - каждая деталь в декоративном украшении свидетельствовала о продуманном использовании приемов народного прикладного искусства, интерьер юрты полностью передавал лучшие народные тради-

ции, о которых так важно знать сегодняшним подросткам. Сама Дамели-апа с большим удовольствием рассказывает о том, как именно выполняется та или иная работа, для чего служат эти вещи, какой материал для изготовления потребуется, то есть, по сути, мастерица хранит и передает бесценное наследие прошлых далеких лет, многое из которого незаслуженно забыто и утрачено.

Неповторимый мир орнамента, оригинального выбора цветов и огромных кропотливых усилий, затраченных на воплощение замысла неравнодушного к вечным ценностям человека – такое впечатление остается у любого, кто хотя бы однажды имел возможность оценить творчество Дамели Кусайнкызы.

Позже наше общение продолжится, в редакции появятся книги Дамели Кусайнкызы, в которых она собирает отзывы читателей и публикует свои стихотворения. Невольно поражаешься, глядя на то, как много и неустанно продолжает делать для нас эта женщина в почтенном возрасте, не желающая оставаться в стороне от воспитания молодежи и участия в большом деле по сохранению традиций и обычаяев родного народа. Ее выступления во время многих и многих мероприятий различного уровня – это переживание за решение общественных проблем, это мудрые советы и рекомендации, это рассказы об интересных встречах с известными поэтами и знаменитыми людьми. А еще сил и времени у Дамели –апы хватает на то, чтобы откликаться на любые просьбы местных журналистов об интервью и комментариях, чтобы заниматься сбором видеоархива о значимых культурных мероприятиях в жизни ЗКО и страны, охотно делиться этими «сокровищами» с нами, по крупицам собирать материал для новой книги. В свои 70 с небольшим эта женщина полна творческих замыслов и энергии, хочется пожелать ей здоровья и выразить благодарность за труд, который сложно переоценить.

**Оксана НАУРУЗОВА,  
главный редактор телестудии «Караганак»**

## ТАҒЛЫМ

### *Қадыр ұстаган қаламсалты сыйлады*

Бірін оқып, біреуіне ауыстым,  
Жырларыңың көбін оқып тауыстым.  
Сен ұстаган қаламыңмен, ағатай,  
Сенің қырқың болған күні қауыштым.

Аға, сізге ризамын молынан.  
Аттамапсың уәде еткен жолыңнан.  
Қаламыңды алдым, аға, елінде.  
Кенже балаң Ғазезжанның қолынан!

Бұл Дәмелі Құсайынқызының қазақтың ақыық ақыны Қадыр Мырза Әлі ағамызға арнаған өлең жолдарынан үзінді. Ардақты ағаның берік уәдесі, қарындастың қимастығы, сағыныштың куәсі. Құдды Құрманғазы атамыздың Дина қарындасына «Халыққа жеткіз күйімді» деп домбырасын аманат еткен сәтін елестетіп, Мұқаңның Фариза қарындасына өлең арқылы сыр шертіп, мұн шаққанын еске түсіреді.

Жуырда қазақтың талантты ұл-қыздарының арасындағы тағы бір сыйластық тағылымның куәсі болдық. Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, Жосалы ауылында 1938 жылы дүниеге келген Дәмелі Құсайынқызы жастайынан өлең жазып, қолөнермен айналысумен қатар қоғамдық жұмысқа белсене араласты. 20 жасынан өлең жазған апаның «Әке», «Мұра», «Өнер», «Өнер өрге өрлетеді», «Із» атты кітаптарды жарық көріп, бірнеше өлеңдеріне саз жазылған. Ақындықпен қатар ісмерлігімен танымал Дәмелі апа «Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі», «Халық қолөнершілер одағының мүшесі», айтулы айтыскер ақын М. Ко-сымбаевтың өкіл апасы Дәмелі Құсайынқызы жуырда Мэлсін ертіп, Ақшұқыр ауылындағы М. Әбдіхалықов мектебіне атбасын тіреді. Максаты Қадыр ағаның өзіне аманат еткен қаламын осы мектепте оқитын немересі Камилаға табыстау еді. Мектеп мұғалімдері А. Қопашова, Ж. Қаражанова, Ш. Көшербаева оқушыларды қонақтың өмір жолымен шығармаларымен таныстырса, оқушылар апаның өлеңдерін нақышына келтіре оқыды. Ал Дәмелі ана қасына еріп келген

ақын інісіне ризашылығын білдіріп, «Төкпе ақын» деген өлеңін оқып берді. Арқалы ақын Мэлс домбырасын қолына алғып, Ақшұқыр халқына сол жерде жүректен шыққан өзарнауын төкпектетті.

Теледидардан көріп, сырттай билетін ағаның сөздің әрі мен теңеуін аса мән бере әсерлі сөйлейтін ала дүрсін шешендігін, өткірлігі мен қабілетін, окушылардың сұрақтарына әзіл-шыны аралас жауап қайырған қарапайымдылығын көзбен көріп, таңқалдым.

Кештің мазмұнды тұсы Мэлс ағаның кішкентай Камилаға Қадыр Мырза Әлінің қаламын табыстағаны еді. Дәмелі апа ардақты ақынның қаламын немересіне табыстағанда төбесі көкке жеткендей болды. Аналық тілегі мен әжелік ықыласын білдіріп, немересіне тілегін арнады. Ал кішкентай Камила болса әжесіне арнап «Ақ әжем» - атты өлеңін оқыды. Қанатын кеңге жайып, жақсы мен жайсанға қоныс болған Ақшұқырға ынтызарлық танытып көшіп келушілер көп. Олардың бірі – Дәмелі аpanың ұлы Нұрлан Қажғалиев. Еңбекқор жігіт ауылымыздағы жаңадан бой көтерген ғимараттар мен бюджеттік қызметкерлерге берілген үйлердің мердігери, «М. Әбдіхалықов» - мектебінде үйымдастырылатын қамқорлық акцияларына қол ұшын беріп жүрген ата-аналар комитетінің төрағасы. Немерелері Алина мен Камила мектеп мақтаныштары. Саналы ұрпак тәрбиелеп, өнердің құдіретін таныған Дәмелі аpanың қуанышында шек жок. Нұрланының үй жанынан салған жылышайын аралатып, көкөністермен таныстырып жүріп біраз тағылымды әңгімелер айтты. «Қай істе болсын еңбекқорлық керек қыздарым, мақсат қоя білу де өнер» деген ол, «Қандай іс бастаса да балаларыма ақылымды айттып, жол сілтеп отырамын. Мынау көкөністерді әрқайсысына әртүрлі күтім-бал керек, сондықтан қай нәрсені де аса зейінмен жасау керек» деді. Әрбір әңгімесінен бізге мағыналы өмір сүріп, ұлағатты шәкірт, тәрбиелі ұл-қызы тәрбиелеуге ой салып тұрғанын үғынған мен әсерлене түстім. Тағылымды аpanың қасында бола түскім келді.

Үміт НҰРМҰХАНҚЫЗЫ,  
Ақшұқыр ауылы, Маңғыстау, 26 мамыр 2011 жыл

НАМЫС

Жетпіс бес жастағы әжемін. Осы жасқа келгенше жүрген ортамда қоғамдық жұмысқа белсене араласып, көрнекті талай істерді халыққа ұсынғаным өз алдына, бес киіз үйдің шыныбырын оюлап тігіп, осымен жетінші кітабымды халқыма ұсынбақпым. 1990 жылғы, 1992 жылғы Москва, Алматыға аласып халқыма ұсынған киіз үйдің авторы болғандықтан, осы киіз үйлерді тіккен мені журналистер мен телевидение жазып, жарнамалап келе жатқанымен осы дүниелердің жарыққа қалай шыққаны, оны қалай, қайда пайдаланылғаны жөнінде толық білетін куәгерлер жұмған аузын ашқан емес. Егер өзім көзімнің тірісінде талай бейнетін көрген ісімнің ұындығы мен қызығын қалай көргенімді жазып кітапқа түсірмесем, ертеңгі болашаққа әркім әртүрлі: біреулер асыра мактап, біреулер жеткізе алмай әуре болатынын болжап жазып, дәлелдерді іспен өз қолымнан тігіп, тоқыл деген сияқты көрнекті құралдармен халықтың алдына шығуым менің намысшылдығым. Жасаған жұмыстарым көрнекі құрал ретінде талай халыққа ұсынылып отырды. 1972 жылы Алматыға жіберілген екі бетті бірдей оюланған текеметтерімнен бастап істеп келе жатқан ашы еңбегімді ешкімнің талсыруымен емес, өзімнің ішкі идеям екендігін дәлелдеу үшін күні бүгінге дейін тыным тапқан емеспін.

Бұл ісім бірінші халықтың игілігі, екінші үрпаққа өте қажет. Осы күрделі жұмыстарымның демеушісі менің он саусағым. Жауап берініздерші, қай әже тегін іс істеп халыққа ұсынып жур. Керек десеніз жазған кітаптарымды сатуға үялам да, жөбін тегін таратам. Бірақ, мені ешкім сен солай ет деп шіттеген емес. Өйткені, біз қазіргі үлкендердің соңымыз. Үрпақ әр ғасырда жаңарып отыратынын ескерсек, мен ұсынып отырған қол өнерімді артық деп ойламаймын. Жазған әр кітабыма куәгер адамдардың пікірін қосып отырған болсам, олардың да үрпақтарға елеулі еңбек етіп жүргендерін дәлелдеу.

Шамам жеткенше сол өнерге жанашыр жандарды да тарихқа жеткізу мақсатында суреттері мен лебіздерін кітапқа кіргізіп отырдым. Мысалы осы «Тұлғалар» деген кітабыма «Қазақстан әйелдері», журналының редакторы жазушы-драматург, саясаткер Алтыншаш Жағановадан бастап кіргізген адамдарымның бәрі де өз заманында аяқтарынан тік тұрып қоғам қайраткерлері болған адамдар. Алған марапаттарын білмесемде, талай марапатқа ие болуға тиісті азамат-азаматшалар, нанбасаңыз лебіздерін оқып қараңыздар дер едім. Қандай адамдар екендіктерін өнер жайлы жазған парасаттарынан көрініп тұр. Астана, Алматы, Ақтау, Атырау, Оңтүстік Қазақстаннан, Қазғұрт ауданы, Орал, Ақсай, Сырым елі мұражайларына тапсырылып жатқан кітаптар мен кассета дискілер ертең үрпақтардың қажетіне жаратсын деген ниетлен тапсырылып отыр. Өйткені, үрпақ бәрімізге ортақ, ал қалдырылып отырған жәдігерлер кейінгіге қалдырып отырған қазынамыз деп ойлаған жөн.

«Қазақстан әйелдері», «Мәдениет және тұрмыс» (қазір «Парасат» деп аталады) менің жарты ғасырдан астам ақылшы жанашырларым. Қазіргі жастар тіл қазынасының қызығына, түсіп құндылығын алып қалу үшін газет, журнал, кітапқа мойын бұрулары өте қажет. Рухани қазына сенің жиған терген байлығынды орап кетеді. Менің жан ашырларым рухани байлықтарым. Менің талай замандастарым көзі ашық, көкіректері ояу болса үлкен қателіктерге жол берілмеген болар еді, әлі де кеш емес, Егемендігіміз бен ұлан байтақ жерімізді қорғап, аялау еңбектеген баладан бастап еңкейген көріге дейін міндетті дер едім. Намысты ел болу, адам болу құнды қасиет дер едім.

**Дәмелі Құсайынқызы**  
**19.02.1913 жыл**

Исх.№ 192  
от 1/11-72 г.

## Құрметті Дәмелі апай!

- деген хаттың мазмұнына тоқталсақ, 1971 жылы газете республикалық музей ашылмақшы, соған халықтың қолында жүрген көне мұраларды сол мұражайға жіберуін өтініп хабарландыру шықты.

Осы жылы “Мәдениет және тұрмыс” немесе “Қазақстан әйелдері” журналының біріне екі текеметтің үлгісін (оюлап) салып жібергенмін. Эксперттік комиссия «сіздің жіберген қол өнерінің ұнады, осындай текемет басып жіберуге көмектесуінізді өтінеміз» деп совхоз директорының атына хат жіберген. Совхоз директоры Қабышев Сади ағай, бухгалтері Рахимов Орынтай деген ағай болды.

Осы хатты алысымен Орынтай ағай ешқандай құжатсыз маған 150 сом ақша берді. Мен ол 150 сомға қолдан 30 кг жүн сатып алғып, қыс бойы осы жұнді он бармағымның арасынан өткізіп, майдалап түтіп, үштің бірін түрлі түсті бояумен бояп, жаз шыққасын бастырып, астанамыз Алматыға жібердім. Кешігіңкіреп барып, осы документте көрсетілген музейге түсіп, маған “Құрметті Дәмелі апай”- деген мазмұнда хат келді. Кейін «екі текеметке бірі 120, екіншісі 130 сомға бағаладық» деген хатымен документін (№147, 148 акт) алғып, соған риза болдым. Сонда менің 30 кг жұнді дүние қылышын шығарғаным, жұннің 150 сомын шығарып тастағанда 100 сомға бағаланып тұрғой. Риза болғаным менің қолтаңбам мұражайға қалдырылды. Екі текеметтің екі бетіне де ою салдым. Біреуіне “В.И. Ленин - 100 жаста” екіншісіне «Қазақ ССР - 50 жыл» деп жаздым. Хатты маған жіберген Стыбаева Тамара ханым.

Құрметті музейдің ғылыми қызметкері Егиманов деп қол қойған. Соңында 2.11.1972 жыл деген.

14.12.2004 жыл.

## ТАҒЫЛЫМДЫ ТУЫНДЫ

Соғыстан бұрын өмірге келген үрпақпаз. Мектепке кеш барсақта, оқуға өте-мөте ынталы едік. «Кеш барсақта» деуіміздің де мәні бар. Сол жылдары бірінші класқа барған оқушылардың жасы біркелкі болған жоқ. Арамызда сегіз және он жаста болғандар да кездесті. Бірақ бәріміз де кітаптан бас алмай оқитын едік.

Әсіресе, замандастарымыз әдеби кітап оқуға өте құштар еді. Қазақтың бүкіл сөз байлығы әдеби кітап арқылы санамызға жететін еді. Сондықтан әдеби кітаптар мен газет-журналдарды өмірімізге арқау етіп, рухани сусындал өстік деп сеніммен айта аламыз. Қазір де сол бағытымыздан айныр жайымыз жоқ.

Қазір егеменді ел болғалы осы заманға лайық кітап бар ма? Бар еken, оған жақында көзім жетті. Ақсай қаласының кітапханасынан жерлесіміз, журналист Орынбай Жәкібаевтың «Азаттық» атты кітабының үш томын да алып, оқып шықтым. Шынымды айтсам, осы түнніде мені қатты қызықтыруды. Әйткені жазушы кейіпкерді оқиғаға қатыстыра отырып, оқырманды бәріне сендіре жазады еken. Кәдімгідей үлттық намысынды қайрайды. Қалың оқырманға қоса, үлкенді-кішілі лауазым иелеріне сабак алатындаидай, көзбен көріп, қолмен ұстатқандай етіп баяндалады. Осы деректі кітапта аты-жөні тілге тиек болған 113 қандасымыздың парасаттылығы, ұстамдылығы, қайсарлығы, тапқырлығы арқылы ешқандай қару қолданбай-ақ, намысымызды аяққа таптатпағаны еріксіз риза қыладады. Кейбір жерінде толқып, көзіне жас алғызады. Расында да, мен 1991 жылы өткен Оралдағы қыркүйек оқиғасы жөнінде көп білмейді екенмін.

Ардагер журналист Орынбай Жәкібаевқа алдағы уақытта да жемісті еңбек тілеймін.

Дәмелі Құсайынқызы.

## **Жанұя бүтіндігі – қоғамдағы басты мәселе**

Соғыстың аржағындағы өмірімді айтып бере алмаймын. Өйткені 3-4 жасар едім. Есіме көмескі бірдемелер түседі. Соғыстан кейінгі өмірінен балалық шағымның ең ыстық күндері есіме оралады. Қуыршақ ойнау мен үшін үлкен сабак болған секілді. Өйткені, ол кезде әкелеріміз соғыста, аналарымыз күндіз-түні мал соңында. Менің сағынышты күндерім есім кетіп қуыршақ ойнау. Ол кезде кәзіргідей әзір қуыршақ жоқ. Білегіміздің ұзындығындағы ағаш тапсақ соны киіндереміз де, бөле жасап ойнаймыз. Киімді ескі-құсқы мата-жыртындыдан қолдан көйлек тігіп, қуыршақты тұтас киіндереміз. Осы кезде оның басына көпшік тігуге тура келеді. Ине ұстай сол кезден басталды. Қуыршаққа төсеніш көрпе, жамылғы көрпе, іш киім, басына кестеленген косынка тігеміз. Бұл іс үйренудің алғашқы шарты екен ғой, ойлап отырсам. А нам сауыншы болды. Ол кезде кәзіргідей әзір жіп атымен болмайды. Бұзауларға бас жілті аналарымыз қолмен есіп отырады. Жұнді кәзіргідей ысырап қылмайды, Жіп есуді сол кезден бастап үйреніппіз ғой. Бірен-саран аталар етік жамайды, етік тігеді. Етік тігетін мықты жілті қазір «маталыжка» деп аталатын сирақтан шикілей сінірін бөліп алып, оны кептіріп талдап, жіңішке жіп еседі. Оны тарамыс деп атаймыз. Етікті мықты болсын деп сол тарамыспен тігеді. Желімді бұзаудың терісінен қайнатып қолдан жасап пайдаланады. Ал біздің көпшіктің арасына салатын жұніміз сиырдың жұні. Сиырдың жұні жазғытурым түлеген кезде үстіндегі жұнді алу өте оңай болады. Одан доп жасап алып, қашла доп ойнайтынбыз. Ағаш табу қын болғандықтан малға салған шөптің арасымен ілесіп келген тобылғы секілді (тобылғы далада өсетін сырты қызыл жуан өсімдік) жуандай шөптен ұршыққа сап, қаламсап, секілді керек затымызды қолдан жасап аламыз. Міне, пышақ ұстаяға да осылай үйрендік. Ол кезде оқу қуралы өте қат. Қаламұшты жаңағы тобылғының жіңішкелеу жерінен жасап алған жуан шөпке жілпен байлап қаламсап жасап аламыз.

Міне, біз мұқтажымыздың бәрін осылай қолдан жасап алып, іс, жұмыс дегеннің не екенін бала кезімізден үйрене бастадық. Он жас аралығында сауыншылардың балалары-қыздары осылай өмір сүрдік. Мектепке таң қараңғысында кетіп, тұс қайта фермаға ораламыз. Ол кезде қазіргідей сабак арасында тамақ беру жоқ. Өзегіміз талып үйге әрең жетеміз. Ішетін тамағымыз сүт, айран, сүттен жасалған тамақтар, ірімшік-құрт деп аталады. Нанды сирек жейміз. Міне сөйтіп жүріп балалық шағымызды өткізіп алдық. Бой жетіп келеміз. Құлағымызға «қызыға қырық үйден тыйым» деген сөз сіңіп қалғаны сонша, бірге ойнап жүрген ер балалармен жақындастып, сырласып, достасуға ер балалардың өсегіне қалмау үшін, қыздар өздерімізді өте сақ ұстаймыз. Сөйтіп, енді бой жетіп қалғандарымыз, оқуға түсе алмайтынымыз тұрмысқа шығып кетеміз. Таза-пәк қүйімізде тұрмысқа шығып аламыз. Көбіне бес-алты жас үлкендігі бар жігіттер сөз салатын. Жігітпен ұзак жүру - көзге тусу деген сөз. Сөз салады. Құда түседі, барлығы бір-екі айда келін болып шыға келеміз.

Енді қыын өмір басталды дей беріңіз. Үйдегідей бостандықты тек аңсайсың. Өйткені, ортаңызда, барған үйінізде, барған кезде жат көрінеді. Бірақ, төзуді құлағымызға құйып өстік. «Барған жерге тастай бат, судай сің»- дейді. Оған көнуің керек, көнбесең шаңырағың шайқалады. Ол кезде шаңырақты шайқап ажырасу мүлде дерлік болмайтын. Келін болудың қыындығына төзе білсең сенен мықты жар шығады. Өмірге сәби келе бастаған кезде келіннің жауапкершілігі арта бастайды. Енен, қайның, қайны сіңлің болса, бәрінің көңілін табуға тырысасың. Жарыңың қас-қабағына қарап, оның көңілінен шығуға тырысасың, ұрыс-керіс болдырмау үшін ененің ақылына жүгінесің. Тәртіп: ол кезде сәбиді емізіп отырғанда омырауынды жауып отыруың керек.

Емшекті «кеуде» деп атайды. Бала қырқынан шыққанша жас жұбайлар төсектес болмау керек. Қырқын сақтаудың мәнісі, жас келіншектердің құлағына кексе әйел болғанша тәртіп бойынша сіңіре беретін, себебі ол кезде он, одан да көп бала әкелу шектелмейтін. Балаларды қалай бағамыз,

алай өсіреміз деп ойланбайтынбыз. Сонда, бұл жердегі ескі тәртіптің тәлімдік мәнісі зор екен ғой. Енелеріміз келін түсер кеаде «Адал сүт емгенге тап қыла гөр»- деп тілейтіні сол ырқын сақтаудан алынған болса керек. Он жасқа дейін ине үстап, жілтен түрлі тоқыма тоқып үйреніп алғаным мұндай жақсы болар ма. Өмірге керекті заттарды өзім істеп аламын да мұқтаждыққа көп ұрынғаным жоқ. Үй ішінен кіrbің шықса көрші көлемге айтып, мұн шағудың еш пайдасы болмайды. Өйткені, өзіңнің беделің түседі. Ал жарынның қандай қылышы болса да, оны ешкімге айтып жатудың қажеті жоқ. Қандай адам болса да мінсіз болмайды. Сөйтіп, оның жіберген жетеліктерін тере беріп, бетіне басқан әйел оған онды жар бола алмайды. Ері әйелін қызғанса, оны көрші көлемге, не колективке айтудың қажеті жоқ.

Құс екеш құс та, мысалы, ата қазды алайық. Қасынан өтіп бара жатсан ысқырып ана қазбен балапандарын қорғайды. Сондықтан, ол азаматтың орынды қызғанышын кешіре білу керек. Ерім қызғаншақ деп айырылып кетудің зардабын алдымен балаларың, сонынан және өмірде жындықты кезінде ақылмен жеңе алмаған әйел адам тартады. Ондай жағдай өмірде көптеп кездеседі. Көп әйел ерлерін кінәлауға әзір. Ол да адам. Оған әйел жүрегінің жылылығы ауадай қажет. Ал әйел оның жан дүниесін түсініп, балаларының әкесін бағалауды ұлына, қызына өзінің табандылығы арқылы тәрбие беруге тиіс. Сөйткенде ғана жануя беріктігін қорғай алады. Заман өзгермейді, адам өзгереді. Барышылық пен молшылық, рухани тайыздық, міне, осылар адам өмірінің быт-шытын шағарады.

Менің айтпағым әйелдерге көп мәселе тіреледі. Аналар әрілды болса, қоғамда онша зардап шекпейді. Эр ана тек өзінің қамын ойлағанша болашақтың қамын ойлау керек. Қазіргі қыз-келіншектердің омырауын ашып жібергендері мені ұялтып жүрген жағдай. Омырау (емшек) киелі мүше. Ол өмірге келіп жатқан талай ғалымдардың, жақсылардың аданың ақ сүтінен ауызданатын киелі мүше болғандықтан ешкімнің көзіне түсе бермеуі керек.

Тіке жүргенде кеуденің жырмашы көзге түсіп тұrsa еңкейгенде салақтап қос анардың көрініп қалуы өте-мөтө бетіннен от шығаратын қылыш. Сенің алдыңа атаң, әкен, бауырларың, шақырған қонақтардың отыратынан ескеру керек. Бұл менің барлық әйел затына айтпағым. Бұны тіпті осы қыздың, барлық бауырлары қатаң қадағалау керек. Өйткені, осы тәрбиесіздіктің бір ұшы бәріне де ортақ. Отбасының ойрандалмауына тікелей қатысты жағдай бүтін халқымызға ортақ мәселе. Ал ер адамдар мен сіздерді біраз арашалағаныммен, сіздер жанұяңның мақтанышы болу-ларың керек. Әйелің ақылсызыдау болып кездессе, өз ақылыңызды оған өнеге етуге тырыс. Жұдышық ала жүгірсең өзінің беделінді түсіресің. Басқа көзден әйелінді сақтандыруды қас-қабағынан үйретуге тырыс. Сыйынды жұдышықпен кетірме.. Кітап, газет, журналдарды бос уақытыңды жіберіп алмай көп оқы. Сонда сен парасатты азаматқа айналасың. Жанұяңның азабын шекпейсің. Сенің өнегелі отағасы болуың міндетті. Оның бәрі тірнектеп жиған біліммен келеді. Адам өзін-өзі өмір-бойы тәрбиелеуі керек. Осындай азаматтары бар қоғам ешқашан азбайды. «Жанұя бүтіні қоғамдағы басты мәселе». Осы сынның бәрінен әр ата-ана сүрінбей өтсе ғана қоғам наданнан, жаманнан тазарады. Қоғамды таза ұсташа еңкейген көріден бастап есі кірген әр ұл-қыз бәріңіздің міндетіңіз, сонда ғана келін-баласың жамандайтын ата-ана азаяды. Қарттар үйінде, балалар үйінде жетімдер болмайды. Біздің арғы тегіміз ата-бабаларымыз даналығымен түрме салмаған, жесірін қаңғытпаған. Салт-дәстүрдің үйренетін, тәрбие алатын жақтары өте көп. Ата-бабаларымыз надан болмаған. Мақал-мәтел солардың бізге қалдырған қазынасы.

**Дәмелі Құсайынқызы  
20.02.2013 жыл.**

## Шешім қабылдау да ерлік

1996 жылы облыстың алыс-жақын аудандарынан жұмыс ідеушілер Ақсайға құйылып келіп жатыр. Ол кез күн көрістің ғындал жүрген тұсы болатын. Келген адамдар таныстарын жағалайды, әлдері келгені азын-шоғын жұмысқа жалданады. Зейнеткерлердің алатын ақшалары да 2-3 мың теңгенің төңірегінде. Бұрынырақ көшіп келіп орналасқан зейнеткерлердің үйіне де бірер күн қонуға-жұмыс талқанша тұратыруға үміттеніп келген жақындары немесе таныстары көп болып тұрған кез. Бұндай күндері аз ғана зейнет ақымен тырған зейнеткерлердің аздап жақсылық жасап жібергісі келсе де, қолдарынан ештеңе келмей беті күйген күндер болды.

Ондай жағдай менің де басымнан өткен. Бір күні жұмыстағы қызыым баласын үйге кілттеп кетіп жүргенін естіп, бізді балаға қарауға өтініш етуге бата алмағандықтан, қындық жөре бастағанын біліп, мен төртінші мөлтек ауданнан бесінші мөлтек ауданға таңғы жетіден тұрып барып, баланы қабылдап алып, қызыымды жұмысын алаңдамай жасауына мүмкіндік жасап, күнде таң қараңғысымен бесінші мөлтек ауданға кетіп барам. Тастан қараңғы, алдында бірдеме жыбырлап кетіп бара жатады. Еңкейіп қарасам құйттай бала. Ой, көке қайда барасың? №4 мектепке, қайдан келесің? Шаңқайдан. Осындай жағдай бірнеше рет қайталанғасын, ауданың білім беру бөлімінің менгерушісін сұрастырып барсам, Марат Жұмағұлов деген азамат екен. Элі бірімізді біріміз білмейтін кез. Ол жылы қабылдағасын келген жұмысымды, өз ойымды айтып түсіндірдім.

Ту Шаңқайдан қараңғыда мектепке қатынасып жүрген балаға жолда ит те, машина да кездесіп балаға қатер төнсе біз, не бетімізді айтамыз. Қатердің алдын алу, Шаңқай жақтан бастауыш класқа филиал ашуды ойластыруды өтіндім.

Бірден ата-аналардың атынан арыз жазып қалдырып кеттім. Көп кешікпей, филиал ашып, балаларды оқытып жатқанын естідім. Марқұм көп кешікпей одуниелік болдығой. Оның бер жағында жолдан өтіп бара жатқан оқушыны машина қағып кетті деген жағдайлар болып жатты. Талай ата-ананы қайғы-қасіреттен алдын алып құтқарған азаматқа жер-ана хабар айттар. Жатқан жері жайлы, иманы жолдас болғай дегім келеді. Осыған орай, қазір жағдайларын жақсартып алған кәсіпкер көптеп саналады. Солар мектеп салмай-ақ қойсын, оннан-мұннан көшіп келіп жатқан зейнеткерлер бас сұғатын қуыс үйымдастыруға жәрдемдессе еken, сауапқа қалар еді. Мәдениет үйіне қатынауға алыс, сол кітапхана ретінде бас сұғатын қуысқа газет-журнал қойса.

Бұрын жұмыс істеп қалған талай сабаздар қолдары алдарына сыймай отырғой. Өйткені, қарайтын малдары да жоқ. Ата-аналардың өмірден хабары болып отырғандары болашақ үрпаққа да жақсы болар едіғой.

Қазір Шаңқай үлкен ауыл болды. Ол жақта біршама зейнеткерлер бұндай жаңалық пен жақсылыққа шексіз қуанар еді. Тіпті мөлтек ауданда тұратын зейнеткерлердің осы 4-5 тоғыз қабатты үйдің астынан әр аулаға шағын бір бөлмені газет-журнал қойып берсе, бас сұғатын орнымыз бар деп мәз болар еді. Қазіргі заманда ауылдық жердегі адамдар қонақтықта бас қосады.

Ал ықшамаудандағылар темір есіктің ішінде телевизорге телміріп, түрік, корей киноларын қараймыз. Қазақ киноларын көп көрсетпейді. Сондықтан, осындай жағдайлар қолдан келетін және ең оңайлатылған мәселе деп ойлаймын. Ал, Шаңқайға 7, 11, 12 мөлтек аудандарға бір осындай жағдай туғызыса деген ойғой.

**Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ,  
ақын, зейнеткер 5.02.2013 жыл.**

## Өнер адамы - халықтың құлы

1998 жылды радиусы 16 метр киіз үйдің іші-сыртын оюлап, тіріл болғасын сол кездегі Орал телекомпаниясының директоры Шавхат Әтемісұлына қоңырау шалдым. Мақсатым осы киіз үйді Елбасына тарту ету. Ол кісі қазір халық сайлаған депутат ретінде Астанада парламентте қызметте. Бұл тілегім орындалмағасын, ол киіз үйімді Ақсай қаласындағы «Ақсайгазсервиске» сатып жібердім. Тұнып тұрған ою, матаға төгілген. Басымнан өткен азабым аз болған жоқ. Содан кейін, екінші киіз үйді қайта бастап кетіп, қолмен айналдыратын іс машинасымен, жылға жақын тігіп, енді тағы Елбасына жеткізгім келді. Тағы жеткізе алмай, соған қиналғаным шығар тамағымнан қылғынып қалдым. Бір айдай тұрып жүріп ауырып, ақыры ол кезде Ботагөз Баймұханқызы тірі, таңғы сағат алтыда сол қызға телефон шалдым. «Бота, мен олай-бұлай болып кетсем тігіп, әзірлеп отырған киіз үйімді жарыққа шығарарсың» деп. Телефоннан құлағым шалып қалды. «Өнер буып жүрген болды ғой»-деген сөзін. Бір-екі күннен кейін Ақсайға келіп, сол киіз үйімді құрғызып, телевизорға түсіріп кетті. Мен екі жылдай, жатып қалмағанмен, азап шегіп жүрдім. Келетінін телефонмен айтқанда «Апа тұр, қолыңа қалам, қайшынды ал да, іске кіріс деп». Түсіріп кеткесін қайта іске кірістім. Сол киіз үйімді Ерденбек Жылқайдаров республикалық экраннан көрсеткесін, ол киіз үйді «Шаңырақ» деп атадық, Елбасына арналған Женістің 60 жылдығына арнап тағы бір үй тіктім. Ақыр соңында Қадыр Мырза Әлінің 75 жылдық мерейтойында, Сырым Датұлы деп аталатын Жымпіты ауданында Мәдениет үйінің алдына киіз үй тігіп, сол үйдің есігіне лента байлап, жерлес ағамыздың қолына қайши беріп, лентаны қиғызып телевизорға түсірдік. Бұл тағы елеусіз қалған дүние болды. Мен киіз үйді жылдап тігем ғой. Оның үстіне, ол өнерімді тағы тегін тарту еттім. Ойым, ол кісі мұндай сыйлыққа тұрады. Және менің қолөнерім осы кісінің арқасында ғана, суретімен болса да үрпаққа жетеді деген ой еді.

Ол кісі осы құрметті көргеннен кейін көп кешікпей о дүниелік болып кетті. Қайтқанының бір жылдығына, екі жылдығына тым болмаса сол кісінің портретін сол үйдің төріне қойып, суретін ұрпаққа жеткізуге болатын еді гой. Өнер адамдары қолдаусыз ғұмыр кешсе өліп кетуі, басқа да қыындықтарға тап болуын Қадыр ағамыз өзінің 12 томында жазып, дәлелдеп кетті. Қазір, Шәмшіні, Мұқағалиды аспанға көтеріп жүр. Кезінде еленбекен және сонша азап шеккенін қазір тұс-тұстан жазып жүр гой. Өнер адамдары халықтың құлы десем, артық айтқаным емес. Оның азабы өз басымнан осылай өтіп, жалғасын тауып жатыр. Жазушы ма? Кітабын оқып рухани байлық жинаймыз. Сәулетші ме? Салған үйлеріне қарап таңдай қағамыз. Суретші ме? Салған суретіне қарап, жұмбағын шеше алмай дал боламыз. Әр өнер иесінің өзіне жетер азабы болады. Сахнаға шыққан әншінің де азабы жеткілікті.

Сол өнерінің кесірінен жанұяның қызығын көре алмайтындары да жеткілікті. Бұның бәрі дәлелденіп жатыр. Енді күннен, желден энергия алу жолында тер төгіп жүрген өнер-тапқыштар қосылып жатыр. Өнер адамдары өздерінің қалай ауыратынын тап басып айтып бере алмайды. Ол менің өзімің басымда бар. Тіпті қашып құтыла алмай журмін. Сонда да, олар ешкімді кінәлағысы келмейді. Бұл қасиетті де тәңірі соларға жүктеген.

Мұратбек Жоламановтың салған көзі шарасынан шығып бара жатқан "Ақбоз" атын өзіне теңегені, Сәкен Ғұмаровтың ешкім жұмбағын шеше алмайтын суреттері.

Өздерін мойындағатқан өнері, оларды жастарына жеткізбей қыршындарынан қиды емес пе? Айта берсең ондай дәлелдердің шеті-шегіне жете алмайсың. Жер бетінде адамдар қанша болса, ұлтына қарамай талай таланттар арттарына айтарлықтай із қалдырып мезгілсіз кетіп жатыр өмірден. Осының бәрі әр заманның, әр қоғамның ойланатын тақырыбы.

**Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ.**  
4.02.2013 жыл.

## Керемет естеліктер

Мен өз өміріме өте риза анамын. Ойлап отырсам, өнерлі он бармағымның арқасында біраз атақты ақын, жазушылармен бетпе-бет кездесіп, қолдасып, амандастып, кейбірімен бір дастарханда отырып, дәм татыпсын. Онда әлі Одактан бөліне қойғанымыз жоқ. 1992 жылы Сырым Дағұлының ғылыми конференциясы астанамыз Алматыда өткен болатын. Менің іші-сырты оюланған киіз үйім Мұхтар Әуезов атындағы драмтеатрдың алдына тігіліп, бес киіз үйдің бірі болып, сол үйдің жауапкершілігі менің мойнымда болған еді. Малынып ұлттық ақ көйлек, камзол, басымда өзім тіккен кимешек, осы үйдің нақ төріне өзім үй иесі болған мен, әже болғасын жайғасып алғанмын. Бір уақытта үйіміздің іші қонаққа тола бастады. Дастархан жайылып, алдымызға алдымен табақ-табақ жылқы еті тартылды. Нағыз төрінде Қәуken Кенжетаев (Базарбай - «Қыз Жібек» киносындағы Төлегеннің әкесі), Қадыр Мырза Әлі ағамыз, Иманғали Тасмағамбетов (осы жыынды басқарып үйымдастыруши, менімен иық тіресіп Төлеген-Құман отырып ет турады). Біраз атақты әртістер адамдар, біздің Оралдан Матжан Тілеужанов ағай болды. Ақұштап Бақтыгереева, Хамит Ерғалиев, Берқайыр Аманшиннің жары, тағы басқалар болды. Атырауда Нұрлан деген ұлым тұрғанда Илья Жақанов пен жары Тыныш, Ділдә Матайқызы (Иманғалидың анасы) екі немереме бата алайын деп үйге шақыргам, келіп, қонақ болып, бата беріп кетті. Әбіш Кекілбаевтың 70 жылдығында да ол кісінің батасын екі немереме алып қалдым. Қазір қазақша оқып жүрген немерелерім олардың көздері тірісінде көріп қалсын деген ой менің мақсатым. Бір жұма Москвада ВДНХ да тұрғанда да "Жылы буынмен" деп аталатын киноны қойған үйде қазақ апай, қызы, жиенімен тұрып жатыр екен, сол үйде қонақ болдық. Егер мен отбасынан ұзамай, надан қалсам, осындай кездесуге бара алмас едім.

Айтпағым бұның бәрі мен зейнеткерлікке шыққасын болған кездесулер. Кеуделерінде оты бар қыз-келіншектерге тек алдарыңда мақсат болса, сіздердің де өмірден түнілмей алға жылжи беріңдер дегім келеді.

